


**Учебно-методический комплекс**



**По модулю/дисциплине**  
**Казахский язык**

**Мамандық**            07210300 «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі»

**Специальность**    07210300 "Хлебопекарное, макаронное и кондитерское»

**Курс**    1

**Группа**    XII-21

Сағат/Количество часов    72

кредиттер саны/кредитов    3

**Преподаватель:** Бексултанова А.К.

## БӨЛІМ. ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ.

### СӨЗ МӘДЕНИЕТІ

Қолөнер және материалдық мәдениет



#### ТАҚЫРЫП 1.

#### ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҒЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛІ, МӘДЕНИЕТІ, САЛТ-ДӘСТҮРІ.

##### Бағалау критерийлері:

- 1) Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, көтерілген мәселеге баға береді, мәліметтер мен пікірлерді өңдейді
- 2.) Сөйлеу мәдениетін қолданады

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** этноауыл, көрмесі, рухани жаңғыру,

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** қоғам құндылығы деген не? қазақ қайдан шықты? халықты қандай құндылықтар бірігіп тұр? Орфографиялық норма. Сөйлеу тілі



«Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

1. «Құндылық» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Қазіргі қоғамдағы басты құндылықтарды атаңдар.
3. Ұлттық құндылықтар қаншалықты маңызды?

#### Тыңдалымалды тапсырмасы

Қоғам құндылығы - халықтың тілі, мәдениеті, салт-дәстүрі. Ұлты кім болса да, әр азаматқа адами қасиет ананың сүтімен, атаның қанымен дариды. Қазір ұлттық құндылықтарымызды шетелдерге танытуымыз керек. Бүгінгі замандағы технологиялық бәсекелестік қарқын ала түскен қоғамда, осы әлемдік тартыста біздің бабадан балаға беріліп келе жатқан сол құндылығымыз бізді сақтап, әрі қарай дамуымызға серпін береді. Өзге елге барсаң, «Сен кімсің?» деп саған да қарайды, «Қайдан келдің?», "Ой-санаңа жинаған білімің, тарихың, бойыңдағы қасиетің қандай, денсаулығың қалай?» деп сынайды. Шетелге барғанда, кейбір тамырсыз ұрпақтың «Ана тілін білмеймін, қазақтың өнерін, тарихын білмеймін, сенің тіліңді білемін, сенің валютанды білемін» дегені кімге керек? Жер шарының өзі кішкентай ғана. Онда мыңдаған халық, екі жүзден астам мемлекет бар, қаншама тіл мен мәдениет бар? Соның барлығы әртүрлі сөйлесе де, әртүрлі дінге сенсе де, Біріккен Ұлттар Ұйымының бір шаңырағының астында тұр. Тәуелсіз Қазақстанымыз татулықты сақтап, дипломатиялық қатынаспен 150-дей елмен байланыс

орнатқан. Осы орайда «Бұл қай жолмен келе жатыр?» деп біздің елді де өзге жұрттар зерттеп, қарап отыр. Қазір жаңа заманауи технология тұрмысымызға еніп жатыр. Бірақ адамзаттың ғасырлар бойы қалыптасқан қасиеті, тілі, мәдениеті, діні сақтала бермек.

### Тыңдалым тапсырмасы

#### 1-тапсырма

Білім алушылар тыңдалым мәтінін тыңдайды. Дұрыс-бұрыс ақпараттарды белгілейді. Оқытушы тақтадан дұрыс жауаптарды көрсетеді. Білім алушылар өз-өздерін бағалайды.



**2-тапсырма Тыңдалым мәтінін негізге алып, «Ұлттық құндылықтар – ел бірлі-гінің негізі» тақырыбында келісу/келіспеу эссесін жазыңдар. Сөз саны – 80–100.**



**Берілген сөздерді орфографиялық принциптерге бөліп жазыңдар, ережесін түсіндіріңдер.**

Морфологиялық принцип	Фонетикалық принцип	Тарихи-дәстүрлі принцип

Жазса, сенбі, фестиваль, түнгі, қашанғы, жарқабақ, орынбасар, көзбе-көз, тауып, қан қызыл, құлағы, бозжусан, көк дөнен, жүрегі, белбеу, керек екен, қолғап, самауыр, шәйнек, пәуеске, бөрене, пайда, хат, ес жоқ, жеребе, халық, шкаф, гауһар, бес жыл, он қап, жиһан, қаһарман, колхоз, гео-метрия, ауа, сәнқой, Досжан, жанкешті, тасжол, стақан, дүй-сенбі, қарлығаш, ашудас, сөзжасам, бозкөде, бозша, бүгін, жаздыгүні



**3-тапсырма Қою қаріппен жазылған сөздердің ережесін еске түсіріп, қандай принцип бойынша жазылғанын анықтаңдар.**

Төмен сырғанақтаған **бөшкені** бүктетіле тіреп, сілеусін көзі ызғар шаша қарап қалғаны Танабайдың көз алдынан кет-пей қойды (*Ш.А.*). 2. Бейшара несіне жетіседі, мұның **халінде** бетегеден биік, жусаннан аласа тірліктен басқа не бар? (*Ш.А.*)

3. **Биыл** Қарауыл суы мол тасып, Жидебай, Мұсақұл үстін-дегі **кең қорық көк жайқын** қалың шалғын боп келе жатыр еді (*М.Ә.*). 4. Дәл **бүгін** осы қонысқа жеткенше бұл ауылдар өзге Шыңғыс **бөктерінен** көшкен Бөкенші, Жігітекті қуып жете алмаған (*М.Ә.*). 5. **Сөйтіп**, қазаннан жаңа түскен ет бір қолдан бір қолға лып-лып етіп, салқындамай, тоңазымай лезде жетіп тұрды (*М.Ә.*). 6. **Бердіқожаның** көнген хабарын алысымен, Құнанбай қалыңмалды, жыртысты бір-ақ жіберт-ті (*М.Ә.*). 7. **Көлқайнардың** суы мол болғанымен, кең қоныс емес еді (*М.Ә.*). 8. Кітап **әпер**, оқысын балаң, қолына, Малды аяма оқу-білім жолына (*М.Ж.*). 9. Өзіне таныс Буратиген, **Көк-үйірім** сияқты **қоныс-құдықтардың** тұсына келгенде, астын-дағы жарау бестісін ағызып-ағызып алады (*М.Ә.*).



**4-тапсырма Мәтін мазмұнын сөйлеу тілі стилінде әңгімелеп беріңдер.**

Әкем Жүсіпбек жазушы ғана емес, жан-жақты өнер иесі болатын. Ол ғажап етікші, темірден түйін түйетін ұста еді, сонымен бірге музыкалық аспаптарда (домбыра, скрипка, рояль) еркін ойнайтын. Ең негізгісі, нағыз көркемсөз шебері болды. Қолы қалт етсе, жазу үстеліне келіп, тапжылмастан отырып, көп жазатын...

Ақын-аудармашы, көрнекті жазушы, педагог-ғалым ретінде қазақ әдебиеті мен ғылымына қалам қуатын арнағанын мақтан етемін. Бір уақ көңіліме демеу аламын...

(Жанақ Аймауытұлының естелігінен)



### **5-тапсырма Берілген екі тапсырманың бірін тандап, орындандар.**

1. Сөйлеу тілінің ерекшеліктерін сақтай отырып, «Рухани жаңғыруды өзіңнен баста» тақырыбында сұхбат жазындар. Сөз саны – 100–120.

2. Шетелдіктерді еліміздегі «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне шақырып, жарнама жасаңдар. Сөз саны – 100–120.

Тапсырма дескрипторлары:

Бағалау дескрипторлары:

- Бейнежазбаны тыңдайды және мазмұнын түсінеді; 5 балл
- Отбасы құндылықтары өз ойын жазады. 10 балл

### **6-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды күнделікті өмірмен байланыстырыңыз.**

### **7-тапсырма. Берілген сұраққа «ПОПС формуласы» бойынша жауап беріңіз.**

Сұрақ: «Біз құнды дүниелерімізді шетелдерге өте сапалы аударып жеткізуіміз керек па?»  
Қандай жолдары бар ....

«ПОПС» формуласы

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ...»
- Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
- Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ...»
- Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

Бағалау дескрипторлары:

- Берілген мәселеге қатысты өз ойын жазады; 10 балл
- Өз ойын дәлелдейді; 10 балл
- Тыңдалым мәтінінен мысал келтіреді; 5 балл
- Ойын қорытындылайды. 10 балл

## **ТАҚЫРЫП 2**

### **ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТЫМЫЗДЫҢ ӨЗЕГІ – ТІЛ. ӘДЕБИ ТІЛ. ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ**

**Сабақтың мақсаттары:** барлық білім алушылар: мәтінді тыңдап түсіну, тиісті ақпаратты анықтау

білім алушылардың басым бөлігі: мәтіндегі ақпаратты өмірмен байланыстыру, әдеби шығармада көтерілген мәселеге баға беру

кейбір білім алушылар: алынған ақпаратты талдап, ұсыныстар айта білу

**Бағалау критерийлері:** ) Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады; 2) Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және бағалайды; 3) Сөйлеу мәдениетін қолданады.

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** Алаш зиялылары, Алаш қайраткерлері, ұлттық рух, туған тіл.

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ... ,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** қоғам құндылығы деген не? қазақ қайдан шықты? халықты қандай құндылықтар бірігіп тұр?

### Тыңдалымалды тапсырмасы



Шахмат аты секілді жүріп отырып, Ғ.Мүсіреповтің ана тілі туралы айтқан ұлағатты сөзін оқындар.

Ана	үзеді	ұмытқан
адам	болашағынан	халқының
өткенін	тілін	қол
да	өз	де



**1-тапсырма Мәтінді оқып, негізгі ойды анықтаңдар.** Алаш зиялыларын тіл мәселесі не себепті алаңдатқанын, бұл мәселенің әлі де күн тәрті- бінен түспеу себебін талқылаңдар.

Алаш зиялыларының саяси және рухани күресіндегі негізгі мақсат, орасан міндет, ол ұлтымызды ұйыстыру, сол арқылы елдігімізді айқындау десек, онда осындай ұланғайыр сауапты істің аясында ана тілімізді сақтау мәселесі тұрды. Алаш қайраткерлерінің қай-қайсы да тілдің саяси, қоғамдық һәм рухани үлкен күш, ұлтты біріктіруші қуатты құбылыс екендігін жақсы сезінді. Сондықтан да Алаш сияқты аса ірі қозғалыстың рухани тінінде қазақ тілі мәселесі ерекше орынға ие болды.

Ұлттың бойындағы сан ғасырлар жинақталған рух пен мұраттың ұлы бұлқынысы болған Алаш қозғалысы ел тағдырына қатысты барша идеяны өзіне өзек еткені бүгінде көбімізге белгілі. Құдайға тәуба, Алаш қайраткерлері күресінің тағылымы да, Алаш қаламгерлерінің мұрасы да жылдан жылға қазақтың рухани-мәдени өміріне еніп, «Алаш» сөзі аяулы ұғым, қасиетті түсінік ретінде қоғамымызда асқақтатыла айтылып келеді. Күнделікті теледидардан, радиодан, газеттерден «Алаш» сөзінің айрықша мән беріліп айтылғанына, жазылғанына куә болудамыз. Яғни, Алланың қалауымен қазақ баласының жаны мен жүрегіне, ойы мен пікіріне, санасы мен сезіміне «Алаш» ұғымы уақыт өткен сайын бойлай түсуде. «Партия ұраны десек, бабамыздың «Алаш» ұранынан артық ұранды іздесек те таба алмаймыз. Сүйтіп қазақ саяси партиясының атын «Алаш» қою ойлап әуре болмастан ауызға түсіп отыр» - делініпті «Алаш» партиясы құрылған Бірінші жалпықазақ сиезі жөнінде жазылған «Қазақ» газетіндегі сүйінші мақалада /1, 414/. Сонау ХХ ғасырдың басында елдің еркіндігі үшін күрескен ерлер қалаған осы қасиетті сөз тәуелсіздігіне жеткен қазақ баласына да соншалықты қымбат, аяулы ұғымға айналуда. Бұл –

санамыздың жаңғыруы, тарихи тамырларымызды қастерлеуіміз, елдіктің белгісі, өсер жұрттың өнегесі.

**Тапсырма дескрипторлары:**

**Тыңдалым тапсырмасы**

**1-тапсырма**

Білім алушылар тыңдалым мәтінін тыңдайды. Дұрыс-бұрыс ақпараттарды белгілейді. Оқытушы тақтадан дұрыс жауаптарды көрсетеді. Білім алушылар өз-өздерін бағалайды.

**Бағалау дескрипторлары:**

- Бейнежазбаны тыңдайды және мазмұнын түсінеді; 5 балл
- «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» қалай түсінесіздер ?

Мағжан Жұмабаевтың: «Ұлттың ұлт болуы үшін бірінші шарт – тілі болу» дегендері біздің заманымызға үндес, өзекті пікірлер айту пікірталас 10 балл

**2-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттарды күнделікті өмірмен байланыстырыңыз.**

**3-тапсырма. Берілген сұраққа «ПОПС формуласы» бойынша жауап беріңіз.**

**4-тапсырма Қазақ тілі туралы ұлт зиялыларының нақыл сөздерімен танысып,**



Өзіндік пікір (ой, идея) – 1 сөйлем	
Дәлел – 2 сөйлем	
Өз пікірін айғақтайтын мысал – 2 сөйлем	
Өз пікіріне қарсы дәлел – 1 сөйлем	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал – 1 сөйлем	
Қорытынды – 2 сөйлем	

Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйте- регі.

**(Ж.Аймауытов)**

Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бәрінен құралақан қалады.

**(Ғ.Мүсірепов)**

Ұлттың тілі – сол ұлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтыртып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?!

**(М.Әуезов)**



Қазақ тілі – өзінің өткірлігімен бой балқытып, тамыр шымырлатып, жан жүйеңді жандырып, құлақ құрышын қандырып, ұғымына қонымды, жүрегіне тиімді, қысылтаяң қатал жағдайға қайрап, ерге, елге медет болатын ең әсерлі, ең әдемі шешен тіл.

*(Б.Момышұлы)*



### **5-тапсырма Берілген екі тапсырманың бірін таңдап, орындаңдар.**

1.«Тілдің туы жығылмасын» тақырыбында мақала жазыңдар. Сөз саны – 150. Мақала стилінің әдеби тілдің қай тармағына жататынын анықтаңдар.

2.«РАФТ» стратегиясы бойынша Алаш зиялыларына хат жазыңдар. Сөз саны – 150. Стилін (әдеби тіл, сөйлеу тілі) анықтаңдар «Дербес пікір» айту тәсілі бойынша өз пікірлеріңді айтыңдар.

**Сұрақ:** « қазақ тілін мәртебесі көтерілуі үшін...

«ПОПС» формуласы

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... »
- Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін... »
- Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »
- Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

Бағалау дескрипторлары:

- Берілген мәселеге қатысты өз ойын жазады; 10 балл
- Өз ойын дәлелдейді; 10 балл
- Тыңдалым мәтінінен мысал келтіреді; 5 балл Ойын қорытындылайды. 10 балл

**Жұп өзін-өзі бағалайды**

## **ТАҚЫРЫП 3**

### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ. ҚОЛӨНЕР – СЫРЛЫ ӨНЕР. ӘДЕБИ ТІЛ. ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ. БІРГЕ ЖӘНЕ БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР**

**Сабақтың мақсаттары:** барлық білім алушылар: мәтінді тыңдап түсіну, тиісті ақпаратты анықтау

білім алушылардың басым бөлігі: мәтіндегі ақпаратты өмірмен байланыстыру, әдеби шығармада көтерілген мәселеге баға беру

кейбір білім алушылар: алынған ақпаратты талдап, ұсыныстар айта білу

**Бағалау критерийлері** 1)Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады; 2) Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және бағалайды; 3) Сөйлеу мәдениетін қолданады

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** Сырлы өнер, әдет – ғұрып, дәстүр ,ұлттық рух,туған тіл.

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** қоғам құндылығы деген не? қазақ қайдан шықты? халықты қандай құндылықтар бірігіп тұр?



Суреттермен танысындар, төмендегі сұрақтарға кезекпен жауап беріп, сұхбаттасындар. Ойларыңды тиянақтап, өзіндік түсініктеріңді нақты сөздермен келтіріңдер.

### Дауыссыз дыбыстардың жазылуы

*Ж, з, к, қ, л, м, н, п, р, с, т, ш* дауыссыз дыбыстары сөздің барлық буындарында кездеседі: *қазақ, заң, момын, күрек, наным, рас, шам, сот, нан* т.б.

*Н, ң, һ* дыбыстары сөздің басында (*йод* сөзінен басқа) қолданылмайды, тек сөздің ортасында және аяғында қолданылады: *жаңа, аң, жай, қайрат, қаһар* т.б.

*В, ф, Ұ, ы* дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде қолданылмайды, ал кірме сөздердің барлық буындарында қолданылады: *автор, дифтонг, диспетчер, концерт, цех, матрац* т.б.

*І* дыбысы қазақтың *ауы, тұуы* деген байырғы сөздерінде ғана қолданылады.

*Х* дыбысы араб-парсы тілдерінен және орыс тілінен енген бірқатар сөздерде кездеседі: *хат, хабар, халық, техника, химия*.

*Б, в, г, д* дыбыстары қазақтың байырғы сөздерінде сөз аяғында қолданылмайды, тек орыс тілінен енген сөздердің аяғында қолданылады: *актив, отряд, устав, клуб* т.б. Ал *г* дыбысы сөздің басында және ортасында келеді: *гарыш, ағаш, самға* т.б.

Қош (болыңыз), хош (иіс), хал (ахуал), қал (дақ), хат, қат (тапшы), бақыт, хабар, рақмет, рақат, барқыт, дарқан, ақырет, халық, хазірет, қошемет, дастарқан, тақсыр, уақыт.

### Бірге жазылатын сөздер

1. Тұлғасы өзгертіліп кіріккен сөздер: *бүгін (бұл күн), биыл (бұл жыл)*.
2. *Еш, кей, бір, қай, әлде* сөздерімен біріккен есімдік, үстеулер: *еш- кім, біржола, әлдеқашан*.
3. Терминдік мәнге ие болған атаулар: *сөзжасам, баспасөз*.
4. Екі-үш түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, өсімдік және т.б. атаулары: *қараторғай, бірқазан, алабота*.
5. Екінші сыңары *аралық, ішілік, тану* деген сөздер: *халықаралық, мектепішілік, абайтану*.
6. Бірінші сыңары шеттілдік; екінші сыңары қазақ сөздерінен тұратын біріккен сөздер: *инфрақызыл, фотосурет, автокөлік, аспрошана, агроөнеркәсіп*.
7. Екі-үш сөзден құралған кісі аттары мен географиялық атаулар:

*Айнұр, Орынбасар, Екібастұз, Ақсу*.

8. Екінші сыңары *ұлы, қызы* болып келген кісі тегі: *Момышұлы, Сұлтанқызы*.



9. Салт-дәстүр, кәде, жоралғы атаулары: *атұстар, беташар, отқақұяр*.

10. Бірінші сыңары зат есім, кейде етістік, екіншісі *-ты (-ті, -ды, -ді)* немесе *-па (-пе, -ба, -бе)* қосымшалы сөзден тұратын бейнелі тіркестер: *алыпқаиша (сөз), жолсоқты (болу), қағазбасты (болу), пышақкесті (тыйылу)*.

11. *Бек, хан, мырза, құл, әлі (әли, гали)* сияқты сөздермен жасалған есімдер: *Амангали, Орынхан, Әбдуәлі, Құралбек, Рысқұл, Нұрғали*.

### **Ескерту:**

- титул мағынасындағы *бек, хан, би, мырза* деген сөздер бөлек жазылады: *Абылай хан, Төле би, Құнанбай мырза, Құтлықтемір бек*.
- *ақ, қара, қызыл, қоңыр, сұр, шұбар* сияқты сын есімдер аң-құс, өсімдіктердің түсін айыру үшін қолданылатын болса, бөлек жазылады: *ақ аю, сұр жылан, шұбар бақа*.

### **Бөлек жазылатын сөздер**

1. Анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері: *ағаш көпір, қой қора, қыз бала, ұл бала, асыл тас*.
2. Күрделі сан есімдер, күрделі сын есімдер: *он бір, бір мың тоғыз жүз елу үш, екі жарым, қара ала, ақ құба, ақ сары, қызыл күрең, қара торы*.
3. Күрделі етістіктер; есім, еліктеу сөздермен тіркескен құрама етістіктер: *жаза бер, жазып отыра бер, жүгіре жөнелді, қызмет ет, жәрдем ету, шап ету, лап қою, тап беру, қол шапалақтау, ду ете түсті, баж ету*.

Сандар	Суреттерді пайдаланып, қандай сандық деректерді айта аласыңдар?
Сөздер	Суреттердегі кейбір атаулар қалай пайда болған деп ойлайсыңдар?
Адамдар	Бұл суреттер кімдер үшін пайдалы?
Сезімдер	Осы суреттегі киімдер қандай жағымды/жағымсыз әсер берді?
Табиғат	Қоршаған ортамен, табиғатпен байланысы қандай?
Әрекеттер	Суреттердегі адамдар немен айналысады?
Дыбыстар	Осы суреттерге қатысты қандай әндерді білесіңдер?
Көзқарастар	Суреттердің бірін таңдап, сипаттаңдар.



жасай алады.



2-тапсырма Еркін Шәкірұлының «Қазақ киносындағы салт-дәстүр» мақала-сын (02. mp3) аудиожазбадан тыңдап, негізі ойды анықтаңдар, ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар. «Блум түймедағы» тәсілі арқылы сұрақтар дайындаңдар.

Білу	Қарапайым сұрақтар	Кім? Қашан? Қайда? Қалай?
Түсіну	Анықтауыш сұрақтар	Егер мен дұрыс түсінсем, онда... Менің ойымша, сіз ... дедіңіз.
Қолдану	Тәжірибелік сұрақтар	Қалай қолдануға болады?.. Одан не істеуге/шығаруға болады?..
Талдау	Интерпретациялық (түсіндіруші) сұрақтар	Неге?
Жинақтау	Шығармашылық сұ- рақтар	Егер... , онда не болады?
Бағалау	Бағалаушы сұрақтар	... қалай қарайсыз?

## Әдеби тіл

### Сипаттауда

Зат пен құбылыстың негізгі, мәнді белгілері айтылады.

Мысалы: *Бұл күн- де тола түскен Әйгерімнің нұрын сәнді таза киімі әсіресе көркейткен- дей (М. Әуезов).*

### Баяндауда

Зат пен құбылыстың өзара байланысы сөз болады. Мысалы: *Ғалымдар атомды заттың бөлінбейтін бөлшегі деп ойлады.*

*Кейін оның протон- га, нейтронга және электронга бөлінеті- ні анықталды (Физика оқулығынан).*

### Пайымдауда

Құбылыстың болу салдары мен себебі көрсетіледі. Мысалы: *Планеталардың орбиталары эллипс пішінді болғандықтан, олардың фокус- тары Күнде орналас- қан эллипс бойымен айналады (Физика оқулығынан).*

### 3. Нақыл сөзді ерекше тембрмен оқып, ой тұжырымын жасаңдар. Әдеби тілдің белгілерін атаңдар.

Жаудан да, даудан да қорықпаған қазақ едім. Енді қор- қынышым көбейіп жүр. Балаларын бесікке бөлемеген, бесігі жоқ елден қорқам. Немересіне ертегі айтып беретін

Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер: менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

### 4-тапсырма Тыңдалымалды тапсырмасы

1.Дәстүр – латынша жапсыру, жалғастыру – тарих барысында қалыптасып, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып отыратын әдет – ғұрыптар, салт – сана, қоғамдық тәртіп, заң, мұрат пен игілік, мінез – құлық қалыптары және өнегелі өнер болып табылады.

2.Әдет – ғұрып – дәстүрге айналған жалпыға бірдей қалыптасқан, әр этносқа тән ортақ тәртіп салт – сана. Жаңа туған нәрестенің құрметіне жасалатын ойын – сауық, той атауы - .... (шілдехана)

3.Нәресте туған сәтте оның кіндігін әйелдер(кіндік шешесі) дайын тұрады. Кіндік кесу – мәртебелі, абыройлы іс қалай аталады? Кіндік кесер(салт).

4.Жаңа туған баланы бесікке салу. Бесік қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептелетін салт қалай аталады? Бесікке салу(салт).

5. Баланың туғанына қырық күн толған соң оны ыдысқа қырық қасық су құйып шомылдырады. ол сәбидің жан – жүйесінің қалыптасып дені сау болып өсуіне деген ақ тілектен шыққан салт қалай аталады? Қыркынан шығару(салт).

6. Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып Тұсау кесер(салт)..

7.. Қазақ халқы жаңа туған сәбиге жақсы есімдер мен әйгілі адамдардың атын қойған. Сонымен бірге бала есімін беделді кісілерге қойғызып батасын алған ғұрып қалай аталады? Ат қою(ғұрып)

8. Балалардың төбе шашын ұзартып өсіріп қою қалай аталады? Айдар(ғұрып).

9.. Жас балалардың шашын ұстарамен алып тастайды да маңдайына бір шөкім шаш қалдырып, оның жиегін тегістеп қиып қояды. Оны не дейді? Кекіл (ғұрып).

### **Тыңдалым тапсырмасы**

#### ***1-тапсырма***

Білім алушылар тыңдалым мәтінін тыңдайды. Дұрыс-бұрыс ақпараттарды белгілейді. Оқытушы тақтадан дұрыс жауаптарды көрсетеді. Білім алушылар өз-өздерін бағалайды.

1. Салт – дәстүр дегенді қалай түсінеміз?

2. Әдет – ғұрып дегенді қалай түсінеміз?

**Пікірталас** 10 балл

**5-тапсырма.** Мәтіндегі ақпараттарды күнделікті өмірмен байланыстырыңыз.

**6-тапсырма.** Берілген сұраққа «ПОПС формуласы» бойынша жауап беріңіз.

**Сұрақ:** «Қазақ халқының салт – дәстүрлері мен әдет – ғұрыптарын басқа халықтардың әдет – ғұрыптарымен салыстыру

«ПОПС» формуласы

•Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... »

•Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін... »

•Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... »

•Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ...»

### **ТАҚЫРЫП 4**

#### **ҚАЗАҚ КИНОСЫ – ҚАЗАҚ ТАРИХЫ**

Қазақ киносы – қазақ тарихы. Дефис арқылы жазылатын сөздер. Бас әріппен жазылатын сөздер. Тасымал

**Оқу мақсаты:** Мәтіндегі негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдей білу. Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу.

**Бағалау критерийлері** 1) Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдейді 2) Мәтін үзінділері бойынша өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады; 3) Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** қазақ киносы, дәстүр, ұлттық рух, тарих  
**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** кинотеатрға жиі барасыздар ма? қандай жанрдағы кинолар ұнайды? кинодан қандай тәлім-тәрбие алуға болады?

**Дескриптор:**

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.
- Көтерілген мәселеге баға береді.
- Мәліметтер мен пікірлерді өңдейді.
- Орфографиялық нормаға сай жазады

**Тасымал-сөздің жолға сыймаған бір немесе бірнеше буынның келесі жолға бөлініп жазылуы.**

**Тасымалдау кезінде еске ұстайтын ережелер:** 1.Сөзді тасымалдау буын жігінен басталады:тө-менірек,төме-нірек,төмені-рек. 2.й және у дыбыстары бар сөздерді буынға бөлгенде бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады:да-уыс,да-йындық,кү-йын,са-уат. 3.Сөзді тасымалдағанда бір әріпті жол соңында қалдыру немесе келесі жолға тасымалдау дұрыс емес. 4.Екі әріптен құралған я,ю әріптеріне аяқталған сөздер тасымалданбайды:сия,қию,аю. 5.Аты және әкесінің аты қысқартылып, басқы дыбысы ғана жазылғанда, фамилиясынан бөліп, тасымал жасауға болмайды:Ә.-Жұмабаев, Ә.Қ.-Жұмабаев деу дұрыс емес. 6.Қысқартылған өлшем атаулары тіркескен сөзінен бөлінбейді:100-г, 25-см. 7.Бас әріп немесе бас әріп пен алғашқы сөз буыны қысқарған сөздер тасымалданбайды:АҚ-Ш,Т-МД,Қаз-МҰУ деу дұрыс емес.

**Бас әріп - сөйлемнің** басында, **географиялық атауларда**, адам **есімдерінде**, мекеме аттарында, **астрономиялық** атауларында, тарихи дәуір немесе оқиға атауларында, көне ескерткіштерде, әдеби шығарма атауларында **орфография** және **пунктуация** ережелеріне сәйкес қолданылатын дыбыстың жазудағы таңбасы.

**Дефис** (лат. *divisio* - бөлу, нем. *Divis* — тире) — кішкене сызықша, емле белгісі.<sup>[1]</sup>

*Оның қойылатын орындары:*

- **а)** Лексикалық мағынасын сақтаған сөздерден жасалған күрделі сөздер арасында: *инженер-технолог, батыр-ұшқыш;*
- **ә)** Қос сөздердің арасында: *ел-жұрт, алай-дүлей;*
- **б)** Сөзді тасымалдағанда;
- **в)** Реттік сан есімдерді қолданған жағдайда: *3-жыл, 5-рет;*
- **г)** **-ақ, -ау, -мыс, -ды** демеуліктері тіркескен жағдайда: *айтады-мыс, келмеді-ау;*
- **д)** Қосымшаларды ерекшелеп көрсетуде: *-ған, -ген, -мын, -мін;*
- **е)** Екі сөзден тұратын фамилияларда, адам аттарында: *Тұрсын-заде, Салтыков-Щедрин т. б.*

1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кинотеатрға жиі барасыздар ма?
2. Қандай жанрдағы кинолар ұнайды?
3. Кинодан қандай тәлім-тәрбие алуға болады?
4. Отандық кино ұнай ма, әлде шетелдік кино ұнай ма?

5. Қазіргі қазақстандық кинолар туралы пікірлерің қандай?
2. Мәтіндерді оқып, негізгі ойды анықтаңдар. Терминдері мен тілдік оралымдары арқылы мәтіндердің стилін анықтаңдар.

### **Қазақ кино өнері**

Қазақ киносының алғашқы қадамы 1925 жылы жасалды: Қазақстан туралы алғашқы деректі фильм түсірілді. «Лен-фильм» студиясының ұжымы қазақтың кино қайраткерлерінің қатысуымен «Амангелді» (1938 ж. Реж. М.З.Левин) көркемфильмін жасады. Бұл фильмнің сценарийін Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов жазған. Қазақ көркем фильмінің тарихы осы туындыдан басталды.

1941 жылы Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия ұйымдасып, 1944 жылы ол Алматының көркем және деректі-шежірелік фильмдер студиясы (1960 жылдан «Қазақфильм») деп аталды. Қазақ киностудиясы алғашқы ұйымдасқан кезінен бастап 100-ден астам көркем фильм, 500-дей деректі фильм шығарған. Бұл фильмдер тақырыбы жағынан әр алуан. Экранға қазақ халқының өткен өмірін көрсететін, соғыс жылдарында халық батырлары туралы, заманауи тақырыпқа арналған картиналар шықты. Мысалы, «Абай әні» (1946), «Махаббат дастаны» (1954), «Шоқан Уәлиханов»

(1957), «Ботагөз» (1957), «Біздің сүйікті дәрігер» (1957), «Менің атым Қожа» (1963), «Атаманның ақыры» (1971), «Қыз Жібек» (1972), «Орман балладасы» (1972) т.б.

Қазақ киносын дамытуға режиссерлер Ш.Айманов, М.Бегалин, А.Қарсақбаев, С.Қожықов; актерлер Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Н.Жантөрин, С.Қожамқұлов, Ә.Өмірзақова т.б. мол үлес қосты.

(«Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығынан)

### **Ш.Айманов туралы әнші Б.Төлегенованың естелік әңгімесі**

Шәкен аға театр өнерімен әуестенді. Қазақ драма театрының сахнасында 20 жыл еңбек етіп, актерлік шығармашылығын шыңдады. 1947–1951 жылдары М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының бас режиссері қызметін атқара жүріп, шығармашылықпен айналысты. 1954 жылдан бастап кино әлеміне шақырту алып, режиссерлікке бел шеше кірісті. 1959 жылы КСРО Халық әртісі атағын иеленді. Бүкіл күш-жігерін, дарынын қазақ киносына жұмсады, қазақ киносының алғашқы кірпішін қалады. «Махаббат дастаны», «Алдар көсе», «Біз осында тұрамыз», «Атаманның ақыры», «Атамекен», «Ән қанатында» сынды фильмдерімен халқымызды күллі әлемге танытып, артына өлмейтін мұра

қалдырды.

Өте сәтті шыққан киноларының ішінде әйгілі «Біздің сүйікті дәрігер» және «Тақиялы періште» атты екі музыкалық комедиясы бар. Сол екі фильмге де шақырту алдым...

«Біздің сүйікті дәрігер» менің шығармашылығымда үлкен рөл атқарды. Фильм бүкіл Кеңес Одағында кең көлемде жүрді, тіпті шетелде де көрсетілді.

1970 жылы «Атаманның ақыры» фильмі үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді, бірақ сол сәтті өзі көре алмады.

Шәкен Аймановтың қазақ киноөнері үшін сіңірген еңбегі ұлан-ғайыр.

(*Меруерт Глиясова*)



## «Алмас қылыш»

Көрнекті жазушы І.Есенберлиннің «Алмас қылыш» романы желісімен қойылған кинодастанды түсіруге 500-ге тарта адам, 100-ге жуық актер жұмылдырылды. Фильм XV ғасырдың орта тұсын, Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Керей мен Жәнібектің Жетісуда өз ұлыстарын құрған сәтін суреттейді.

Рүстем Әбдіраш, қоюшы-режиссер:

– І.Есенберлиннің үш томдық трилогиясының бірінші кітабын негізге алдық. Бірақ фильм тұтас кітаптағыдай болған жоқ. Себебі Ілияс ағамыз кітапты жазған кезде тарихи деректердің кейбірі болмаған. Кеңес идеологиясына сай көп нәрсе айтылмады. Сондықтан біз тарихи оқиғаларды қайтадан қалпына келтіруге тырыстық.

Қайрат Кемалов, Керей ханның рөлін сомдаған актер:

– Берісі қазақ тарихы, әрісі жалпы түркі, Еуразия көшпенділер тарихы мені бұрыннан қатты қызықтыратын. Сондықтан бұл рөл менің мойныма жүктелгенде өте қатты қуандым. Бірақ ұлы тұлғаның сахналық бейнесін жасау оңай болған жоқ. Іздендік...

**Кері байланыс:** «Сұрақ ілмегі» әдісі. (Мұнда оқушылар грамматикалық тақырып бойынша бір-біріне сұрақ қояды.)

**Дескрипторға сүйене отырып мұғалім кері байланыс береді.**

**Оқылымнан кейінгі тапсырма:** «Қызықты суреттер» тәсілі. (мұнда әр жұпқа фильм кейіпкерлері суреттерінің бөліктері таратылады. Әр жұп бөліктерді құрастырып, кейіпкерлерді сипаттайды, көтерілген мәселеге баға береді.)

**Кері байланыс:** «Бір сөзбен» әдісі. Оқушылар тапсырманы қалай орындағандарын бір сөзбен айтады.

**Мұғалім аузша кері байланыс береді.**

**Құндылықтарды дарыту:** – жұптық және жеке жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға дегені құрмет;

- Жұптық жұмыстарды орындау барысындағы ынтымақтастық;
- өз пікірін білдіру барысындағы ашықтық;
- жұптық және жеке жұмыстар, кретаивті шығармашылық ізденістер барысындағы еңбек және шығармашылық;



**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Кинотеатрға жиі барасыздар ма?
2. Қандай жанрдағы кинолар ұнайды?
3. Кинодан қандай тәлім-тәрбие алуға болады?
4. Отандық кино ұнай ма, әлде шетелдік кино ұнай ма?
5. Қазіргі қазақстандық кинолар туралы пікірлерің қандай?

## Қазақ кино өнері

Қазақ киносының алғашқы қадамы 1925 жылы жасалды: Қазақстан туралы алғашқы деректі фильм түсірілді. «Лен-фильм» студиясының ұжымы қазақтың кино қайраткерлерінің қатысуымен «Амангелді» (1938 ж. Реж. М.З.Левин) көркемфильмін жасады. Бұл фильмнің сценарийін Бейімбет Майлин мен Ғабит Мүсірепов жазған. Қазақ көркем фильмінің тарихы осы туындыдан басталды.

1941 жылы Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия ұйымдасып, 1944 жылы ол Алматының көркем және деректі-шежірелік фильмдер студиясы (1960 жылдан «Қазақфильм») деп аталды. Қазақ киностудиясы алғашқы ұйымдасқан кезінен бастап 100-ден астам

көркем фильм, 500-дей деректі фильм шығарған. Бұл фильмдер тақырыбы жағынан әр алуан. Экранға қазақ халқының өткен өмірін көрсететін, соғыс жылдарында халық батырлары туралы, заманауи тақырыпқа арналған картиналар шықты. Мысалы, «Абай әні» (1946), «Махаббат дастаны» (1954), «Шоқан Уәлиханов» (1957), «Ботагөз» (1957), «Біздің сүйікті дәрігер» (1957), «Менің атым Қожа» (1963), «Атаманның ақыры» (1971), «Қыз Жібек» (1972), «Орман балладасы» (1972) т.б.

Қазақ киносын дамытуға режиссерлер Ш.Айманов, М.Бегалин, А.Қарсақбаев, С.Қожықов; актерлер Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Н.Жантөрин, С.Қожамқұлов, Ә.Өмірзақова т.б. мол үлес қосты.

(«Қазақ мәдениеті» энциклопедиялық анықтамалығынан)

### Дефис арқылы жазылатын сөздер

Дефис – орфографиялық, ал сызықша пунктуациялық таңбаға жа-тады. Сондықтан дефис келген жерде кідіріс жасалмайды. Бұл – оның сызықшадан ажыратылатын басты белгісі. Екіншіден, дефис сызықша секілді сөйлемнің мазмұнына әсер етпейді. Үшіншіден, шартты түрде алғанда, дефис сызықшадан қысқа болады.

### Дефиспен жазылатын сөздер:

- 1) қос сөздер: *ата-ана, құрбы-құрдас, ауыл-аймақ*;
- 2) екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақ не мамандықты көрсететін атаулар: *вице-министр, корреспондент-мүше*;
- 3) қосалқы мүшелі күрделі атаулар: *кафе-бар, телефон-автомат*;
- 4) цифрмен жазылған реттік сан есімдер: *58-үй, 65-пәтер, 8-қатар, 12-орын*;
- 5) -ақ, -ай, -ау, -ды (-ді, -ты, -ті), -мыс (-міс) шылаулары: *айтқан-ды, балам-ай, естіпті-міс*;
- 6) кейбір одағай сөздер: *моһ-моһ, құрау-құрау*;
- 7) түркі, парсы т.б. халықтар есімдерінің соңында келетін *паша, бей, заде, оғлы* сынды есімдер: *Осман-паша, Хамза-заде*;
- 8) араб халықтары есімдерімен келетін *әл, аш, ар, аз, әд, бен* сияқты элементтер: *әл-Ғараби, Рашид әд-Дин*;
- 9) басқы әріптермен қысқарған сөзге, цифрмен жазылған сан есім-ге, жеке әріп түрінде алынған объектіге жалғанатын қосымшалар: *БҰҰ-ға, 450-ден, 50%-ін*;

### Ескерту:

рим цифрынан кейін дефис қойылмайды: XXI ғасыр, IV курс.

күрделі құрама атаулар жасайтын кейбір көмекші сөздер (*ат, ас, әл*) сөз басында келсе, бас әріппен, сөз ортасында келсе, кіші әріппен, дефис арқылы жазылады: *Әл-Ғараби даңғылы. Институт әл-Ғараби даңғылында орналасқан.*



## 1-тапсырма Сөйлемдердегі дефистің неге, қандай жағдайда қолданылғанын түсіндіріңдер.



Киіз үйлердің жанында адамдар әңгіме-дүкен құрып отыр (Ш.А.). 2. Жидебайға қайтардың алдында Абай әкесінен көші-қон жайын сұрастырған (М.Ә.). 3. Ауыл үстінен қашқандарын иттер қуып, Ботақан бойы азан-қазан болды (М.Ә.). 4. Азын-аулақ қойлар мен төртті-бесті ірі қараның айналасында қатын-қалаш, кәрі-құртаң, ер-азамат көп-көптен келеді (М.Ә.). 5. Үлкен күміс қапсырмамен бір-ақ жерден түймелеген камзолының қынама белі желмен болымсыз тербеледі (Д.Ә.). 6. Ол – ашаң жүзді, мұрынды, жұмыр ақ саусақты Фан-Штейн еді (Ғ.М.). 7. Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит жаң-жұқ (Ж.А.). 8. Жасыбай көлі сол таудың қойнауында қызылды-жасылды кәрден кесеге құйып қойған зәмзәм суындай мөп-мөлдір (Б.М.).



## 2-тапсырма Тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп алып, сөйлем құраңдар.

Шекшеката, қиын, айқас, А.Құнанбаев, ақуыз, мәдениет, дүние, айыл, әзіл, Ресей, Сәкен, ақылы, ҚазҰПУ, 5 метр, 2011 жыл, Ғ.Мұстафин, қияр, суыр, киіз, сояу, ағашаяқ, алабұта, ақыл-ес, ашықауыз, белағаш, бесаспап, биялай, буынаралық, кәусар, кейқуат, көкаяз, көзақы, ащыот, ПМУ, 21 кг, 9 т, спорт, ұн, бауырсақ, әлем.



## 3-тапсырма

1.Өздерің көрген қазақ кинофильмі туралы мақала жазыңдар. Сөз саны – 150–170.

**4 - тапсырма** Жақшаны ашып, сөздерді орфографиялық нормаға сай (бірге, бөлек, дефис арқылы) жазыңдар.

Абыр (күбір), авиа (апат), авиа (зауыт), авто (бекет), авто (жол), ағайын (жегжат), ағаш (үй), ағаш (тарақ), ағаш (көмір), адал (ақы), қалам (ақы), азу (тіс), айыл (тартпа), айыр (көмей), ақ (бата), ақ (бидай), ақ (бөкен), ақ (желек), ақ (жол), алма (ағаш), алма (кезек), арпа (бидай), арпа (шөп), ауыз (су), ауыз (үй), ашық (хат), аэро (сурет), аэро (флот), әзіл (ажуа), әлде (бір), әр (кез), әр (қашан), әулие (әнбие), алмалы (сал-малы).

**Кері байланыс:** «Сұрақ ілмегі» әдісі. (Мұнда оқушылар грамматикалық тақырып бойынша бір-біріне сұрақ қояды.)

*Дескрипторға сүйене отырып мұғалім кері байланыс береді.*

**Кері байланыс:** «Бір сөзбен» әдісі. Оқушылар тапсырманы қалай орындағандарын бір сөзбен айтады.

*Мұғалім аузша кері байланыс береді.*

**Құндылықтарды дарыту:** – жұптық және жеке жұмыстар орындау барысында өзіне және айналадағы адамдарға дегені құрмет;

- Жұптық жұмыстарды орындау барысындағы ынтымақтастық;
- өз пікірін білдіру барысындағы ашықтық;

## ТАҚЫРЫП 5

### БАС ӘРІППЕН ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕР

**Бағалау критерийлері** 1) Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады; 2) Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және бағалайды; 3) Сөйлеу мәдениетін қолданады

### Бас әріппен жазылатын сөздер

## Төмендегі жағдайларда бас әріппен жазылады:

1. **Жалқы есімдер:** *Қызылорда, Абылай, Талас өзені, Шолтан жұлдыз;*
2. **Жоғарғы мемлекеттік қызмет атаулары мен құрметті атақтар:** *Президент Әкімшілігі, Халық Қаһарманы;*
3. **Мемлекет, республика, жоғарғы мекемелер мен ұйымдар атауларының әр сөзі:** *Қазақстан Республикасы, Біріккен Ұлттар Ұйымы;*
4. **Нүкте, сұрау, леп белгілерінен кейінгі сөйлемнің бірінші сөзі, өлеңнің әрбір жолы:** *Жанұя – шағын мемлекет, Мен – президент, сен – премьер (Қ.Аманжолов);*
5. **Кісі аттарымен қабаттаса айтылатын тұрақты спитеттері бар жалқы есімдер:** *Жаяу Мұса, Ер Төстік, Қыз Жібек;*
6. **Бас әріптермен қысқарған сөздер:** *БҰҰ, ТМД;*
7. **Түрлі мекемелер, білім-ғылым орындарының күрделі атауларының бірінші сөзі:** *Павлодар мемлекеттік университеті;*
8. **Мифологиялық кейіпкерлердің, әулиелердің аттары:** *Бекет ата, Арыстан баб (баба), Ойсылқара, Зеңгібаба;*
9. **Мал, құс, ит т.б. қойылған аттар:** *Байшұбар, Тайбурыл, Бөрібасар;*
10. **Маңызды тарихи оқиғалар, мерекелердің аттары:** *Ұлы Отан соғысы, Ақтабан шұбырынды, Жеңіс күні;*
11. **Орден, медаль аттары;** құрметті атақтардың бірінші сөзі: *«Құрмет» ордені, «Барыс» ордені, «Күлтегін» медалі;*
12. **Ресми құжаттардағы шартты атаулар:** *Жоғары мәртебелі Президент мырза, Елбасы;*



### **1-тапсырма Сөйлемдердегі дефистің неге, қандай жағдайда қолданылғанын түсіндіріңдер.**

Киіз үйлердің жанында адамдар әңгіме-дүкен құрып отыр (Ш.А.). 2. Жидебайға қайтардың алдында Абай әкесінен көші-қон жайын сұрастырған (М.Ә.). 3. Ауыл үстінен қашқандарын иттер қуып, Ботақан бойы азан-қазан болды (М.Ә.). 4. Азын-аулақ қойлар мен төртті-бесті ірі қараның айналасында қатын-қалаш, кәрі-құртаң, ер-азамат көп-көптен келеді (М.Ә.). 5. Үлкен күміс қапсырмамен бір-ақ жерден түймелеген камзолының қынама белі желмен болымсыз тербеледі (Д.Ә.). 6. Ол – ашаң жүзді, мұрынды, жұмыр ақ сау-сақты Фан-Штейн еді (Ғ.М.). 7. Бала у-шу, малай қиқу, мал маңырап, ит жаң-жұқ (Ж.А.). 8. Жасыбай көлі сол таудың қойнауында қызылды-жасылды кәрден кесеге құйып қойған зәмзәм суындай мөп-мөлдір (Б.М.).



### **2-тапсырма Сөйлемдердегі бас әріппен келетін сөздерді анықтап, жазылу себебін түсіндіріңдер.**

аздан соң ербол абайлардан бөлініп, көлқайнарға қарай тартып кетті (М.Ә.). 2. қасым пішенбаев көмір тапқаннан кейін, ол баянауыл, қарқаралы жерлерін сонау балқашқа дейін иемденіп алады. 3. ұлы сібір теміржолының салынуына байланысты ХІХ ғасырдың аяқ кезінде екібастұз көмірін пайдалану үшін «воскресен тау-кен акционерлік қоғамы» ұйымдасады. павлодар қаласына таяу, ертістің сол жақ жағалауындағы воскресенская

пристанына екібастұздан тар табанды темір- жол тартылды да, сол жолмен екібастұз көмірін деров ертіс арқылы омбыға тасытады (Ә.Нұрш.). 5. араб басқыншылығынан кейінгі кездегі қараханид кезеңінің тілдік ерекшеліктерін сипаттайтын жазба материалдарға жүсіп баласағұнның «құтадғу білік» атты поэмасы, махмұд қашқаридің «диуани лұғат-ат түрік» атты лингвистикалық еңбегі, ахмет иүгінекидің «һибат-уль-хакаик» атты еңбегі, қожа ахмет ясауидің шығармалары («хикметі») жатады (С.И.). 6. шығыстың классикалық әдебиетінің қазақша еркін аудармалары, яғни шығыс сюжеттерін қайталап қазақша жырлаған туындылар: «шах- наме», «ләйлі-мәжнүн», «жүсіп-зылиха», «фархад-шырын», «ескендір», «мұңлық-зарлық», «сейфұл-мәлік», «бозжігіт», «шахмардан», «шәкір-шәкірат» және т.б. (Р.С.).



### **3-тапсырма Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, мәтінді аяқтаңдар. Сөз саны – 80–100.**

Шәкен Айманов – қазақ өнерінің шоқтығы биік тұлғасы, талантты актері әрі режиссері. Ол ұлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуы мен дамуы үшін бүкіл ғұмырын арнады...



### **4-тапсырма Тасымалдауға болмайтын сөздерді теріп алып, сөйлем құраңдар.**

Шекшеката, қиын, айқас, А.Құнанбаев, ақуыз, мәдениет, дүние, айыл, әзіл, Ресей, Сәкен, ақылы, ҚазҰПУ, 5 метр, 2011 жыл, Ғ.Мұстафин, қияр, суыр, киіз, сояу, ағашаяқ, алабұта, ақыл-ес, ашықауыз, белағаш, бесаспап, биялай, буынаралық, кәусар, кейқуат, көкаяз, көзақы, ащыот, ПМУ, 21 кг, 9 т, спорт, ұн, бауырсақ, әлем.



### **5-тапсырма**

Өздерің көрген қазақ кинофильмі туралы мақала жазыңдар. Сөз саны – 150–170.

**6-тапсырма** Жақшаны ашып, сөздерді орфографиялық нормаға сай (бірге, бөлек, дефис арқылы) жазыңдар.

Абыр (күбір), авиа (апат), авиа (зауыт), авто (бекет), авто (жол), ағайын (жегжат), ағаш (үй), ағаш (тарақ), ағаш (көмір), адал (ақы), қалам (ақы), азу (тіс), айыл (тартпа), айыр (көмей), ақ (бата), ақ (бидай), ақ (бөкен), ақ (желек), ақ (жол), алма (ағаш), алма (кезек), арпа (бидай), арпа (шөп), ауыз (су), ауыз (үй), ашық (хат), аэро (сурет), аэро (флот), әзіл (ажуа), әлде (бір), әр (кез), әр (қашан), әулие (әнбие), алмалы (сал-малы).

## **ТАҚЫРЫП 6**

### **СӨЗ МӘДЕНИЕТІНІҢ АДАМ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСЫНДАҒЫ ОРНЫ. СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІ ЖӘНЕ ТІЛ МӘДЕНИЕТІ.**

**Бағалау критерийлері:** 1) Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады;

2) Тындалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және бағалайды;

3) Сөйлеу мәдениетін қолданады

Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын толық жеткізе алады.

Сөйлеу мәдениетін қолданады.

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** әдеби тіл, әдеби тіл нормасы, сөз мәдениеті

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ..., менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** тіліміздің бүгінгі тағдыры туралы не айтасыздар?

**Оқыту нәтижелері;**

Мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану.

**Дескриптор:**

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.
- Көтерілген мәселеге баға береді.
- Мәліметтер мен пікірлерді өңдейді.
- Орфографиялық нормаға сай жазады



**Тор көздерден Кей-Қабустың сөз мәдениеті туралы пікірін оқи ала- сындар. Төмендегі сұрақтарға берген жауаптарыңды Кей-Қабустың пікірімен салыстырындар.**


			сөз	Жақсы сөйлей			
		білген жөн.	сөйлей білу.	білуге үйрен:	өйткені		
	сөз өнері	Адамзаттың	Сөзді	сыпайы,	қандай	әдеттенсең,	
Барлық өнерден	жақсы екенін	ең асыл	өз орнымен	анық сөйледі	сөзді	тіл	соны айтды.
		қасиеттерінің бірі –	сөйле.	әдет қылғайсың,	айтуды		

**Сөз мәдениеті дегенді қалай түсінесіңдер? Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сөз мәдениетінің рөлі қандай?**

**3. Қазақ тілінің қоғамдағы қолданылу аясы, өзіндік орны қандай деп ойлайсындар?**

2 Мәтіндерді графикалық ақпаратпен толықтырып оқып, негізгі ойды анықтаңдар.

Мәтіндерге тақырып қойыңдар.



**Сөз мәдениеті дегеніміз** – «қарым-қатынас құралын қалай игеріп, өмірде қалай пайдаланып жүрміз; оның әрқилы амал-тәсілдерін дұрыс, дәл қолданып, мазмұнды, әсерлі етіп жұмсай алдық па?» дегенге саяды. Сонымен, сөз мәдениеті – әдеби тілдің грамматикалық, лексикалық, стилистикалық, орфоэпиялық, орфографиялық нормаларын меңгеру, сонымен бірге бейнелеуіш, көріктеуіш амал-тәсілдерді қарым-қатынас жасаудың мақсаты мен мазмұнына сай қол- дана білу.

Дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білуге дағдыланған, әдеби тіл нормасына төселген адамның сөйлеген сөзі де, жазғаны да кедір-бұдырсыз жатық шығып жатады. Тіл амалдарын дұрыс қолданып, әдеби тіл нормасын сақтап, одан жөнсіз ауытқы- мауды сөз жатықтығы деп



түсінуге болады. Тіл амал-тәсілдерін дұрыс жұмсауға, сөз жатықтығына ғана қанағат етіп қою жеткіліксіз. Сөйлеушінің сөзі әдеби тілдің нормасына сай дұрыс жұмсалуды және «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей», ой мен сезімді дәл жеткізе алатындай әсерлі болуы да қажет. Тілде толып жатқан амал-тәсілдер бар. Солардың ішінен аса қажеттісін талғап ала білу арқылы ой мен сезімді дәлме-дәл жеткізе білу шеберлігі – сөз мәдениетінің биік шыңы. Мұндай шеберлік, ең алдымен, тіл амалдарын әдеби тіл нормасына сай дұрыс қолданудан, сөз жатықтығынан басталады. Сондай қасиетке ие болғанда ғана сөйлеуші, жазушы сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлдігі, сөз әсерлілігі тәрізді сапалармен тыңдаушысын я оқушысын баурап алады.

(Н.Уәли)

## II

Қазақтың қарапайым қарым-қатынас түрлерінен бастап барша болмысына дейін айқын көрініс тауып отыратын нәрсе бар. Ол – сұхбаттасқан адамның жан дүниесін тануға деген құлшыныс, сырласының жүрек түкпіріндегі мұң-сырына ортақтасуға деген бейімділік. Халқымыздың қарттықты құрметтейтін, жастықты үкілейтін, қайырымдылықты қастерлейтін игі дәстүрі және балаға мейірім, атаға қамқорлық, ағаға ізет, ініге ілтипатты кие тұтатын рухани өміршендігі – осының бәрі әдептіліктің, мәдениеттің басты көрінісі емес пе?

Халқымыз анасын ардақтаған, қызын аялаған, жақсы сөз айтып, көңілін тасытпаса, қатты сөйлеп жасытпаған.

Қазақ – жан баласын жатсынбайтын, өзгенің түсінік-пайымына түсіністікпен қарайтын ел. Қазақ халқы – болмысынан турашыл, адал, жомарт, ба- тыр, қайсар, өжет ел. Бұл қасиеттер қазақтың қоғамдық өмі- ріне әсер етіп, таңғажайып өмір салтын қалыптастырды.

Бұл өмір-салт – қазақ мәдениетінің мәйегі. Ал қазақ мәдениеті – әрбір қазақ адамының рухани тірегі.

(«Әдептілік қағидалары» кітабынан) Ғалымдардың пікірлерімен танысып, тіл мәдениеті, сөйлеу шебер- лігі туралы ойларыңды ортаға салыңдар.

Тіл мәдениеті – тілдің қолданыстағы дұрыстығы, заң- дылығы, нормалылығы, сөз қолданудағы орындылығы, сөз мәдениеті. Сөздерді бір-бірімен қиюластырып, сөз зергерлері оюлап берген көркемдігі мен әсем өрнегін орнымен қолдану сияқты амал- әрекет.




(Р.Сыздық)

Қиюын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді. Ондай сөгіліп кеткен сөз – сөз болмай шығады немесе адамға арнап салған үйің құстың күркесі болып шыққандай, керекті сөз болмай, басқа бір сөз болып шығады.

(Қ.Жұбанов)



**Сызбамен берілген мәліметтерді мәтінге айналдырып оқыңдар. Мәтіннің стилін, авторын анықтаңдар.**



**1-тапсырма Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, оқылым мәтіндегі ақпараттарға «Фишбоун» әдісі арқылы тұжырым жасаңдар.**

Балық қаңқасының басына – мәселе тақырыбы, денесінің жоғары бөлігіне – себептері, төменгі бөлігіне – дәлелдер, құй-рығына тұжырым жазылады. Бір-біріңнің жасаған тұжырымдарың негізінде ой бөлісіндер.

**2-тапсырма** Екі топқа бөлініп, колледж мерекелік жаңалықтар бағдарламасын жасаңдар. Студенттердің қисынды сөйлеуіне, сөз саптауына мән беріңдер.

1 Студент – телестудиядағы диктор; жиынтық ақпарат береді.

2 Студент – тілші; оқиға орнынан ақпарат ұсынады. Қалған оқушылар – тілші сұхбат алатын куәгерлер.

**3-тапсырма** Тілді шұбарлау мәселесіне байланысты Б.Момышұлының толғанысын (04. mp3) аудиожазбадан тыңдап, кестені толтырыңдар. Мәтінде көтерілген мәселені талдай отырып, ғаламдық мәселелермен байланыстырыңдар.

**4-тапсырма** Тындалым материалында көтерілген мәселе бойынша ойларыңды дәлелдеп, келісу/келіспеу эссесін жазыңдар. Сөз саны – 80–100.

Алынған сөйлем	Автордың пікірі	Менің пікірім

**5-тапсырма.** Берілген латын әліпбиіндегі сөйлемдерді қазақ әліпбиінде жазып шығындар.

Qazaq tili – Qazaqstan Respwblikasınıñ turǵılıqtı xalqı qazaq xalqınıñ jáne onıñ шеkarasınan tıs ömir sürip jatqan qazaqtardıñ ulttıq tili.

**6- тапсырма.** Сұрақтарға жауап өз сөздеріңмен жауап беріңдер.

- 1.Басты құндылығымыздың бірі тіліміздің тарихы туралы не білеміз?
- 2.Тіліміздің бүгінгі тағдыры туралы не айтасыздар?
- 3.Латын әліпбиіне көшсек, қандай мүмкіндіктерге ие боламыз?
- 4.Бұл бастама өркениеттілікке жол аша ма?

## ТАҚЫРЫП 7

### АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ СТИЛІ. ШЫЛАУ ЖӘНЕ ОДАҒАЙ СӨЗДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ. ҚОСЫМШАЛАРДЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

#### Ауызекі сөйлеу стилі



Күнделікті қарым-қатынас, негізінен, ауызекі тілдесу арқылы жүзеге асады. Ауызекі сөйлеу барысында өзіндік мақсат, тілдік құрылым, қолданыс ерекшеліктері байқалады.

**Бағалау критерийлері:** 1) Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, көтерілген мәселеге баға беріп, мәліметтер мен пікірлерді өңдейді. 2) Мәтін үзінділері бойынша өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады;3) Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** ауызекі сөйлеу стилі, стильдерден өзгешелігі

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** адамдардың еркін қарым-қатынас жасау үшін не үстеу керек? ауызекі сөйлеу стилінде қандай сөздер жиі қолданылады?

**Мақсаты:** кеңесу, көзбе-көз тілдесу, пікірлесу, ой бөлісу.

**Қолданылу аясы:** еркін әңгіме – сұхбат, дауласу, көпшілік алдында сөйлеу.

**Стильдік сипаты:** сөздер мен сөз тіркестерін еркін қолдану, даяр-лықсыз өткізілуі, ым-ишара қолдану.

**Сөйлеу тілінің ерекшеліктері, тілдік амал Ауызекі сөйлеу стилі** — Тілдің негізгі қызметі қарым-қатынас жасау қызметінің жүзеге асуына байланысты.

Бұл өте кең таралған функционалды стиль. Тұрмыста, отбасыда, өндірістегі бейресми қатынастарда адамдардың еркін қарым-қатынас жасау саласын қамтамасыз етеді. Ауызекі сөйлеу стилі өте функционалды стильдерге, әсіресе олардың ауызекі түрлеріне ықпал жасайды: баяндама, дәріс, пікірталас т.б.

2. Ауызекі сөйлеу стилі өзіндік ерекшеліктерін жасайтын айрықша белгісі жағдайға байланысты сөйлеу мәнері, эмоцияға қарай тілдік бірліктерін қолдану өзгешелігі болады. Бұл ерекшелігі ең алдымен, ондағы [лексика-фразеология](#) байқалады;

а) ауызекі сөйлеу стилі диалогқа құрылады. Қатысушы екі адам. [Интонация](#) ерекше қызмет атқарады. Сөйлеу тілінің тағы бір ерекшелігі монолог (бір кісінің сөзі көпшілік алдында сөйлеу, баяндама, дәріс, консультация);

ә) Ауызекі сөйлеу стилі ерекшеліктерінің екінші түрі оның эмоциялылығы, өйткені айтушы өз эмоциясын сол сөздің аясына сыйғызуға тырысады. Мыс., "Көбірек сөйлеп кетті" (бәсеңдеу түрі, бірақ эмоция сезіледі), "Мылжындап кеттің ғой!" (эмоцияның қатаң түрі);

б) Ауызекі сөйлеу стилі әдеби кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту үшін ол өмір сүрген ортадағы жергілікті диалект сөздерді стильдік мақсатта әдеби қолданады;

в) Ауызекі сөйлеу стилінде қыстырма, қаратпа, одағай сөздер жиі қолданылады. Мыс., "Айналайын-ау, сені түсінеді деп айтып отырмын". Сондай-ақ, сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады;

г) Ауызекі сөйлеу стилі тілдің көркемдегіш бейнелеуші тәсілдері де қолданылады (теңеу, эпитет, гипербола). Мыс., "Өгіздей біреу алдымнан шыға келді";



т) Ауызекі сөйлеу стилі басқа стильдерден өзгешелігі мен ерекшелігі, ең алдымен синтаксистен сөйлем құрылысынан байқалады. Стильдің бұл түрінде сұраулы, лепті сөйлемдер катысады. Ауызекі сөйлеу тілінің стилі ой көбіне автоматты түрде (аяқастынан) дайындықсыз айтылады.

## **Шылау және одағай сөздердің жазылуы**

### **Шылау сөздердің жазылуы:**

1. Шылаулардың көпшілігі өздері қатысты сөзден бөлек жазылады. Мысалы: *Күні бойы мұз ойған жігіттің кешке қарай екі алақаны дуылдап жанып кетті (Ә.Н.).*

*ма (ме, ба, бе, па, пе), соң шылаулары жіктік жалғауынан бұрын келсе, оның тұлғасы -мы (-мі, -бы, -бі, -пы, -пі), -сын (-сін) болып өзгеріп, сөзбен қосылып бірге жазылады*

## Қосымшалардың жалғануы

- 1) қосымшалар сөздің соңғы дыбысының, буынының әуенімен үнде- сіп, бірге жазылады: *біл-ім-ді, дарын-ды, парасат-ты* т.б.
- 2) *-бан, -гер, -кент, -хана, -стан, -еке, -жан, -қар, -кеш, -дар, -көй,*

*-гөй, -қор, -қой, -мар, -маш, -нікі (-дікі, -тікі), -паз, -тал, -уар, -мен (-бен, -пен)* қосымшалары буын үндестігіне бағынбайды: *мейірбан, еңбекқор, өнерпаз, тілмаш, сөзуар, ділмар, қаскөй, Асеке* т.б.

- 3) жалқы есімдер *й, ш* дауыссыз дыбыстарына аяқталса, *-ев (-ева)*; басқа дауыссыз дыбыстарға аяқталғанда, *-ов (-ова)*; дауыстыларға аяқталса, *-ин (ина)* қосымшалары жалғанады: *Сәтбай+ев – Сәт- баев, Бегалы+ин – Бегалин, Шахан+ов – Шаханов.*
- 4) *-ов, -ев* жұрнақтары арқылы жасалған фамилияларға қосымша түбірдің соңғы буынының жуан-жіңішкелігіне қарай жалғанады: *С.Жүнісовке, С.Исаевтың.*
- 5) әріптерден қысқарған сөздерге қосымшалар оның айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай дефис арқылы жуан не жіңішке болып жал- ғанады: *ПМПИ-ге, ПМУ-дың, ТУ-144-ке.*
- 6) *күнә, кінә, шүбә, куә, іңкәр, күмән, Күләш, Күлән* сияқты соңғы буынында жіңішке *ә* әрпі жазылатын сөздерге қосымшалар жіңіш- ке жалғанады, тек барыс, жатыс, шығыс жалғаулары мен етістік тудыратын *-ла* жұрнағы жуан айтылып, жуан жалғанады: *кінәсіз, кінәлі (кінәсіна, кінәлау), куәсі, куәлік (куәга, куәдан), Күләштің (Күләшқа, Күләштан).*
- 7) *б, в, г, д* дыбыстарына аяқталатын сөздерге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшалар тек қатаң дыбыстан басталып жалғана- ды: *штаб-тан, педагог-тер, парад-қа, актив-ке, резерв-тік.*
- 8) *ст, сть, зд, сс, лл, мм, тт* дыбыстар тіркесіне біткен сөздер түбір күйінде ешбір өзгеріссіз жазылады да, оларға қосымша- лар жалғанғанда, түбірдегі соңғы дауыссыз түсіріліп жазылады: *трест – трес-тің, трес-іне; ведомость – ведомос-қа, ведомосы; саезд – саез-ге, саез-інің; металл – металдар; грамм – грамы; прогресс – прогреске.* Алайда жалқы есімдерде сақталып жазы- лады: *Донбасс – Донбасстан, 7римм – 7риммге.*

*ауыл, дауыс* деген бірен-саран сөздерге тәуелдік жалғауы жал- ғанғанда, дыбысталу ыңғайына қарай *ы, і* әріптері түсіріліп те, түсірілмей де жазыла береді: *ауылы, аулы, дауысы,*

### 1-тапсырма Мәтіннен ауызекі сөйлеу тіліне тән қолданыстарды анықтандар.

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып, сөй- лесіп тұрғанда, қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып, иіліп, бас ұрып сәлем берді дейді. Оған қарсы әлгі әкім одан да төменірек бас ұрып сәлем алды. Қасындағы бай:

-Тақсыр, осыншама жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – деп айтты дейді. Сонда әкім:

-Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдепті- лігін көрсеткенде, мен одан әдепсіз болып қалайын ба? – дейді.

(Б.Алтынсарин)



**2-тапсырма** Мәтіндердегі қате қолданылған сөздерді түзетіп, редакциялап, қайта жазыңдар. Себебін кестеге түсіріңдер.

**Үлгі:**

Қате қолданған сөздер	Себебі
Күлкінішті	«Күлкілі» сөзінің бұзып айтылған нұсқасы.

а) – Адик, Салтаға кітап керек, сен апара салшы.

– Күлкінішті. Енді кітап тасып жүрсем сол.

– Гүл боп айтқанды жасай салсаң қайтеді?

– Мазамды алмаш. Музыка тыңдап тұрм. Жынды музыка. ә) – Автобустың артын аш.

– Алдымызға бешбармақ келді.

– Жанұяңыз аман ба?

– Жасаған жақсылықтарыңызға үлкен рақмет.

– Сау-салауат болыңыз!

– Мүмкін емес. Қумашы!

– Кеше әткеншекте кәшендік.



**3-тапсырма** Сөз орамдары мен анықтамасын сәйкестендіріңдер. Шылау сөздер мен одағай сөздерді қатыстырып, берілген сөз орамдарымен сөйлем құрастырыңдар. Емлесін түсіндіріңдер.

Сөз орамдары		Анықтамасы
Сәлеметсіз бе?		Мұсылман жұрты амандасқанда қолданылатын сөз орамы
Аман-есенсіз бе?		Жас шамасы бірдей немесе қызмет бабындағы адамдар қарым-қатынасында қолданылады
Ассалаумағалей- күм!		Құрбы-құрдас, достардың амандасуы
Сәлем!		Бір сәттік кездесуден кейін қолданылатын қоштасу түрі
Сау болыңыз!		Алыс сапарға бет бұрғанда айтылатын сөз орамы



Арайлы күндер- де жүздескенше!		Көбінесе жасы үлкен адамдардың жағда- йын сұрау барысында қолданылады
Сапар сәтті бол- сын!		Келесі кездесуді асыға күтер сезіммен ай- тылатын қоштасу



Ауызша сөйлеуге қойылатын талаптар тізімін жазыңдар. Әуен, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданып, бір-біріңе оқып беріңдер.

**Үлгі:**

**Ауызша сөйлеуге қойылатын талаптар:**

**4-тапсырма** Ойын жағымды сөздермен жеткізу...



«Әсерлі сөйлеу әсерлі ойлауға ықпал етеді» тақырыбына өз көзқарастарыңның себебін, дәлелдері мен мысалдарын дайындаңдар.

Менің көзқарасым	Дәлелім	Мысал



**5-тапсырма** Көп нүктенің орнына емле ережесіне сай тиісті қосымшаларды жалғап, жаттығуды көшіріңдер.

Жапсарына өрнек жүргізілген көк бояулы оң қабырға- дағы үлкен кара сағат күмбір-күмбір қоңырауын соғып, вес- тибюль... жаңғыртып әкетті (С.Ш.). 2. Етектен жоғары қарай жамырай тартқан қалың қарағайлар да мына альпинис... ұқсап бетті биікке сілтеген (С.Ш.). 3. Он қадамдай алда асфальт... шағылысқан күн сәулесі қашқан қоянның құй- рығы тәрізді, айнымас бір қашықтықта шапшаң ілгері сыр- ғанап, толқи зырлайды (С.Ш.). 4. Кемпір шалына кінә... қарап отырды да, астыңғы ернін тістеп алып, қолындағы көктеп отырған дүниесімен әуре бола берді (Ш.А.). 5. Алла тағалам сендерге бір бала беріп, соның іңгә... жылаған дау- сын естісем, арманым жоқ (Ш.А.). 6. Құтжан өлген соң, осы көктемде жұрт Жексенді кінә... бастады (М.Ә.). 7. Қарқара- лы деген округ... әміршісі – Құнанбай мен осы Майыр (М.Ә.). Жер бетінің 70%-... астамын су басып жатыр. Кей жерде мұхиттың тереңдігі 10 км-... асады («Сұрақ және жауап энциклопедиясынан»).



**6-тапсырма** Төменде берілген кісі аттарына *-ев, -ева, -ов, -ова, -ин, -ина* қосымшаларының тиістісін жалғандар.

Құнанбай, Айтолды, Амангелді, Сейфолла, Иса, Алтын- сары, Қанапия, Аманша, Баймырза, Ғарифулла, Байғали, Байділда, Әбілғазы, Аманғали, Есенәлі, Әбіш, Ақтан, Ысқақ, Жүніс, Бектұр, Әбу, Жүсіп, Сайранбай, Құдайберді, Қасен, Жұмабай, Оралбай, Қали, Көбей, Дулат, Мырзабек, Бай- мырза, Бекқожа.



**7-тапсырма** Кестені пайдаланып, ақын шеберлігін, сөзінің әсерлілігін анықтаңдар.

Әсер еткен сөздер мен сөз тіркестері	Несімен әсерлі? Ақынның шеберлігі

Поэзия! Менімен егіз бе едің? Сен мені сезесің бе, неге іздедім? Алауыртқан тандардан сені іздедім, Қарауытқан таулардан сені іздедім. Сені іздедім кездескен адамдардан, Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан. Шырақтардан, оттардан, жалаулардан, Сені іздедім жоғалған замандардан. Сені іздедім досымнан, қасымнан да, Ақша бұлттан іздедім, жасыннан да. Сен бе дедім ақ нөсер ашылғанда,

## ТАҚЫРЫП 8

### ТҮРКСІБ ТЕМІРЖОЛЫ. ТҰЛПАР-ТАЛЬГО. СӨЗ ДӘЛДІГІ

**Сабақ негізделген оқу мақсаты:** Сөз мәдинеті, сөз дәлдігін студент бойына сіңіру мақсатында жаттығулар орындау, мәтіннің стильдік ерекшелігін ашу.

**Бағалау критерийлері:** 1) Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырады 2) Өртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдайды, негізгі үрдістерді анықтайды; 3) Жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөледі, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп жазады

**Оқыту нәтижелері:** Мәтіндегі негізгі ойды анықтау. Мәтіннің стильдік ерекшелігін тану.

**Бағалау критерийлері:** Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырады.

Жазба жұмысын абзац пен бөліктерге бөледі, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп жазады;

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** сөз мағынасы, оның өзгеруі, мағына, сөз дәлдігі - сөздің ұғымы

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ... ,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** қазақ тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін жетік білу керек пе?

**Дескриптор:**

-мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;

-мәтін мазмұнын өз сөзімен жеткізе алады;

**1-тапсырма** Суреттермен танысып, сұрақтарға жауап беріңдер.



1. Алғашқы пойыздардың қазіргі пойыздардан қандай айырмашылығы болды деп ойлайсыңдар?
2. Түркісіб теміржол торабы туралы жазылған қандай шығармаларды білесіңдер?
3. Мәтінді оқып, темір жол индустриясы туралы ойларыңды айтыңдар. Құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.



Кеңес Одағында көлік қатынасының, соның ішінде темір- жолдың маңызы айрықша зор еді. Түсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібін құру көлік қатынасына айтарлық- тай тәуелді болды. Түркістан-Сібір теміржолы ХХ ғасырдың 20–30-жылдары салынған ең ірі құрылыстардың бірі болды.

Түркісіб Орта Азияның мақта өсіретін аудандарын Сібір мен Жетісудың арзан астығымен, Сібірдің ағашымен, ірі қа- рамен жабдықтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қазақстаннан Сібірге азық-түлік тасымалдауға, сол арқылы Сібірдің экономикалық дамуын жақсартуға жол ашты.

Теміржол Қазақстан экономикасының дамуының қуатты факторына айналды, әсіресе малшаруашылығын және тау- кен ісін ілгері бастырды. Мақта егілетін жер аумағын шұғыл кеңейтуге, шетелден әкелінетін мақта мөлшерін қысқартуға мүмкіндік туғызды. Т.Рысқұлов пен М.Тынышбаев қазақтарды теміржол жұ- мысына тартуға, оларды оқыту арқылы теміржол маманда- рын дайындауға ерекше көңіл бөлді. Магистраль құрылысы- ның жұмысына Кеңес Одағының ірі қалаларында оқып жат- қан қазақ студенттері тартылды. Тек оңтүстік бөлігінің өзін- де Орта Азия мен Қазақстанның жоғары оқу орындарының 100-ден астам студенті жұмыс істеді. Түркісіб жаңа қалыпта- сып келе жатқан ұлт кадрларының, әсіресе құрылысшылар мен теміржолшылардың ірі ұстаханасына айналды. Олардың арасынан беделді басшылар мен танымал теміржолшылар шықты. *(А.Кадыров, Ж.Байхадамова)*



«Теміржол көлігі туралы» №266 Заңынан алынған үзіндіні журналист пен вокзал бастығы арасындағы сұхбатқа айналдырыңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен тілдік оралымдарды анықтаңдар.

Теміржол вокзалында билет кассалары, күтуге арналған бөлме, санитарлық-тұрмыстық, оның ішінде мүгедектер мен баяу қимылдайтын топтар үшін арнайы жабдықталған орын- дар, ана мен бала бөлмесі, ақпараттық қызмет көрсету нысан- дары, медициналық пункт, қоғамдық тәртіпті сақтау пункті болуға тиіс.

Теміржол вокзалында жолаушыларды пойыздардың жө- нелтілу және келу уақыттары, жол жүру және багажды тасы- малдау құны, шұғыл медициналық көмек, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, халыққа көрсетілетін қызмет- тер тізбесі туралы шынайы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Платформалар мен перрондарға өту және шығу мүгедек- тер мен халықтың баяу қимылдайтын топтарына қолжетімді болуы (пандустармен, мамандандырылған лифтілермен жаб- дықталуы) керек. Теміржол вокзалдары халықтың қауіпсіз- дігін қамтамасыз етуге және техникалық регламенттің талап- тарын сақтауға тиіс.

Теміржол вокзалдары тасымалдау процесінің ажырамас бөлігі болып табылады және Қазақстан Республикасы заңна- масының талаптарына сәйкес пайдаланылуға тиіс. *(adilet.zan.kz)*



Мұхамеджан Тынышбаев Түрксіб құрылысында алғаш рет аэрофотоларды қолданған. Соларға сүйеніп, ұзындығы 50–60 метрлік бірнеше жерасты жол- дарын салуды, Қордай асуының орнына Шоқпар жобасын ұсынады... «Тескен таулардың» есебінен қаржы үнемдеуге әрі 6 облысты байланыстыруға ықпал етті. Сөйтіп, жобаланған мерзімінен 540 күн бұрын ұлы жолдың соңғы шпалы төселді. 1931 жылы 1 қаңтар күні ресми түрде пайдаланылуға берілді... (Т.Жұртбай)



**1-тапсырма** .Алғашқы қазақ инженері туралы ізденіп, «Артық болмас білгенің» мәтінін жалғастырыңдар.



**2-тапсырма** Ғаламтор ресурстары мен баспасөзден қате қолданыстағы сөздерді тауып, қатесін түзеңдер.

*Үлгі:*

<i>Қате қолданыс</i>	<i>Дұрысы</i>
Мамандық таңдағанда маманға тек қана білімі мен іскерлігі ға- на емес, оның қабілеті мен жеке қасиеттерін дамыту деңгейі жағынан да қандай талаптар қойылатынын білу маңызды.	Мектеп бітіруші түлек мамандық таңдағанда, өзінің білім деңгейі мен қызығушы- лығын ғана ескермей, қандай қабілеті мен жеке қасиеттері болуы керектігін білгені жөн.



**3-тапсырма** Түрксіб теміржолы туралы шағын баяндама жазып, топ алдында интонацияны сақтай отырып оқыңдар. Сөз саны – 150.

**4-тапсырма**

«Теміржол – ел экономикасының тұғыры» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 150–170.



1. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тальго вагондары туралы не білесіңдер?
2. Болашақта пойыздың қандай моделін ұсынар едіңдер?



2. Мәтінді «Бағытталған оқу» әдісімен оқыңдар. Мәтіндегі ақпаратты кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілермен беріп көріңдер.

Теміржол машиналарын жасау саласының өсім қарқы- ны мен жүрдек қозғалысты дамыту бағдарламасы іске асты. Тальго вагондарын шығаратын зауыт салынып, өнімдері

елі- мізде кеңінен пайдаланыла бастады. Теміржол саласы үшін электровоздар мен тепловоздар ғана емес, заманауи жүк жә- не жолаушылар вагондары да өзімізде жасалады. Қазір олар түрлі бағыттарда жолаушы таситын жүрдек пойыздарда пай- даланылады. Кәсіпорынның өндірістік орынжайларының жалпы аумағы – 31 мың шаршы метр, өндірістік қуаты – жы- лына 150 вагон. Еуропалық сапа стандарттарына сай озық технологиялар мен материалдарды қолдану пойыздың саға- тына 200 шақырымға дейінгі жылдамдықпен жүруін қамта- масыз етеді. Вагондардың пайдаланылу мерзімі – 40 жыл.

2012–2015 жылдар аралығында «Жолаушылар тасыма- лы» АҚ үшін 436 вагон жасалып, жеткізілді. 2015 жылы ша- нағының ені кеңейтілген вагондар өндірісі қолға алынды. 2020 жылға дейін осындай сериялы 603 вагон шығару жос- парланған. Испанияның «Patetg Talgo» фирмасы шығарған вагондардан жасақталған «Тұлпар-Тальго» пойызы Алматы- дан Астанаға дейінгі жолды 13 сағат ішінде жүріп өтеді. Те- міржолдың кейбір бөліктерінде бұл пойыздың жылдамды- ғы – 160 км/сағат. (Д.Бімікова)

**5-тапсырма** «Салыстырмалы карта» әдісімен «Кешегі және бүгінгі теміржол торабы» тақырыбын талқылап, сұхбаттасындар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңдар.

Кешегі теміржол торабы	Бүгінгі теміржол торабы

**6-тапсырма** Графликтік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап, «Көлік инфрақұрылымы қалай дамымақ?» тақырыбына мәтін жазыңдар.

**Сөз дұрыстығы - сөзді**, грамматикалық тұлғаларды, **сөз** тіркестері мен сөйлемді тілдегі мағынасына сай қолдану, шындықты дәл бейнелейтінде етіп жұмсау, орынды пайдалану. Қазақ тілінде самай **сөзінің** самай шаш, самайын қырау шалған **деген** мағынада беріліп, адамға байланысты қолданылатыны белгілі.

Тіл ғасырлар бойы, замандар бойы жасалып қалыптасады. Халықтың әр кезеңдегі тарихының, шаруашылық, тұрмысының көрінісі. Ұлттың дәстүр, салт, әдет-ғұрып, тарих, шаруашылық-тұрмыстық өзгерістер, ерекшеліктер, таным, сенім тілде сақталады. Тіл — сонысымен қадірлі. Онда біздің ата-бабаларымыздың ойы, пікірі, жаны мен қаны бар. Тарих тілдің сол тілде сөйлеуші ұлт ерекшелігіне қарай жүйесін қалыптастырады. Тілдік жүйені дыбыстың айтылуы, өзара үндесуі, сөз мағынасы, оның өзгеруі, мағына өзгеруінің әдіс-тәсілдері мен жолдары, қосымша, сөздердің тіркесуі, сөйлем мүшелерінің орналасу тәртібі т.б. құрайды.

Адам ойы тіл арқылы айқындалады. Сөздің өзі — адам санасындағы ұғым, түсініктің көрінісі. Сондықтан да сөз бен ұғымның арасында алшақтық, қарама-қарсылық болмауы керек. Сөз дәлдігі сол сөздің ұғымына сай келетін мағынаны дәл тауып беруімен анықталады. Сөз дәлдігін айтар, жазар ойға ұштастыруда төмендегі ерекшеліктер, ескерілуі керек.

Әр сөздің жеке тұрғандағы мағынасымен бірге басқа сөздермен тіркескенде өзгерер ерекшеліктерін, қызметін, стильдік сипатын, қолданылу аясын да ескеру.

Қазақ тілінің заңдылықтары мен ерекшеліктерін жетік білу.

Орфоэпиялық норманы меңгеру: әрбір дыбысты, сөзді, тіркесті дұрыс айту, екпінді нық қою, сөздер арасындағы кідіріс, ырғақты дәл беру.

Қосымша қимыл-қозғалыс, ым-ишараны дұрыс, орнымен пайдалану.

**7-тапсырма.** Сөз дәлдігі мен байлығы деген ұғымға сәйкес мәтіндегі кәсіби сөздерді пайдалана отырып, олардың деректі және дерексіз ұғымдағы түрлерін көрсет.



## ТАҚЫРЫП 9

### ҚАРА КӨМІР. МЫС КЕНДЕРІ. АЛМАТЫ МЕТРОСЫ. СӨЗ ДӘЛДІГІ

#### Сабақ негізделген оқу мақсаты:

Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазылу ерекшелігін және сөйлеу мәдениетінің қолданылуын . Қорытынды жасай отырып, тіл байлығын молайтып, адами қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіру.

**Оқыту нәтижелері:** Әртүрлі жанрдағы мәтіндерге болжам жасау, стильдік ерекшелігін тану

**Бағалау критерийлері:** 1) Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырады. 2) Әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді талдайды, негізгі үрдістерді анықтайды. 3) Логикалық және стильдік түзетулер енгізеді, редакциялайды

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** шахта, көмір, жер түбі,

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ... ,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** шахтаның ішіне түссең не көресің?

Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырады



Үш топқа бөлініңдер. Суреттердегі ақпарат туралы екі сұрақ жазып, келесі топқа беріңдер. Өз тобыңа келген сұрақтарға жауап беріңдер.



Мәтінді оқып, өткен сабақтағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар. Стилін анықтаңдар.

«Тұлпар-Тальго» мәтіні	«Қара көмір» мәтіні
Тақырыбы	
Мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі	
Тілдік ерекшелігі	
Стилі	

...Шахтаның ішіне түссең де сол қараңғылық. Қолыңа ұс- татқан керосин фонарьмен тар шахтаны бойлап жүргенде, ал- дыңнан адам итерген көмір тиеулі вагонеткалар



кездесетін... Көмірді қол қайламен шауып жатқандарға барсаң, екі ұшы да сүйір қайламен жылтылдаған көмір пластасын дамылсыз ұрған шахтердің өнімсіз еңбегіне жаның ашитын.

Енді ше? Енді шахтаға электр лифтімен түсесің. Оның тазалығы да, жылдамдылығы да қонақ үйлердегі лифтілерге ұқсайды.

Шахтаның ішіне түссең, ол да электрленген бір сарай. Тіз- бектелген вагонеткалар көмірді қазір электр күшімен ғана та- сиды. Көлбей жасалған шахталардан тізбектеліп өздері шығып жатады, тік шахталарда машиналар көтеріп жатады.

Көмірдің қызарып жатқан жеріне барсаң – бүкіл денесі- мен тұтаса қимылдап жатқан комбайндар. Олар көмірді қазып жатқан сияқты емес. «Көмір» аталатын жердің өзегін үздіксіз және мол тарта сорып жатқан сияқты. Соған қарап тұрып, тапқыш адам ойының көмірге арнап шығарған бұл қуатына қайран қаласың да, тұрасың!

*(С.Мұқановтың жолжазбаларынан)*



1.Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, журналист пен көмір өндіруші шахтердің сұхбатын жазыңдар.



2.Интервьюде сөздерді іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолдана біліңдер. Жұптасып, бір-бірінің жұмыстарыңды тексеріңдер.



3.Жазушы қолданған әр сөздің мағына дәлдігіне назар аударыңдар, түсіндіріңдер.

Мейрам көмір құдығының түбіне жеткенде, басқа бір дүниеге жеткендей болды. Тоғыз қанат киіз үйдің көлемін- дей ғана қуыс, төбесінде кішкене шаңырақтай тесігі бар. Көмір тартқан екі шелек дамыл-дамыл түсіп-шығып, сол тесіктен жылтыраған көгілдір сәулені бүркей береді. Күн- батысқа қарай жер астын кеулеп бір қуыс жатыр: биіктігі кісі бойы, ұзындығына көз жетпейді, көмір қабырғалары шамның жарығымен шағылысып, жылт-жылт етеді. Төбеге қолдың саласындай қылып ағаш қиыпты, әр ағаштың екі басына тіреу қойып, қабырғаға жапсыра тіреп тастаған. Осы жолмен келіп-кетіп жатқан тәшкілердің дабыры, көтерілген көмір тозаңы тосын көзге жер астын алай-түлей, даң-дұң, жат дүние көрсетіп тұр.

*(Ғ.Мұстафиннің «Қарағанды» романынан)*



**1-тапсырма «Қазақстандағы ауыр индустрияның болашағы» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар.**



Берілген сөздер мен тіркестерді тақырыпқа бөліп, кестеге бірінші болып дұрыс орналастырған оқушы жеңіске жетеді.

Металлургия	Мұнай өндірісі

Түсті металдар, құбыр арқылы тасымалдау, минералдық шикізат, жанар-жағармай зауыты, кара металлургия, көмір- сутектер қоспасы, руда, синтетикалық талшықтар, кентас, бензин, металл қорытпалар, керосин.



**2-тапсырма** «Қаныш Сәтбаев – Қазақстан ғылымының атасы» мәтінін (05. mp3) аудиожазбадан тыңдаңдар. Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырыңдар және баға беріңдер.



**3-тапсырма** Суреттердегі ұлы тұлғаларды анықтап, мәтінді «Суреттер сөйлейді» әдісімен оқыңдар. Тыңдалым мәтінімен салыстырыңдар.

Оқылым мәтіні	Тыңдалым мәтіні
Тақырыбы мен мақсаты	
Стилі мен тілдік ерекшелігі	
Екі мәтіннің ұқсастығы	

### Қазақ халқының зор ғалымы

Қазақ ғалымдарының алдыңғы қатарынан қадірлі орын алатын кісінің бірі – Қаныш Сәтбаев.

1926 жылдан санағанда, табандай 15 жыл бойы Жезқазған ауданының барлық кен байлығын зерттеді. Тәжірибесі өсіп, мемлекеттік ұлы шаруаны ойдағыдай басқарумен қатар, Қаныш сол жылдардың өзінде қазақ халқынан шыққан жас инженер-геологтерді баулып, өсіре жүреді.

Үлкен талантпен қанаттанған талабының жемісі өз республикасына және Ұлы Отан көлемінде таныла бастайды.

2400 жыл бұрын грек тарихшысы Геродот: «Арал теңізінің алқабында сақ, массагет деген елдер бар. Қола мен жездің молы соларда. Өз жерлерінен қазып алады», – деген екен.

XIII ғасырда соғып өткен бір кезбе: «Мұнда мол байлық жатыр», – деп кетіпті.



Медеу Сәрсек – ұлтымыздың кемеңгер перзенті Қаныш Сәтбаевтың ғұмыр жолын айшықтауға қырық жылдан астам уақытын сарп етіп, тартымды еңбектерімен қазақ қауымына танылған қаламгер. «Нартұлға» сериясымен жарыққа шығып отырған «Қаныш Сәтбаев» ғұмырнамасы – деректі жанрдың айтулы шеберінің осы саладағы көпжылдық еңбегінің ең толымдысы. Сабақтағы ақпараттарды пайдаланып, Қ.Сәтбаев туралы «Дара тұлға» тақырыбында эссе жазыңдар. Жұптасып, бір-біріңнің жұмыстарыңды азатжолдарға бөліп, ақпаратты дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.



**4-тапсырма** Суреттегі ақпараттарды пайдаланып, «Металлургияның дамуы – еліміздің экономикасының дамуы» тақырыбында сұхбаттасыңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдаңдар.



**5-тапсырма** Екі тапсырманың бірін орындаңдар. Ғаламтор деректері мен энциклопедиялық мәліметтерді пайдаланып, Қазақстандағы металлургияның дамуы туралы мақала жазыңдар.



**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

Алматы қаласындағы метромен жүріп көрдіңдер ме?

Метро бекеттерінің сәулетін қалай бағалайсыңдар?



**5-тапсырма** Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар

Алматы қаласында алғаш рет метрополитен ашылды. Рес- ми мәліметтерге қарағанда, метро көлік кептелісін қысқартуға, қаланың экологиялық ахуалын жақсартуға, сондай-ақ көлік мәдениетін қалыптастыруға зор ықпал етпек.

1988 жылдың 7 қыркүйегінде метрополитен құрылысы басталды. Кеңес Одағының заңы бойынша, тұрғындар саны 1 миллионнан асатын қалада жерасты жолын салу міндеттел-

ген-ді. Ал Алматы қаласы тұрғындарының саны 1981 жылы- ақ миллионнан асқаны жөнінде ресми ақпарат жарияланды.

Алматы метрополитенінің ұзындығы – 10,3 шақырым. Әзірге 9 бекеті бар, олар: «Райымбек батыр», «Жібек Жолы», «Алмалы», «Абай», «Байқоңыр», «М.Әуезов атындағы драма театры», «Алатау», «Сайран» және «Москва» бекеттері. Метрополитеннің тереңдігі – 40 метр. Пойыздың жылдамдығы – 40 км/сағ, жүру жиілігі – 10–13 минут. Әр аялдаманы безендіруде ұлттық ою-өрнектерге басымдық берілген. Сондай-ақ қазақтың тарихи болмысынан сыр шертетін композициялық суреттер жерасты жолын әрлендіре түскен. Мәселен, «Абай» бекетінде қоладан жасалған панно флоренциялық нақышпен өрнектеліп, қазіргі заманға сай безендірілген. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының бейнесі, ақынның өлеңдері мен қарасөздері тасқа қашалған. Метрополитенде жолаушыларға желдеткіштер, эскала-торлар мен көтергіштер қызметі ұсынылған. Қазіргі заманға сай әрқайсысы 4 вагоннан тұратын сыйымдылығы 940 адамдық электропоездар жолаушыларды тасымалдауда.

*(Дайындаған А.Сматуллаева)*

Еліміздегі металл өндірісінің болашағы туралы ойларыңды жинақтап, «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар. сөйлем: «Менің ойымша, ...».

сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын: ...».



**Соңғы сөйлем:** «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім: ...». «Метрополитен экологиялық ахуалды жақсартып, көлік мәдениетін қалыптастыра ала ма?» деген сұраққа екі түрлі пікірді жақтап, ойталқы өткізіндер. Қорытындысын кестеге жазыңдар.

Иә. Дәлелдемелер	Жок. Дәлелдемелер



Қазан метросы 2005 жылы қаланың 1000 жылдық тойын тойлау қарсаңында ашылыпты. Ол – Ресейдегі жетінші, КСРО құлағаннан кейінгі алғашқы іске қосылған метро. Қазан метросы бір бағытта салынууда. Әзірге онда тоғыз бекет бар, таяу арада оныншы бекет пайдалануға берілмек. Қазан метросы жер бетіне өте жақын жүргізілген. Биіктігі өте бәсең, ішкі акваториясы тар. Қасбетінің өту алаңы цементтен құйылған. Пайдалануға берілгеніне небәрі 10 жыл болса да, ол ширек ғасырдың кейпін береді. Ішкі әрлеу жұмыстары көңіл көншітпейді, сәуле беру жүйесі күңгірт. «Кремль» және «Фаб-долла Тоқай» бекеттерінен өзге аялдамалары қарапайым. Нижний Новгород қаласы метрополитені – Ресейдегі үшінші, КСРО-дағы оныншы метро. Бұл жерде тарап кеткен Одақты айтудағы себебіміз – құрылысы жүргізілген метролар сол тұстағы алып империя азаматтарының, салық төлеушілерінің қаржысына салынған. Сондықтан онда біздің де үлесіміз бар. 1973 жылы жоспарланып, 1977 құрылысы басталған Нижний Новгород метросы 1985 жылы пайдалануға берілген. Екі бағытта жұмыс істеп тұрған метроның жалпы ұзындығы 18,9 шақырымды құрайды екен. Әзірге онда 14 бекет бар.

*(ҚазАқпарат)*



**6-тапсырма** «Артық болмас білгенің» мәтінін азат жолдарға бөліп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.



**7-тапсырма** Ғаламтор ресурстары мен баспасөзден ізденіп, Алматы метрополитенінің бекеттері және олардың сәулеті туралы материалдар жинақтап, презентация жасаңдар.



**Үй –тапсырмасы** Дүниежүзі бойынша метрополитен жүргізген мемлекеттер туралы мәлімет жинап, артықшылықтары мен ерекшеліктері туралы кесте құрыңдар.

### Сөз дәлдігі

Ойдың айқындылығы сөз қолданыстағы дәлдікпен тығыз байланысты. Сөз қолданыстағы дәлдік сөйлеушінің тақырыпты қаншалықты меңгергенімен, ойлау жүйесінің тереңдігімен, кез келген әдеби тілінің байлығы мен нормасын жетік білуімен өлшенеді. Сөз мағыналарын жақсы білген адам сөзді орнымен жұмсай алады. Сөйлеуші сөздердің табиғи мүмкіншіліктерін тура мағынасын, көп мағыналылығын, синонимдік, антонимдік, омонимдік қасиеттерін кең түрде пайдаланумен бірге, сөздерді ауыспалы мағынада, тұрақты тіркестер мен мақал – мәтелдерді қыбын тауып қолдана білгені жөн. Әрбір қолданыста әр түрлі мағынаға ие болатын көп мағыналы сөздерді өз орнында ұтымды қолдана алса, ой мен ұғым дәлдігіне жетеді. Мысалы, дүние деген сөздің қанша мағынасы бар болса, сонша рет қолданысқа түседі: бүкіл әлем, жер жүзі; өмір, тіршілік; мал, мүлік, көңіл – күй одағайы, т. б. немесе мағынасы бір – біріне жуық, мәндес сөздер болғанымен, синонимдер көп жағдайда бірінің орнына бірі жүре алмайды. Ал бір – біріне кереғар, қарама – қарсы мағынадағы антоним сөздер – ойды әсерлі, бейнелі түрде жеткізудің оңтайлы құрамы болып есептеледі. Кез келген тілде дыбысталуы бірдей, бірақ басқа – басқа мағыналарды білдіретін сөздер қаншама! Ондай сөздерді омонимдер деп атайды. Омонимдерді орнымен қолдану сөйлеуде қателік жіберуден сақтандырады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні мақал – мәтелдер мен фразеологизмдер дәлдікпен қолданғанда, ойдың айқындалғанымен қоса, сөйлеудің көркемділік деңгейін көтереді.

## ТАҚЫРЫП 10

### МҰНАЙ ИНДУСТРИЯСЫ. ӘЛЕМНІҢ ІРІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЛПАУЫТТАРЫ ҚАЗАҚСТАНДА. СӨЗ ДӘЛДІГІ

**Тақырып 8.** Мұнай индустриясы. Әлемнің ірі индустриялық алпауыттары Қазақстанда. Сөз дәлдігі

#### Сабақ негізделген оқу мақсаты:

Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазылу ерекшелігін және сөйлеу мәдениетінің қолданылуын . қорытынды жасай отырып, тіл байлығын молайтып, адами қасиеттерді оқушылардың бойына сіңіру.

**Оқыту нәтижелері:** Әртүрлі жанрдағы мәтіндерге болжам жасау, стильдік ерекшелігін тану

**Бағалау критерийлері:** 1) Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырады. 2) Жазба жұмысын абзац пен



бөліктерге бөледі, ойын (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп жазады; 3) Логикалық және стильдік түзетулер енгізеді, редакциялайды Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым - қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырады

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** шахта,көмір,жер түбі,

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** тарихтай қатталған қара жер қабатының астын- дағы мұнай тасқыны зауыттар мен фабрикалардың жүрегіне қызу қан берер ғажап күш емес пе!?

**Дескриптор:**

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.
- Мәліметтер мен пікірлерді өңдейді.
- Логикалық және стильдік түзетулер енгізеді, редакциялайды



**1-тапсырма. Мәтінді оқындар.Мәтін бойынша сұрақтар құрастырындар.**



Мәтінді оқып, өткен сабақтағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар. Стилін анықтаңдар.

«Алматы метросы» мәтіні	«Мұнай мұхиты» мәтіні
<b>Тақырыбы</b>	
<b>Мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі</b>	
<b>Тілдік ерекшелігі</b>	



Стилi

## Мұнай мұхиты

Маңғыстау... Сенің ғасырлар бойы құлазыған көне көкірегің бұл күнде мынау өмірге ғашық жандардың жүрегіндей лүпілдейді. Сенің осы бір арай жүз келбетіңе қарап, менің де кішкентай жүрегім лүпілдейді. Қуана тұрып, бір тәтті ойларға еніп кетем... Тарихтай қатталған қара жер қабатының астын- дағы мұнай тасқыны зауыттар мен фабрикалардың жүрегіне қызу қан берер ғажап күш емес пе!?

Маңғыстау... Сенің даңқыңды, біздің дәуірдің ғажайып адамдары дүбірлеткен даңқыңды бұл күнде жер шарының біраз түпкірі біледі. Бүгін қазына аралына айналған сенің атағың қазақ даласының шекарасынан жырақ кеткен.

...Иә, сенің ғажайып болашағың әлі де талайларды таңыр- қатады. Өз ұрпағыңа, өсіп- өркендеген ғаламат заманның кереметтерін құрыш қолдарымен өзі жасап жүрген ұрпағыңа әлем алдында «Міне, қараңдар менің ғажайып өлкеме!» дей- тіндей мақтан бола бересің, сен, дариялы мекен!

*(Ф.Оңғарсынованың «Мұнаралы Маңғыстау» мақаласынан)*



**1-тапсырма** Мәтіндегі кәсіби сөздерді тауып, іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданып, 10 сөйлем жазыңдар.

...Енді бірде скважина аузы опырылып кетті.

Шыңыраудан шыңғыра шапшып, жөңкіле лықсыған жал-жал бұйра толқын жер бетіне шыққан соң арыстандай өкіре, тіп-тіке аспанға шаншылды да, мұнара маңын сама- ладай жайнатқан көп прожекторды көме нөсерлетіп, тулап, бұлқынып, булығып, қайтадан кері құлап түсіп жатты.

Смена адамдары фонтанды скважина аузына арматура орнатпақ боп әуре-сарсаң, кейбіреулері селдеткен қара көк тасқынға кіріп-кіріп кетеді. Енді біреулер кезек-кезек при- винторға жүгіреді, привинтор тұтқасын екеу-үшеуі қосыла жабылып бұрайды. Тұтқа сіреседі, қозғалмайды. Амалы құрыған бір-екі адам бір-біріне ажырая қарап, айқайла- сады:

- Тұтқа неше рет бұралды?
- Жиырма рет.
- Алты айналымы кем. Айттым ғой, кондукторды газ бұзып өткен.

Фонтан өрши түсті. Қарақошқыл қою бұрқақ бірден бірге жалданып, биіктей берді. Мұнара маңы қолма-қол мұнай теңі- зiне айналып барады. Шоқтығына қол тимеген асау тәрізді жабайы, тағы табиғаттың біресе ішін тарта өксіген, біресе аһ ұра аңыраған үрейлі үні де толастар емес.

Болат мұнараға толқынды сел арасынан қорғасын быты-радай сырт-сырт соққан әлденелер жылт-жылт ұшқын ша-шыратқандай еді, ізінше моторлы будка жақтан қып-қызыл от жарқылдап, күп-күрең жалын сүйреңдей бастады...

(З.Қабдоловтың «Жалын» романынан)



Елімізде «қара алтын» өндіру 20 жылдың ішінде жылдық мөлшерін төрт есеге көбейтті, ал әлемде бұл көрсеткіш бір жарым есеге ғана артып отыр. Мұнай нарығындағы мемлекеттің ғаламдық үлесі 10%-ке өскендігі де хақ. «Қара алтынды» өндіру мен экспорттаудың әлемдік деңгейдегі жаңа орталығын Қазақстан дәйекті түрде қалыптастырып келеді. Тәуелсіздік алған уақыттан бергі мерзім ішінде мұндай жетістікке жетуімізге осы салада жасалған түбегейлі өзгерістер негіз болып отыр. **«Артық болмас білгенің»** мәтініндегі сандық деректерді негізге алып, мәтін құрастыру

**2-тапсырма** Мәтіндер бойынша бақылау сұрақтарын құрастырыңыз.

**3-тапсырма** *«Мұнай өндіру ісінде нені ескеру керек?»* деген мәселе бойынша мәтін жазыңдар.

**4-тапсырма** Жұптасып, бір-біріңнің жұмыстарыңды азат жолдарға бөліп, ойларыңды (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.



**5-тапсырма** Елімізде мұнай өндіру қалай жүзеге асатыны туралы мәлімет жинаңдар.



Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Екі топқа бөлініңдер:

---

1-топ – журналистер;

2-топ – мұнай өндірушілер.

---

Мамандандырылған тар аядағы арнайы терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды қолданып, сұхбат құрыңдар.



**Үйге тапсырма** «Мен мұнайлы даланың перзентімін» тақырыбына эссе жазыңдар. Сөз саны – 150–170.

---

**Рефлексия:**

1. Қиын болған ақпарат;
2. Алдағы уақытта оқығым келетін ақпарат.

## ТАҚЫРЫП 11

### ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІҢ ЖАҒАНДАНУ ҮРДІСІ. ТІЛДІК НОРМА. ҒЫЛЫМИ СТИЛЬ

**Сабақ мақсаты:** Ұлттық мәдениеттің жаһандану үрдісі. Тілдік норма. Ғылыми стиль. Өртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алады

**Бағалау критерийлері:** 1) Берілген мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратады. 2) Мәтіннің мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды. 3) Ғылыми - көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады, интервью жазады

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** жаһандану, қоршаған орта, демография,

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ... ,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** Қазақстанда Жаһандану жолында болып жатқан өзгерістер бар ма және қандай деп ойлайсыңдар?

Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату.



**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыздар.

**Жаһандану**, немесе **Глобализация** ([ағылш. Global](#) — «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет [1983 жылы](#) енгізген америкалық экономист [Теодор Левитт](#). Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін 20 ғасырдың ортасынан бастап [Уолт Ростоу](#), [Дэниел Белл](#), [Алвин Тофлер](#), [Питер Дракер](#), [Джон Нейсбитт](#), [Лестер Туроу](#) зерделеді. Олар ғылымға “интеллектуалдық индустриялар экономикасы”, “[ақпараттық қоғам](#)”, “[техникалық революция](#)”, “[ақпараттық жарылыс](#)”, “[ғаламдық ауыл](#)” деген ұғымдарды енгізді.

Жаһандану ұғымы, жалпы алғанда, әлемдік өркениеттің аса маңызды өлшемдерінің жалпыадамзаттық өлшемге ие болуы деп түсіндіріледі. Қоршаған орта, түпкі ресурстар (энергия, су, азық-түлік), [демография](#), көші-қон толқындары, [есірткі тасымалы](#), халықаралық [терроршылдық](#) проблемалары жекелеген елдер күшімен шешілуі мүмкін емес. [Ақпараттық төңкеріс](#) бұл проблемалардың жаһандық өлшемге ие болуына ықпал етті.



Ойды аяқтандар: «Мәдени жаһандану дегеніміз...».

Өз ойларыңа түсіндірме (комментарий) жасап, көзқарас- тарыңды білдіріңдер.



Екі мәтінді салыстырыңдар. Публицистикалық шығарма тілінің стильдік бедерін анықтандар. Қазақстан әртістері Бейжіңде өнер көрсетті

Концерттік бағдарламаны Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі «Көңіл ашар» күйімен ашты. Қазақтың дәстүрлі аспаптары мен ұлттық әуендерінің үйлесімділігі көрермендерді көшпенді дала халқының ежелгі әрі жұмбақ әлеміне жетеледі. Екі жарым сағат ішінде фольклорлық туындылар классикаға ауысып, «Астана балет» би ұжымының балериналары көрермендерді «Аққу», «Қарлығаш» сияқты билерімен тәнті етті. Қазақстанның Еңбек сіңірген әртісі Бекболат Тілеухан қытайлықтарға «Сарыарқа» мен «Ақтамбердінің толғауын» орындады.

Алыс-жақын мемлекеттерде Қазақстан мәдениеті күндері өткізіліп тұрады. *(ҚазАқпарат)*

### Қазақстандағы мәдени жаһандану

Мәдени жаһандану үрдісін жас әрі дамып келе жатқан тәуелсіз Қазақстан мемлекетінен де көруге болады. Ұлттық қайта жандану үрдісі салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаңғыртумен байланысты жүріп жатыр. Қазақ халқы үшін бұл өте қиын және күрделі мәселе: жоғалған салт-дәстүрді қайта қалпына келтіру керек. Қазіргі қазақтар – бұрынғы малшы, көшпенді халық емес. XX ғасырда саналы түрде салт- дәстүрді жою және қудалау жүзеге асырылып келді. Жетпіс жылға созылған кеңестік кезеңде Қазақстанда салт-дәстүр- мен «өткеннің қалдығы» ретінде күресті. Алайда халықтың қажырлылығының арқасында бұрынғы салт-дәстүрлер сақ- талып келеді. *(М.Оспанғалиева)*

**Тілдік норма** тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау, бел- гілі бір тәртіпке, заңға бағындыру. Тілдік норма орфографиялық норма, орфографиялық норма, лексикалық норма, фонетикалық норма, грамматикалық норма деп бөлінеді.

Тіліміздегі грамматикалық тұлғалардың бір қалыпқа түсіп, дағдыға айналып жұмсалуды **грамматикалық норма** деп аталады. Граммати- калық норма үшке бөлінеді:

- 1) сөзжасамдық норма;
- 2) морфологиялық норма;
- 3) синтаксистік норма.

Сөзжасамдық норма дегеніміз – туынды сөздің тілдің қалыптас- қан заңдылығына, амал-тәсілдеріне сай жасалуы. Мысалы, «семья» ұғымына қатысты жанұя, үйелмен, отбасы сияқты атаулардың ішінен әдеби тіл нормасына тек отбасы атауы ғана тұрақталды.



Сөзжасамдық норма сөз тудырушы қосымшалар мен сөздердің тіркесіміне де қатысты. Айталық, тілімізде оқы етістігіне жұрнақ жал- ғану арқылы жасалған оқушы және оқырман сөздері бар. Тілдік қол- даныс барысында мағыналары сұрыпталып, екеуі де әдеби нормаға сай екі ұғымның атауы ретінде қалыптасты. Сол сияқты ұшақ пен тік сөздерінің бірігуінен тікұшақ атауы, бейне сөзіне жазба, таспа сөз- дерін біріктіру нәтижесінде әдеби нормаға сай келетін бейнежазба, бейнетаспа атаулары енді. Жаһандану (ағыл. *global* – «әлемдік», «дүниежүзілік») – жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, ақпараттық және мәдени тұтастық үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы америкалық экономист Теодор Левитт енгізді. Жаһанданудың түрлі аспектілерін

XX ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға «интеллектуалдық индустриялар экономикасы», «ақпарат- тық қоғам», «техникалық революция», «ақпараттық жары- лыс» деген ұғымдарды енгізді.



**5-тапсырма** Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мәдени жаһанданудың пайдасы не зиянын саралап, интервью жазыңдар. Тақырыбын өздерің қойыңдар.



**6-тапсырма** Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды жаң- ғырту туралы пікір алмасыңдар.

Әдет-ғұрып	Мені қызықтырады	Өз ойым



**7-тапсырма** Өздерің ізденіп, кестені толтырыңдар.

Салт-дәстүрдің түрлері	Заманауи өзгеріске ұшыраған тұстары

Мәдени жаһандану туралы түсінгендеріңді «БББ» әдісімен қорытындылаңдар.

Б (Мен не білемін?)	Б (Менің не білгім келеді?)	Б (Мен не білдім?)

**Тілдік норма дегеніміз** – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру.

Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, олар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Ол тәртіпті орнататын да, оның иінін қандыратын да әдеби тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі қалыптасқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Тілдік норма әдеби тілдің нормасы арқылы реттеліп отырады. Әдеби тіл нормасы өзгермейтін, сірескен қатаң қағидаларға құрылған жүйеге ғана емес, динамикалық қасиетке ие дағдыға да сүйенеді. Әдеби тілге сіңіскен, әдеби тілде орныққан тіл байлықтары "тілдік норма" дегенге жатады.

Тілдік нормалану процесі үздіксіз жүріп отырады. Ғалым М. Балақаев қазақ әдеби тілінің нормалануының үш түрін көрсетеді: а) тілдің ілгері даму процесінде оның ішкі заңдарына негізделген жүйелілік пайда болады. Оларды қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық қағидаларынан анық көруге болады. ә) сондай тілдік дәстүрлерді әдеби тіл бекемдей түсті де, сөйлеу тілінде бар шашыраңқылықты, алауыздықты жою, тілдік нормаларды орнату процесі жүріп жатты. б) әдеби тілде нормалауға бағытталған көптеген жұмыстар жүргізілді: графика, орфография, пунктуация, терминология мәселелері шешілді.; түрлі сөздіктер жасалды, практикалық және ғылыми грамматикалық жазылды. Тілдің тұрақты нормалану процесіне функционалдық стильдер де өз әсерін тигізеді. Себебі, әр стильдегі тілдік ерекшеліктер, тілдік қолданыстар белгілі бір деңгейде нормаға түсіп, жүйеленіп отырады. Бұған әрбір стильдік қабат өзінше үлес қосады.

Функционалды стильдер тілден тысқары (экстралингвистикалық) жағдайлардың негізінде жасалады. Алайда стиль тілдің (сөздің) бір түрі болғандықтан, ол тілдік (лингвистикалық)



жағынан да сипатталады, яғни әр стильге тән, оның ерекшелігін белгілейтін тілдік құралдар болады. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, әрбір стиль әдеби тілдің нормалануына септігін тигізіп отырады.

Тілдің нормалану процесінде функционалды стильдің әрқайсысы өзіндік тілдік құралдарының ерекше жүйесімен сипатталады: - функционалды стильдер - тілдік құралдардың бейтарап және стилистикалық бояуға ие түрлерінен құралатын жүйелер: - стильдер тұйықталған емес, өзара байланыста, қатынаста болып, бірінен-біріне өте береді;

- стильдер тілден тысқары (қатынас саласы, сөйлеу жағдайының сипаты, сөйлеу актісіне қатысушылардың саны т.б.) және лингвистикалық факторлардың әсерінен пайда болады;

- белгілі бір стильдің ерекшеліктерін зерттеу тілден тысқары жағдайларды ескерумен бірге әр деңгейдің (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық) тілдік құралдарын қарастыруды қажет етеді;

- функционалды стильдер одан әрі ұсақ стильдік (стилішілік) тармақтарға бөлінеді.

Тіл адам баласының пікір алысу, қарым-қатынас жасау қажетін өтейтін өткір құралы болғандықтан, оны жасаушы, пайдаланушы қоғам ол құралды шындай түсу қамын ойлайды. Өйткені қоғам өмірінің биік шыңға көтерілуі, адамдардың ой-өрісінің, сана-сезімінің, экономика, өнер-білім, ғылым, мәдениетінің біріне- бірі ілесе ілгері дамуы, сөз жоқ, оның тіліне де ықпалын тигізеді. Қазіргі қазақ әдеби тілін кемелденген бай тіл, мәдениеті жоғары тіл деп танымыз. Оны қазақ халқының Октябрьден кейінгі ұшан- теңіз көп табыстарының бірі деп те ұғынамыз.

Тіл байлығы, тілдің икемділігі оның қоғамдық қызметінің ұлғая түсуімен, әдеби тілдің нышан-белгілерін дамыта түсумен ұштасып жатады. Өйткені әдеби тілге тән ерекше белгілерін, соның бірі – нормально жүйесін жетілдіру әдеби тілдің өзін қалыптастыра, дамыта түсудің қамы болмақ.

Әдетте мәдениетті елдің тілі де, жазуы да жүйелі түрде тәртіпке түскен болады. Солар адам ойының жүйелілігімен үйлескен барлық іс-әрекеттерінің орнықты, тап-тұйнақтай айқын, дәл болуын тілейді.

Тіл жұмсауда да сондай дәлме-дәлдік, айқындылық болуға тиіс. Соның бір саласы тілдік нормалардың қалыптасу мәселесімен ұштасады.

Тілдік норма тілдің ішкі заңды жүйелері негізінде дамып қалыптасады, солар сұрыпталған, ұтымды орайында, жалпыға бірдей ортақ түрінде жұмсалады. Тілдік норма дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру.

Ол тәртіпті орнататын да, оның иін қандыратын да әдеби-тіл. Тілдің дыбыс жүйесі, сөз байлығы, сөз мағыналары, тілдің грамматикалық құрылысы – бәрі атам заманнан келе жатқан заңды ерекшеліктерге негізделеді. Халық тіліндегі сан алуан байлықтар басы бір жерге қосылмайтын бытыраңқы құбылыстар емес. Олардың бәрінде әдеби тілге негіз боларлықтай заңдылықтары бар. Сонымен қатар ауызекі халық тілінде ол заңдылықтардан жөнді-жөнсіз ауытқитын әдеби нормадан тыс жатқан құбылыстар да бар.

Қазақ әдеби тілі халық тілінен өзіне керегін таңдап-талғап, сұрыптап алып, оларды жалпы жұртқа ортақ етіп, халықтың тіл мәдениеті дәрежесі жоғары болу үшін, оларды бір ізге түсіреді. Ол ұзын-сонарлы процесс бірер жылда аяқтала қоймаса керек, көптеген әдебиеттер арқылы әдеби тілдің түрлі даму кезеңдерінде тіл нормалары түрлі себептермен өзгеріп, белгілі бір дәуірде олар басқаша айтылып, басқаша жазылып, жаңа нормалар орнығуы да мүмкін.

Мысалы, қазіргі әдеби тілдің басын демократиялық әдебиеттің дамуымен байланысты деп қарайтын болсақ, оның алдында түркі халықтарының біразына ортақ “шағатай әдеби тілі” болғаны мәлім. Оның бір түрі XVIII ғасырда “кітаби тіл” деп те аталатын. Қазақ елінде сол тілді пайдаланушылар арабша сауаты бар ақындар болатын. Мысалы, М. Қалтаевтың “Насихат қазақия” деп аталатын кітабында (1911 ж., Қазан) *уағда – уәде, тоғры – тура,*

*ғамал – амал, хакім– әкім, халал — адал, харам — арам, ғадал– адал* сияқты сөздер кездеседі.

**Тілдік стиль** — айтайын деген ойды неғұрлым әсерлі жеткізу мақсатында жалпыхалықтық тілдің сөз байлығын талғап қолдану тәсілінің бір түрі. Тілдік стиль стилистикадағы негізгі категория болып табылады. Стиль түрлері өзара үнемі қарым-қатынасқа түсіп, бір-біріне ауысып, тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы үздіксіз жетіліп отырады.

**Тілдік стильдер.** Қазіргі дамыған ұлт тілдерінде стильдің 3 негізгі түрі бар:

1. бейтарап стиль
2. кітаби стиль
3. қарапайым сөйлеу тілінің стилі. Ср. Функционалдық стильдер.

**Бейтарап стиль** – тілдің барлық стильдерінде қолданыла беретін сөздер. Ол белгілі бір стильге телулі сөздерге, экспрессиялық реңкі бар сөздерге қарама-қарсы тұрған құбылыс ретінде танылады. Мысалы: дидар – жағымды, сықпыт – жағымсыз мәндегі сөздер

**Кітаби стильдер** осының алдында талдау жасалған сөйлеу стилі сияқты, өмірдің белгілі салаларында пайдаланылып танылған ұлт тілінің нақтылы түрі болып саналады. Олар әр саладағы атқаратын қызметіне (функциясына) қарай іс қағаздар мен ресми стиль, публицистикалық стиль, ғылыми стиль және көркем сөз стиліне бөлініп жіктеледі. Кітаби-жазба стильдердің былайша бір-бірінен ажыратылыш бөліне бастауы қоғамдық ой сананың жо-ғарылығынан болады. Неғұрлым қоғамдық ой жоғары болса, сол-ғұрлым ұлт тілінің маңызы артады.

**Қарапайым сөйлеу стилі** белгілі бір жағдайда тікелей жасалатын қатынас стилі болғандықтан, ол сөйлеудің ауызша формасымен тығыз бай-ланысты. Ауызша сөйлеуде еркіндік басым келеді. Яғни үйреншікті жағдайда адамдар қысылмай еркін сөйлейді. Өйткені онда күнделікті өмірге байланысты мәселе сөз болады. Сондықтан сөйлеу тақырыбына сай тұрмыста көп жұмсалатын үйреншікті сөздер мен сөз тіркестері қолданылады.

## ТАҚЫРЫП 12

### ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒАНДАНУ. СӨЗЖАСАМДЫҚ ТӘСІЛДЕР



**Сабакқа негізделген мақсаты:** Экономикалық жағандану. Сөзжасамдық тәсілдер. Өртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алады

**Оқыту нәтижелері:** Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату.

**Бағалау критерийлері:** 1) Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасайды; 2) Өртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алады; Берілген мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратады.

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** экономикалық жаһандану, жаһандық ақпараттық желілері

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ... ,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** Қазақстанда экономикалық жаһандану жолында болып жатқан өзгерістер бар ма және қандай деп ойлайсындар?

**Дескриптор:**

-Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.

-Мәліметтер мен пікірлерді өңдейді.

Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтайды. Сұрақтарға жауап беріндер.

Еліміздегі жаһандану арқылы дамып келе жатқан салаларды атаңдар.

«Өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру, ұлттық дамуды тежейді» дегенді қалай түсінесіндер?

**Жаһанданудың жақсы жақтарына кесте құрындар.**

Мәтінді оқып, тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызме- тін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдаңдар

Жаһандану адамзат қоғамына не берді? Алдымен, ғылыми-техникалық, экономикалық жетістіктерді айтамыз. Әлемнің бір түкпірінде ашылған ғылыми жаңалық ғаламтор арқылы сол сәтте жер жүзіне тарап, жалпы адам баласының игілігіне айналууда. Жер бетінде жаһандануға ұшырамаған ел кемде-кем. Ұлттық, мемлекеттік шекараларды білмейтін жа- һандану бүкіл әлемді қоғамдық дамудың тайқазанында бұрқ- сарқ қайнап жатқан біртұтас дүниеге айналдырууда. Қазір әлемде жаһандану қамтымаған сала жоқ. Ішіп-жеген тамағымыздан бастап, киген киімімізге, мінген көлігімізге, өндіріс орындарының құрал-жабдықтарына, тұрғын, жатын, жұмыс жайларындағы жиһаздарға, техникаларға, өмір сүру, еңбек ету салтымызға дейін қамтып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Бірінде барды екіншісі пайдаланып, жер бетінде өмір сүріп жатқан халықтардың материалдық, қоғамдық, экономикалық, мәдени жағынан жетіле түсуіне септігі тиері анық. Қазіргі заманда мәдениеттер мен өркениеттер қақтығысынан үркіп, жаңа заманға бейімделмей, өткенді аңсап, өткенмен ғана өмір сүру ұлттық дамуды тежейді, тіпті жолда қалдырады. Сондықтан жаһанданудың жақсы жақтарын ала білу ұлттық дамудың маңызды шарттарының бірі болып отыр. Бұл – жаһанданудың қоғамдық дамудың барысында туындаған қа- жеттілігі, пайдалы жағы.

*(Д.Ысқақұлының «Жаһандану дегеніміз не?» мақаласынан)*

**Сөзжасамдық тәсілдер**

Тілде жаңа сөз жасаудың қалыптасқан өзіндік жолы, заңдылығы бар. Жаңа сөздер қазақ тілінің заңдылықтары бойынша, яғни сөзжа- самдық тәсілдер бойынша жасалады.

Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде әбден орныққан, қалыптасқан негізгі тәсілдері мыналар:

- 1) синтетикалық тәсіл;
- 2) аналітикалық тәсіл;
- 3) лексика-семантикалық тәсіл.

### Сөзжасамның синтетикалық тәсілі

Синтетикалық сөзжасамдық тәсіл – жаңа сөз жасаудағы негізгі тәсіл. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасауда екі тілдік бір-лік қызмет атқарады: лексикалық мағыналы сөз және сөзжасамдық жұрнақ. **Мысалы:** *жаңалық, жүздегер, ақылды, ардагер, айыпкер, сәулетші.*

Туынды сөздің жасалуына негіз болған сөз бен одан жасалған туынды сөздің мағынасы байланысты болатындықтан, туынды түбір-дің қай сөзден жасалғанын дәлелдеуге болады. Мысалы, *өнім* деген туынды түбірдің лексикалық мағынасы өну әрекеті арқылы шыққан. *Өн, өнім* сөздерінің мағыналық байланысы анық көрініп тұр, сол арқылы ол дәлелденеді.



Оқылым мәтінінен синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздерді теріп алып, түбірін (негіз сөз) анықтап, кестеге түсіріңдер.

Туынды сөз	Түбір сөз



**1-тапсырма** Аудиожазбадан (06. mp3) «Дұрыс сөйлейік» мәтінін тыңдаңдар. Мәтіндегі негізгі ойды әрі қарай жалғандар. Көпшілік алдында сөйлеу әдебін; интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, қарқын, кідірісті сақтап сөйлендер.



**Экономикалық жаһандану** екі үрдістің жиынтығын – нарықтардың жаһандануын (капиталдық, еңбек ресурс-тарының, тауарлардың және қызмет көрсетулердің) және экономикалық нысандардың жаһандануын білдіреді және экономиканың ұйымдық құрылымдарының – компания-лардың, фирмалардың, корпорациялардың іріленуімен түсіндіріледі. Қазіргі уақытта экономикалық жаһанданудың нақты сипаттары бар:

- үлкен компаниялардың жетекші рөлі;
- жаһандық қаржы, валюта және қор рыноктарының қызмет етуі;

-жаһандық ақпараттық желілердің қызмет етуінің нәтижесінде көлік ағындары құрылымының өзгеруі;

-жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақ-тардың құрылуы мен қызмет етуі;

-барлық ұлттық және халықаралық қаржылық, валюталық трансакциялардың жаһандық желіге аударылуы.

-бөлшек саудалық, банктік, сақтандыру және сауда операцияларын жаһандық желіге аударылуы;



«Артық болмас білгенің» айдарында берілген ақпаратты пайдаланып, ғылыми-көпшілік стильдің ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, «РАФТ стратегиясы» әдісімен бір компания жетекшісінен интервью алыңдар.



Қазақстандағы жаһандық сауда-экономикалық бірлестіктер мен одақтардың құрылуы және қызмет етуі туралы жарнама дайындаңдар.

Екі сөзден біріккен жалқы есімдер (*Қажымұқан, Дүйсенәлі, Көк- шетау, Сырдария*), терминдік атаулар (*бесжылдық, матанализ*), тұрақты тіркестер (*ден қою, құлақ салу, тіс жару, тіл қату*), кіріккен сөздер (*ендігіден әрі – ендігәрі, алып кел – әкел*), қос сөздер (*бала- шаға, егжей-тегжей, қап-қара*), қысқарған сөздер (*БҰҰ, ҒА, ҚазТА7, кг, см*) және т.б. аналитикалық тәсілмен жасалған.

1- сөйлем: «Менің ойымша, ...».

2- сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».

3- сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлел- дей аламын: ...».

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытын- ды шешімге келдім: ...».

## ТАҚЫРЫП 13

### АУМАҚТЫҚ ЖАҒАНДАНУ. СӨЗЖАСАМНЫҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛІ



**Сабаққа негізделген мақсаты:** Аумақтық жаһандану. Сөзжасамдық тәсілдер. Өртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алады

**Оқыту нәтижелері:** Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату.

**Бағалау критерийлері:** 1) Берілген мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратады.

2) Мәтіннің мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды. 3) Ғылыми - көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады, интервью жазады;

Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасайды;

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** аумақтық жаһандану, аумақтық қауымдастық  
**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ... ,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** Қазақстанда аумақтық жаһандану жолында болып жатқан өзгерістер бар ма және қандай деп ойлайсындар?

**Дескриптор:**

-Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.

-Мәліметтер мен пікірлерді өңдейді.

-Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтайды

### 1-тапсырма

1. «Жүзіп шығу» әдісі бойынша сұрақтарға жауап беріндер.
2. Аумақтық жаһандану дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Әскери-саяси одақтар жаһандануының қаншалықты маңыздылығы бар?
2. Мәтінді оқып, өткен сабақтағы оқылым мәтінімен құрылымын, тілдік ерекшелігін, қызметін салыстыра талдаңдар.

**Аумақтық жаһандану** – мемлекетаралық құрылымдардың күшею үрдісі, мемлекетаралық әскери-саяси және эко-номикалық одақтардың құрылуы. Мәселен, еуропалық одақ. Жаһандану нәтижесінде болашақта ұлттық мемлекеттерге немесе аумақтық құрылымдарға бөлінбейтін біртұтас өркениет құрылуы мүмкін деген болжам соңғы кезде жиі айтылып жүр. Бірақ бұл процесс ұлттар мен халықтар арасындағы этникалық, мәдени айырмашылықтар түгел жойылған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін. Кейбір мамандар аумақтық қауымдастықтың дәстүрлі мемлекеттерді ығыстыру үрдісі дами түседі деп есептейді. Ал енді бір зерттеушілер аумақтық қоғамдасу үрдісін бүкіләлемдік жаһанданудың зиянды әсерінен қорғанудың бірден бір жолы деп санайды.

### Сөзжасамның аналитикалық тәсілі

Аналитикалық сөзжасамдық тәсіл – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Аналитикалық тәсіл дегеніміз – екі я одан да көп сөзден (сөздердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі, қысқаруы арқылы) бір лексикалық мағыналы сөздің жасалуы.

Аналитикалық тәсіл барлық сөз табының сөзжасамынан кең орын алады. Мысалы: үшбұрыш, тікұшақ, көмір қышқылы, ақсақал, те-мірқазық (зат есімдер); қызыл ала, орта бойлы, қызыл шырайлы, ақ шашты (сын есімдер); қырық сегіз, он алты, екі жүз, бес мың (сан есімдер); кіріп шық, алып кел, алып бар (етістіктер); күні кеше, күндер-де бір күн, бүгін, биыл (үстеулер); тақ-тұқ, тарс-тұрс, жалт-жұлт (еліктеуіштер); пай-пай, ойпырмай, бәрекелді (одағайлар).

Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер күрделі сөздер деп аталады. Күрделі сөздер толық мағыналы сөздерден жасалады.

Қазақ тілінде аналитикалық тәсілдің бірнеше түрі бар: 1) сөзқосым,

2) қосарлау, 3) тіркестіру, 4) қысқарту.

Бұлардың әрқайсысы тілдің сөзжасамында өнімді қызмет атқарады. Аналитикалық тәсілдің осы ішкі төрт түрі күрделі сөздің төрт түрін жасайды. Олар: біріккен сөздер, қос сөздер, тіркескен күрделі сөздер, қысқарған сөздер.

**2-тапсырма** Мәтіннен аналитикалық тәсіл арқылы жасалған күрделі сөздерді тауып, қалай жасалғанын талдаңдар.

**3-тапсырма** «Қазақстандық заманауи мәдениет» тақырыбы бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығарма жазыңдар.



#### 4-тапсырма

Аналитикалық тәсілдің төрт түріне (сөзқосым, қосарлау, тіркестіру, қысқарту) мысалдар келтіріңдер.

#### 5-тапсырма

Аумақтық жаһанданудың оң және теріс жақтарын «ПСМТ формуласы» әдісімен жазыңдар.

#### Менің пікірім:

- 1- сөйлем: «Менің ойымша, ...».
  - 2- сөйлем: «Мен оны былай түсіндіремін: ...».
  - 3- сөйлем: «Оны мынадай деректермен, мысалдармен дәлел- дей аламын: ...».
- Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытын- ды шешімге келдім: ...».

### ТАҚЫРЫП 14

#### АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖАҒАНДАНУ.

**Бағалау критерийлері:** 1)Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасайды; 2)Әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алады; 3) Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларды сақтайды



#### Сұрақтарды талқылаңдар.

- 1.Адамзат тұрмысындағы көптеген үрдістердің компьютер- лендірілуіне қалай қарайсыңдар?
- 2.ХХІ ғасыр қоғамының қалыптасуына қандай маңызды факторлар әсер етеді?
- 3.Суреттегі ақпараттың бүгінгі тақырыпқа қатысы бар ма?



**Сабақтың мақсаттары:** Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау. Оқылым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктеу.




**1-тапсырма Мәтінді оқып, құрылымы мен рәсімделуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.**

Әлемде болып жатқан кең ауқымды қайта құрулар ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуымен тығыз байланысты. Ғаламдық ақпарат, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – ХХІ ғасыр қоғамының қалыптасуына әсер ететін ең маңызды факторлардың бірі. Ақпараттық дамудың жаһандық жүйесі – қазіргі заманғы интеграциялық процестердің ішіндегі аса маңыздысы. Оған коммуникациялық мүмкіндіктерді дамыту және ғарыштық кеңістікті ақпарат беру үшін пайдалану, жаһандық ақпарат

**1.Оқылымалды тапсырма**

1.Берілген стильдердің ерекшеліктерін анықтаңыз.

2.Ұқсастықтары бар ма?

<p><b>Публицистикалық стиль</b></p>	
	
<p><b>Көркем әдебиет стилі</b></p>	



**2-тапсырма** Оқылым мәтінінен лексика-семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздерді табыңдар. Конверсия жолымен жасалған сөздердің қай сөз табынан қай сөз табына ауысқанын түсіндіріңдер.

Алғашқы негізгі мағынасы	Жаңа мағынасы



**3-тапсырма** Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, берілген ойды жалғастырып, шағын мәтін жазыңдар.

**4-тапсырма** Ақпараттық-коммуникациялық жаһандандудың адамдардың жүріс-тұрысына, олардың біліміне және жұмысына, сондай-ақ үкімет пен азаматтық қоғамның өзара қарым-қатынасына қатысы бар. Себебі...



**5-тапсырма** Өз мәтіндерінің ғылыми-көпшілік стильде жазылғанын танытатын терминдер мен тілдік құралдарды кестеге жазындар. Өзге стиль элементтерінің бар-жоғын анықтаңдар.

Терминдер	Тілдік оралымдар	Өзге стиль элементтері

### 1-мәтін

Әлемдік тәртіптерге жаһандық экологиялық өзгерістер, соғыстар қауіпі, ядролық қауіпсіздік, азық-түлік тапшылығы, әлемдік ортақ ақпараттану, түрлі індет аурулары, индустриалдық-техникалық ортақтану, техногендік катастрофалар, халықаралық терроризм, наркотрафик, халықаралық заңсыз қару сату, халықаралық қылмыскерлік, адамдарды құлдыққа сату, діни экстримизм т.б. әлемдік қауіптер мен қайшылықтар үздіксіз өз ықпалдарын тигізіп отырды.

Ашық, ақпараттық, технологиялық қоғамдар құру жағдайында аталған қауіптер әрбір халыққа, әрбір мемлекетке және олардың азаматтарына өздерінің әсерін тікелей, немесе жанама түрде тигізеді. Әлемдік қауіптердің шиеленісуі әлемдік экономикалық, қаржылық дағдарыстарға себеп болуда. Жаһандық дағдарыстардан әрбір мемлекет зардап шегеді. Сондықтан әрбір мемлекет әлемдік дамудың ортақ мәселелерін шешуге мүдделі. Бірақта, қандай қуатты болмасын жеке бір мемлекет әлемдік мәселелерді шешуге қауқарсыз. Жаһандық қауіптер мен қайшылықтарға қарсы барлық мемлекеттердің бірлескен әрекеттері мен ортақ шаралары қажет. Әлемдік саясат мәні осындай зәруліктен туындайды. Әлемдік саясат-халықаралық қатынастар субъектілерінің, саяси акторлардың әлемдік мәселелерді, қауіптерді және қайшылықтарды бірлесіп шешуін ұйымдастырудың жолдары, бағыттары және әдістері болып табылады. Әлемдік саясат жаһандық мазмұндағы саясат. Себебі ол барлық халықтар мен мемлекеттерге ортақ саяси шындыққа тікелей қатысты.

Әлемдік саясат көпқабатты және көпжақты құбылыс. Себебі оның қызметі жаһандық өзгерістердің және жаңа құбылыстардың тууына байланысты. Мысалы, ғаламшардың жаһандық жылынуы әлем халықтарына түрлі табиғи апаттар әкелуде. Сондықтан өндірістің зиянды қалдықтарын азайтуға әрбір мемлекет мүдделі деп есептеледі. Алайда көпшілік мемлекетер өздерінің, капитал мүдделеріне әлі де болса басымдылық беруде. Өндіріс дамуда, зиянды қалдықтар өсе түсуде. Ал, әлемдік саясат адамзатты сақтау үшін әр ел өзінің эгоистік, ұлттық мүдделеріне тиым салу қажеттілігін талап етуде.

### 2-мәтін

Ерекең жаңа қаз тұрған балаша тәлтіректтей көтеріліп, ат жақты, қапсағай сары жігітті құшағына қысты. Одан соң омырау, жеңдері ашық, шұбар көйлек киген, шашын қидырған топ-толық, ақсары, ажарлы келіншекті шіміркеніңкіреп, маңдайынан сүйген болды.

-Әлгі жаман қайда? Әкеліп пе едіңдер?

-Әкелдік қой. Әй, Жеңіс қайда? Жеңіс!

-Жеңіс!

Жаюлы сөреден құрт алып үлгірген аяқ-қолы шидей, көзі қитар, алтылар шамасындағы ұл бала табалдырықты кесіп тұра қалды.

-Бар, бар, атаңа бар.

Шал өзіне зорға келген немересін бауырына басып, бетінен сүйді. «Ой, тентек, атаны сағынбайсың-ау», – деп жаулықтай үлкен ақ орамалының шетімен көзін сұртті.

-Кел, келе ғой, әй, – деді есік жақтан көрші кемпірлердің бірі қолын созып. – Шалдың баласысың ғой, кел.

Қитар ұл енді ешкімге бармады. Тіпті шақырған Ерекеңнің өзіне де жолаған жоқ.

-Келсеңші, ей, жаман неме. Өзі қазақша білетін бе еді, Сапабекжан? – деп әлгі кемпір қапсағай сары жігітке қарады.

Сапабек алдына келген баланың қысқа кекіліне қолын тигізіп:

-Ептеп түсінеді, – деді.

-Қой, қазақша үйретіндер.

-Алдымен анау отырған шешесі қазақша білмейді, қайта бұған кінә жоқ, – деп Сапабек қазақша білмейтініне риза болғандай күлімсіреп, ақ сары келіншегіне қарады. – Тома, мынаның бет-аузы кір, жуындыршы, – деді орысшалап.

Көп ұзамай ауыл қонақтары да жиналып қалды. Ерекең сыртқа шығып, қой-ешкілерін жинап, бір семіз тоқтысын ұстап, бауыздап, «қолыңның қаруы бар ғой» деп кепкесін теріс киген бір жігітке терісін іреттіртіп, мүше-мүшеге бөлдіріп, қалғандарын қатындарға тапсырып, үйге кіргенде бағанағыдай емес, әңгіме қыза түсіпті. Көрші ауылдан шалдар келген. Сөйлеп отырған Сапабек.

-Жалпы геология халық тіршілігінің ең басты қажеттілігіне айналды, – деді ол «мұны тындап алыңдар, бұл өте қажет жері» деп балаларды өзіне қаратқан мұғалімдей жастар жағын көзімен шолып. – Мынау тұрған жердің асты – тұнған байлық. Біздің Қазақстанда өте сирек кездесетін элементтер бар. Асыл тастар қаншама! Меруерт, маржан, інжу, жақұт, гауһар – не керек, бәрі бар. Гранитке байланысты пайда болатын мөлдір, қызыл, көк түсті слюда, ашық қызыл микроклин, мөлдір көк флюорит, қою жасыл турмалин, қан қызыл граниттердің өзі неге тұрады. Бұл жөнінен бар ғой, бұл жөнінен біздің Қазақстан бүкіл дүние жүзіне әйгілі.

## **2. Оқылым тапсырмасы**

Мәтіндерді мұқият оқыңыз. Мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдаңыз.



---

---

---

## Дескрипторлар

- Стильдердің ерекшелігін ажыратады.
- Ұқсастығын табады.
- Мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін салыстырады.
- Тілдік ерекшелігін, құрылымын салыстыра отырып талдайды.
- 1-мәтінді конспектілеп қайта жазады.
- Түртіп алу әдісін қолданады.

**Үй тапсырмасы** Күнделікті өмірде сенің жұмысыңды жеңілдететін компьютерлік технологиялардың тізімін жасаңдар. Олардың ақпараттық-коммуникациялық жаһанданудағы рөлі туралы аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 150–170.

## ТАҚЫРЫП 15

### АДАМЗАТ ДАМУЫНЫҢ ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ. ӘДЕБИ ТІЛДІҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ НОРМАЛАРЫ

**Сабакқа негізделген мақсаты:** Адамзат дамуының жаһандық мәселелері. Әдеби тілдің сөзжасамдық нормалары туралы әртүрлі ресурс көздерінен қажетті ақпарат алады

**Оқыту нәтижелері:** Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату.

**Бағалау критерийлері:** 1) Берілген мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратады. 2) Мәтіннің мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдайды. 3) Ғылыми - көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданады, интервью жазады Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасайды;

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** жаһандық мәселелер, өркениеттің дамуы **Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** Кедейлік мәселесі жаһандық мәселелердің ішінде қандай орын алады?

## Дескриптор:

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.
- Мәліметтер мен пікірлерді өңдейді.
- Әдеби тілдің сөзжасамдық нормаларын меңгереді және сақтайды.

<https://youtu.be/QVb8EpkD7yo>

1. Жастар жаһандану үрдісіне өз үлесін қоса ала ма?
2. Қай мамандық иелері жаһандық мәселелерді шешуге атсалыса алады деп ойлайсындар?
3. Бәсекеге қабілетті, жаңашыл маман болу үшін қандай ғылым саласын таңдар едіңдер?
4. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдаңдар.

**Жаһандық мәселелер дегеніміз** – өркениеттің әрі қарай дамуына әсер ететін, адамзаттың өміріне өз ықпалын тиізітетін мәселелер жиынтығы. Адамзаттың жаһандық



мәселелері – планетамыздың барлық тұрғынының өмірлік қызығушылығын қозғайтын және әлемнің барлық мемлекеті ортақ та сып шешетін мәселелер.

Адам заттың жаһандық мәселелері не жататындар:

- дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесі;
- азық-түлік мәселесі;
- кедейлік мәселесі;
- энергетика мәселесі;
- экология мен тұрақты даму мәселесі;
- әлемдік мұхитты меңгеру мәселесі;
- демография мәселесі. Бұл тізім тұрақты емес. Өркениеттің дамуы мен бірге жаңа жаһандық мәселелер туып отырады. Мысалы, ғарыштық кеңістікті игеру, климатты қадағалау т.б.



«Ротация» әдісі. Әр топқа бір сұрақ жазылған парақ беріледі. Әр топ әр түсті қаламмен жауап жазады да, бір-бірімен алмастырады. Соңында дауыстап оқып, бірін-бірі толықтырады.



### Жастар жаһандану үрдісіне өз үлесін қоса ала ма?

1. Қай мамандық иелері жаһандық мәселелерді шешуге атсалыса алады деп ойлайсындар?
2. Бәсекеге қабілетті, жаңашыл маман болу үшін қандай ғылым саласын таңдар едіңдер?
3. Мәтінді оқындар. Мәтіннің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін талдаңдар.



**Жаһандық мәселелер дегеніміз** – өркениеттің әрі қарай дамуына әсер ететін, адамзаттың өміріне өз ықпалын тигізетін мәселелер жиынтығы. Адамзаттың жаһандық мәселелері – планетамыздың барлық тұрғынының өмірлік қызығушылығын қозғайтын және әлемнің барлық мемлекеті ортақтасып шешетін мәселелер. Адамзаттың жаһандық мәселелеріне жататындар:

- дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесі;
- азық-түлік мәселесі;
- кедейлік мәселесі;
- энергетика мәселесі;
- экология мен тұрақты даму мәселесі;
- әлемдік мұхитты меңгеру мәселесі;
- демография мәселесі.

Бұл тізім тұрақты емес. Өркениеттің дамуымен бірге жаңа жаһандық мәселелер туып отырады. Мысалы, ғарыштық кеңістікті игеру, климатты қадағалау т.б.

Дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынасы мәселесіне олардың арасындағы әлеуметтік-экономикалық айырмашылықты азайту үшін дамыған елдер нарығында дамушы елдердің тауарларына сұранысты өсіруді, дамушы елдерге капитал мен білімнің ағымын ұлғайтуды (әрине, көмек ретінде), сыртқы қарыздардың есептерін шығаруды және т.б. жатқызамыз.

Азық-түлік мәселесі дегеніміз – халықтың өзін-өзі ең қажетті азық-түлікпен толық қамтамасыз ете алмауы. Бұл мәселе әлеуметтік жағдайы төмен елдерде азық-түліктің абсо- лютті жетіспеушілігінен болса, дамыған елдерде тамақтану теңгерімсіздігінен болып отыр. Бұл мәселенің шешімі табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға, ауылшаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогреске және мемлекет тарапынан қолдауға тікелей тәуелді.

Кедейлік мәселесі жаһандық мәселелердің ішінде ең негізгілерінің бірі болып отыр. Кедейлік – мемлекеттің сол елдегі адамдарды ең қарапайым және ең арзан өмір жағ- дайымен қамтамасыз ете алмауы. Дамушы елдердегі кедейліктің үлкен масштабы тек ұлттық қана емес, сонымен қатар әлемдік тұрақты дамуға үлкен қауіп тудырады.

*(Ж.Оспанбаев пен Д.Төленгітованың «Жаһандану және адамзат дамуының жаһандық мәселелері» мақаласынан)*

## Әдеби тілдің сөзжасамдық нормалары

Сөзжасам – тіл біліміндегі жаңа мағыналы туынды сөздердің қа- лыптасуын, мағыналық дамуын және жасалу тәсілдерін зерттейтін сала. Сөзжасамның зерттеу нысанына туынды сөздің жасалу сипа- ты, әдіс-тәсілдері, қалыптасуы, жаңа мағынаның ішкі құрылымы т.б. жатады. Бұл күнде жанданған (активтенген) бірқатар жұрнақтар арқылы жасалған сөздердің норма болып танылуы осы модельдің тілдік жүйеде бұрыннан бар екендігін дәлелдейді. Айталық, адамның қыз- метін, кәсібін, мамандығын білдіруде *-шы* жұрнағы тек қазақ, араб, парсы сөздерінен ғана емес, орыс тілінен енген сөздерден де жаңа тұлғалар жасайды. *Әнші, егінші, тракторшы, комбайншы, футбол- шы* дегендерді былай қойғанда, бұл күнде *гипнозшы, памфлетші, парашютші, саботажшы, парламентші, газетші* сияқты ондаған туынды сөздің еркін жасалуына жалпы тілдік модель (үлгі) негіз бол- ған, яғни бұл сөздерді қазақ тілі табиғатын бұзбайтын нормадағы тұлғалар деп тану керек. Ал тілдік нормаға сай келмейтін грамматикалық, сөзжасамдық құбылыстардың орын алу себептері әртүрлі болып келеді. Мысалы, *оқырман, көрермен, сатарман, аларман, оралман* деген жаңа сөздер- дің жасалуына себеп болған қазақ тілінде ХІХ ғасырдың ІІ жартысында жүйені бұзып, пайда болған *атарман, шабарман* сияқты бірді- екілі қолданыс сияқты. Мұндай негізі осал, яғни тілдік құрылымға сәйкес- пейтін нормалар кодификацияланбай, бірақ жарыса қолданылып жүре беруі әбден ықтимал. Тілдің табиғатынан шығып кететін нормалар бүкіл тілдік жүйені қамтымайды, жеке тұстарының ғана «шырқын бұзады». Сондықтан «норманың басты белгісі – тілдің құрылымдық табиғи заңдылықтарына сәйкес келіп отыруы» деген қағида әрдайым күшін сақтайды.



**1-тапсырма** Үш топқа бөлініп, берілген тақырыптарға қатысты сөздерді атандар, олардың мағынасын, сөзжасам тәсілдерінің қай түрі арқылы жасалғанын түсіндіріңдер.

**1-топ.** Сауда-саттыққа байланысты сөздер.

**2-топ.** Еларалық қарым-қатынастан пайда болған сөздер.

**3-топ.** Саяси-әлеуметтік қолданыстағы сөздер.



**2-тапсырма** Сұрақтарға жауап бере отырып, сұхбат құрыңдар. Мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды талдандар.

Жаһандану талабының қатандығынан бәсекеге әлсіз ұлттардың жоғалып кетуі мүмкін бе?

Жаһандану жолында табиғат ресурстарының жойылып кетпеуі үшін не істеу керек?



**3-тапсырма** Аудиожазбадан (07. mp3) «Сөздерді дұрыс қолданаық» мәтінін тыңдаңдар. Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып, мәтіндегі ойды жалғастырыңдар.



**4-тапсырма** Жаһандық мәселелер тізімі тұрақты емес, бұл тізімге өз тараптарыңнан қандай мәселелерді қосар едіңдер? Ойларыңды дәлелдеп, аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны 150–170

#### **Ой таразы:**

1. Бүгінгі сабақта мен ... түсіндім.
2. ... қиындық тудырды.
3. Мен өзімді ... үшін мақтар едім.
4. Маған ерекше ұнағаны ... .
5. Сабақтан соң маған ... ой келді

#### **ТАҚЫРЫП 16**

### **АДАМ ӨМІРІН ҚОРҒАУ – БАСТЫ МІНДЕТ. АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ – ҚОҒАМ БАЙЛЫҒЫ. АДАМ ӨМІРІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА.**

**Сабаққа негізделген мақсаты:** Адам өмірін қорғау – басты міндет. Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Адам өмірі және қоршаған орта. Тіркестердің мағыналық байланысы. Сөз тазалығы. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі. Көркем әдебиет стилі

**Оқыту нәтижелері:** Мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажырату.

**Бағалау критерийлері:** 1) Өртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс - қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын тілдік ерекшелігін салыстырады.  
2)Синтаксистік нормаларды сақтайды . Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасайды;

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** адамдар саны, сақтандыру менеджерлері  
**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** Адам өмірін сақтандыру дұрыс па, әлде бұрыс па?

#### **Дескриптор:**

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды.
- Мәліметтер мен пікірлерді өңдейді.
- Әдеби тілдің сөзжасамдық нормаларын меңгереді және сақтайды.



**Топқа бөлініп, сұрақтарға жауап беріңдер.** Жауаптарыңды салыс- тырып, өз нұсқаларыңды дәлелдендер.

- 1.Халық денсаулығына елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қалай әсер етеді?
- 2.«Мемлекет адам өмірін кез келген қауіптен сақтап қалуға міндетті» деген ұстаныммен келісесіңдер ме?



3.Мәтіндегі негізгі ойға ақпараттар қосып, құрылымы мен рәсім- делуін, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.

**Мемлекет міндеттерінің бірі** – азаматтардың қалыпты тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оларды экстремалды жағдайлардан сақтау. Қазақстан Республикасы Конституциясында: «Адам, оның өмірі, құқығы мен тәуелсіздігі – еліміздің ең басты байлығы», – делінген. Сол себепті де мемлекет адам өмірін кез келген қауіптен сақтап қалуға міндетті.

Қазақстан Республикасында заңнамалық база қалыптасып, оның негізінде халық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің көпқырлы механизмі іске қосылды. Ел аумағында бұл механизм қауіптің алдын алу, зақымдануды төмендету мен төтенше жағдайлар салдарын жою секілді сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізуде.

Әрбір адамның денсаулығы – оның толыққанды тіршілік етуін ғана емес, адам мүмкіндігінің әлеуетін анықтайтын фактор. Халық денсаулығының деңгейі өз кезегінде елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени және индустриялық даму шамасын да айқындайды. Халық әл-ауқатының орнықты және тұрақты өсуі тұрғысынан алғанда, медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігін, сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз ететін, жақсы дамыған, әлеуметтік бағдарланған денсаулық сақтау саласы республикадағы негізгі басымдықтардың бірі болып саналады.

*(ҚР ішкі істер органдарының медиаорталығы)*



1. Аудиожазбадан (08. mp3) «Сақтандыру тарихы» мәтінін тыңдаңдар. Қазақстандағы адам өмірін сақтандыру туралы не білесіңдер? Мәтінде көтерілген мәселеге автор мен оқырманның қарым-қатынасын ескере отырып, сұрақтар құрастырыңдар.



2. Түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктеп жазыңдар.



3. «Адам өмірін сақтандыру дұрыс па, әлде бұрыс па?» тақырыбы төңірегінде пікір таластырыңдар. Кірме сөздердің қолданыс ерекшеліктерін түсіндіріңдер.

Еуропа елдерінде халықтың 98%-ке жуығы сақтандыру компанияларында өмірін сақтандырып қойған. Бір қызығы, адамның өзіне табыс әкелетін қабілетін сақтандыру қалыпты жағдайға айналып барады. Мысалы, спортшылар дене мүшесін, әншілер дауысын деген секілді.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, Қазақстанда өмірін сақтандырған адамдар саны 25%-ті ғана құрайды. Халық өз өмірін сақтандырудың тиімділігі туралы біле бермейді. Сақтандыру компаниясының негізгі мақсаты – денсаулыққа зақым келген жағдайда емделуге қаржылай көмек беру; қайтыс болған жағдайда табысына тәуелді адамдарды қаржымен қамтамасыз ету. Заң бойынша өмірін сақтандыра алмайтын тұлғалар да бар. «Зейнеткерлер, мүгедектер, нашақорлар мен алкогольді ішімдік тұтынатын тұлғалар, психологиялық аурумен ауыратын және бұрын қамауда болған қылмыскерлер өмірлерін сақтандыра алмайды», – дейді сақтандыру менеджерлері. Қазіргі таңда елімізде адам өмірін сақтандыратын 7 компания бар. Өмірді сақтандырудың бастапқы құны 150 мың теңге болса, жоғарғы құны 2 млн теңгені құрайды.

*(Дайындаған Ф.Бақыт)*



Өтілген тақырып бойынша ойларыңды қорытындылап, «Креативті матрица» кестесіне түсіріңдер.

1. Халық денсаулығына елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қалай әсер етеді?
2. «Мемлекет адам өмірін кез келген қауіптен сақтап қалуға міндетті» деген ұстаныммен келісесіңдер ме?

Бүгінгі тақырып бойынша өз пікіріңізді «ПОПС» формуласы арқылы жеткізіңіз.

- \* Менің ойымша,.....
- \* Себебі,.....
- \* Мысалы,.....
- \* Қорыта айтқанда,.....

## ТАҚЫРЫП 17

### СПОРТТЫҢ АДАМ ӨМІРІНЕ ПАЙДАСЫ. МӘТІНДЕГІ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ОРЫН ТӘРТІБІ



**Сабақтың мақсаттары :** Спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандайда бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің қабілеттерін анықтау

**Бағалау критерийлері:** 1) Әртүрлі стильдегі (ғылыми, ресми іс - қағаздар, публицистикалық, көркем әдебиет, ауызекі сөйлеу стилі) мәтіндердің тақырыбын, мақсатты аудиторияға сәйкес қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстырады.  
2)Синтаксистік нормаларды сақтайды

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** спорт , денсаулық, қимыл, шыдамдылық, күш, ерік.

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** Спорт денсаулықты жақсарта ма ?



**Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларыңмен бөлісіндер.**

1.«Спорт көңіл күйді көтеріп, өз-өзінді көңілді сезінуге көмектеседі» деген пікірмен келісесіңдер ме?

2.Күйзелісті жоюға әсер ететін қарапайым жаттығулар бар екенін білесіңдер ме?



**Мәтінді оқып, мәтіндік зерттеу жүргізіңдер.**

Мәтіннен негізгі ойды табыңдар.

Мәтінде қандай тосын ой кездесті?

Мәтіннен шығатын өмірлік қағида қандай?

Бұрыннан таныс және таныс емес ақпараттарды белгілеңдер.

Саламатты өмір салтын ұстанып, түрлі аурудың алдын алуға болатынын білеміз бе? Ауыр күйзеліске ұшыраған Клер есімді арудың қиындықты қалай жеңгені туралы ғаламтор желісінде жарияланған еді. Ол емдеу курсынан толық өткен соң, өзінің өмірін түбе-гейлі өзгертуге бел буады. Клер өмір бойы дәрінің күшімен жүрген: оған адофамин мен серотанин жетіспеді. Өрімдей қыз бұл дерттің алдын алатын басқа амалдарды қарастыра бастайды. Бірде әйгілі Гиппократтың күйзеліс жайлы жаз-баларын оқиды. Гиппократ депрессиядан құтылу үшін жүзу-мен айналысуды, күн сайын жүгіруді, жалпы спортпен шұғылдануды әдетке айналдыру керектігін жазған. Спорт көңіл күйді көтеріп, өзінді көңілді сезінуге көмектеседі. Өйткені жаттығу барысында эндорфин гормоны көптеп бөлінеді. Оны «бақыт гормоны» деп те атайды. Ол адам жанын тыныштандырып, рақаттандырады. Жүгіру мен жүзу де өте пайдалы. Спортпен шұғылданатын адамдар өзінің денесін жақсы көре бастайды, денсаулығына мән береді. Сонымен қатар терең тыныс алуды да үйренеді. Терең тыныс алу кезінде сіз күйзелісті есіңізге де алмайсыз. Міне, осындай күнделікті жаттығудың арқасында Клер өзінің ауруымен мәңгілікке қош айтысты. Қазір Клер спортты өмірлік серігіне айналдырып, ауруын ұмытқан. Мұндай жағдай бәріміздің де басымызда тууы мүмкін. Сондықтан спортпен айналысып, саламатты өмір салтын ұстанған жөн.

*(Дайындаған Ж.Исакаев)*

Кәсіби өрт сөндірушілер мен құтқарушылар үшін жинақылық пен ширақтық – аса қажет мінездер. Оқыс оқиға кезінде адам өмірін сақтау үшін әрбір секунд санаулы, әр минут қымбат.

*(24.kz)*



Ғылыми-көпшілік стильдің тілдік құралдарын орынды қолданып, жасөспірімдердің спортпен айналысу тәртібі туралы нұсқаулық жазыңдар.



Дендерің сау болу үшін күнделікті спортпен шұғылдану міндетті ме? **Жұптасып, сұхбат құрыңдар.**



### **1-тапсырма Жағдаяттық тапсырманы орындандар.**

«Тақырыптық теннис» ойынына екі ойыншы, төреші, тілші қатысады. Екі ойыншы денсаулық туралы мақал-мәтелдерді жатқа айтады және мазмұнын түсіндіреді, төреші жазып отырады және есеп жүргізеді. Тілші ойынның өтуі туралы хабарлап отырады.



### **2-тапсырма Екі тапсырманың бірін орындандар.**

1. «Өз өміріңді сақтау – өзіңе деген жауапкершілік» тақырыбында дискуссивті эссе жазыңдар.

### **3-тапсырма Мәтіндегі тыныс белгілерін емлеге сай қойып шығыңдар.**

Өмірден қымбат еш нәрсе жоқ өйткені өмірде бәрі бар қазіргі заманда өмір ең қымбат байлық болып есептеледі адамның ең негізгі мақсаты өмірді сақтап қалу адам осы өмірде жоспар құрады сол жоспарларды іске асыру үшін жұмыс жасайды және көптеген нәрселерді үйренеді. Көбіне өз өмірін және өз жақындарының өмірін сақтап қалу үшін қарапайым ережелерді білу маңызды мысалы алғашқы медициналық көмек төтенше жағдайлар кезінде



қауіпсіздік негіздерін әркім білу керек сіздің жасаған көмегіңіз бір адамның өмірін сақтап қалуына мүмкіндік жасайды сол себепті бұны білу және оны дұрыс қолдану біздің міндетіміз.

#### **4-тапсырма. Берілген мәліметті оқып, есте сақтап алыңдар.**

Сөздердің орын тәртібі — сөйлем мүшелерінің сөйлемде орналасу реті. Қазақ тіліндегі Сөздердің орын тәртібі типологиялық тұрғыда оның жалғамалы құрылымдық көрсеткіштерінің бірі. Сөздердің орын тәртібінің сөйлемнің жасалуында зор мәні бар. Оның тұрақты және жылжымалы типтері бар. Мысалы: орын тәртібі тұрақты болатындарға жалғаусыз қабыса байланысатын сөйлем мүшелерін, орын тәртібі жылжымалы болатындарға жалғаулар арқылы қиыса, менгеріле байланысатын сөйлем мүшелерін жатқызуға болады. Сөздердің орын тәртібі синтаксистік байланыстардың басты түрінің бірі ретінде сөйлемдегі сөздердің қызметін анықтауға мүмкіндік береді. Жалпы ереже бойынша баяндауыш сөйлемнің соңында, бастауыш одан бұрын, анықтауыш анықтайтын сөзінен, толықтауыш пен пысықтауыш өздері қатысты сөздерден бұрын тұрады. Сөздердің стильдік қызметіне байланысты сөйлем мүшелерінің қалыпты орнынан жылжып отыруы заңды құбылыс болып табылады.

**5-тапсырма.**Қазақстанда қай спорт түрлері дамыған немесе дамып келеді? Деген сұраққа жауап беріңдер.

**6-тапсырма.** Спорт тақырыбына диалог құрастырып жазыңдар.

**7-тапсырма.** «Менің елімнің чемпиондары» тақырыбына эссе жазыңдар.

#### **1.Тыңдалым:Спорт туралы не білеміз? Мәтінмен жұмыс,оқу,негізгі ойды анықтау.**

**Спорт** (фр. desport — жалку) — белгілі ережелер немесе дәстүрлерге сай көбінесе жарыс күйінде өтетін әрекет. Спорт жалпы алғанда физикалық мығымдығы өте маңызды болатын (жеңіске немесе жеңіліске әкелетін) әрекетті сипаттағанымен, ақыл-ой немесе құрал-жабдық сапасы да маңызды рөл атқаратын ақыл-ой спорты және мотор спортына қатысты айтылады. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, моральді және затты қанағаттану үшін, өзін-өзі дамыту үшін шұғылданады.

Спорттың даму тарихына зер салсақ қоғамдағы өзгерістер мен қатар спорттың мән-мағынасын да түсінуге болады.

Спорт денсаулықты жақсартады. Спорттың барлық түрі денсаулыққа пайдалы. Спорт – денсаулық, қимыл, шыдамдылық, күш, ерік. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, өзін - өзі дамыту үшін шұғылданады . Спорттың көбірек қолданылатын түрлері: шаңғы тебу, футбол, волейбол, баскетбол, бокс, еркін күрес, жеңіл атлетика, ауыр атлетика, тейквондо, дзюдо, велоспорт, жүзу.

Спорт салауатты өмір салтын қалыптастырады. Бұл – күн тәртібін, дербес гигиенаны сақтау, дұрыс тамақтану, кеселді әдеттерден аулақ болу. Д 2.Спортпен шұғылдану не үшін қажет және қандай кеңес бересіңдер?

- Үлгі: 1-кеңес – жүгіруден бастау керек,
- 2-кеңес –
- 3-кеңес –

- 4-кеңес –
- 5-кеңес –
- 6-кеңес –
- 7-кеңес –

3.«Денсаулық» сөзінің әрбір әрпін салауатты өмір салтын ашатын, сипаттайтын сөздермен, сөз тіркестерімен, сөйлемдермен өрнектейік.

Д - демалу

Е – еңбектену

Н - нашақорлыққа жоламау

С – салауатты өмір денсаулықты бұзып алуға болады, оны сатып алуға болмайды.

А – алғырлық

У - уайымсыз өмір

Л – лайықты өмір

Ы – ынта

Қ – қозғалыс

Дескриптор:

Мәтінмен жұмыс жасайды.

Кеңес береді.

«Денсаулық» сөзінің әрбір әрпін салауатты өмір салтын ашатын, сипаттайтын сөздермен, сөз тіркестерімен, сөйлемдермен өрнектейді.

### **Жазылым:**

1. Берілген анықтамаларды спорт түрлерімен сәйкестендіріңдер.
  - 1)Негізгі құралы доп болып саналатын спорт түрі-.....
  - 2)Мүз бетінде арнайы дайындалған құралмен сырғанау түрі-.....
  - 3)Қысқы спорт түрі-.....
  - 4)Екі адамның жекпе-жегі түріндегі спорт түрі-.....
  - 5)Штанганы жоғары көтеру бойынша жаттығулардың орындалуы-.....

Сөздер: футбол, ауыр атлетика, шаңғы тебу, күрес, коньки тебу

2. Сөздікпен жұмыс, ағылшын тіліндегі аудармасын табу

Денсаулық-здоровье

Пайдалы-полезно

Қимыл-движение

Күш-сила

Ерік-воля

Дұрыс тамақтану-правильное питание

Кеселді әдеттер-вредные привычки

Күн тәртібі-режим дня

Еркін күрес-вольная борьба

Шаңғы тебу-катания на лыжах

Дамыту-развивать

Барлық түрі-все виды

Салауатты өмір салты-Здоровый образ жизни

Дескриптор:

Сәйкестендіреді.

Сөздікпен жұмыс жасайды.

Талдауға арналған сұрақтар:

- Тағы қандай Қазақстандық спортшыларды білесіңдер?
- Олар қандай спорт түрлерімен айналысады?
- Олимпиада жеңімпаздарының болғаны ел үшін неге маңызды?
- Қалай спортшы болып, еліміздің атағын шығаруға болады?

Бұл спорт түрі 1875 жылы Канадада пайда болды және XX ғасырға дейін Еуропада белгілі болған жоқ. Канаданың ұлттық ойыны болып қай ойын есептеледі?

Олимпиада сақиналары неге бесеу?

Футболдың ұзақтығы неше сағат?

Бадминтон қайда ойлап табылған болатын?

Екі ойын сүйегінде неше нүктелер бар?

Қазақтың ұлттық ойыны Тоғызқұмалақ туралы не білесің?

Неше жыл аралығында футболдан әлем чемпионаты өтеді?

## ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ НЕГІЗДЕРІ. САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҰСТАНУ

Дұрыс тамақтану ережелері:

1. Жиі әрі аз-аздан тамақтану (әр 2,5 — 3 сағат сайын тамақтану. 1 күнге 5-6 рет тамақтану қажет);
2. Рационда белоктың, майдың және көмірсутегінің болуы;
3. 1 күн ішінде тұтынатын майды, белокты және көмірсутегін өз организмнің қалауына қарай ыңғайластыра қолдану;
4. Таза су (күніне 2 литрден жоғары мөлшерде су ішу керек);
5. Таза тамақ (жартылай фабрикаттардан, тез дайындалатын тағамдардан және тәттіден бас тарту);
6. Калория нормасын сақтау.

Дескриптор:

Ребусты шешеді.

Сұрақтарға жауап жазады.

Спортшы туралы қандай мағлұмат біледі.

Дұрыс тамақтану ережелерін біледі

### Сөйлем мүшесіне талдау

Спорт денсаулықты жақсартады. Спорттың барлық түрі денсаулыққа пайдалы. Спорт – денсаулық, қимыл, шыдамдылық, күш, ерік. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, өзін - өзі дамыту үшін шұғылданады . Спорттың көбірек қолданылатын түрлері: шаңғы тебу, футбол, волейбол, баскетбол, бокс, еркін күрес, жеңіл атлетика, ауыр атлетика, тейквондо, дзюдо, велоспорт, жүзу.

Дескриптор:

Сөйлем мүшесіне талдайды.

## ТАҚЫРЫП 18

### ТАҢҒАЖАЙЫП СӘУЛЕТ ӨНЕРІ. КИІЗ ҮЙ – ҒАЖАП СӘУЛЕТ ТУЫНДЫСЫ. ТАСПЕН ЖАЗЫЛҒАН ТАРИХ



**Мақсаты:** Тілдік норма және сөзді қолдану ережелері туралы оқушылардың түсініктерін қалыптастыру. Жаңа қолданыстардың пайда болуы туралы

**Бағалау критерийлері:** 1) БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми - көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала біледі, сілтеме жасайды,  
2) Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктейді

**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** архитектура, сәулет өнері, киіз үй, қола дәуір  
**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ...,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** Киіз үй- қазақ халқының ертеден келе жатқан несі деп есептеледі?



Сұрақтарға жауап беріңдер. Шаршылардағы сабақ тақырыбына сәйкес түйінді сөздерді белгілеңдер. Барлық түйінді сөзді бірінші болып анықтаған оқушы жеңіске жетеді.

1. Сәулет өнері (архитектура) туралы не білесіңдер?
2. Сәулет өнерінің құндылығы неде?
3. Сәулет өнері ескерткіштері тарихтан қандай сыр шертеді деп ойлайсыңдар?

Кесене	Медресе	Күмбез
Архитектура	Сәулетші	Кеңсе
Жеті ғаламат	Ғимарат	Гүлзар



**1-тапсырма** Аудиомәтінді (09. mp3) тыңдап, сәулет өнері түрлерімен таны- сыңдар. Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіннің мақсатты аудиторияға арналған терминдері мен ұғымдарын, тілдік оралым- дарын талдаңдар.



**2-тапсырма** Мәтінді оқып, «Тыңдап отырған үштік» стратегиясы бойынша не- гізгі ақпаратты анықтаңдар. Мақаланың құрылымы мен рәсімде- луіне, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.

**Архитектура гректердің «architekton»** деген сөзінен алынған. Дәл аудармасы – «құрылыс өнері» деген сөз.

Архитектура шығармасын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Үйде отырсаңыз – үйіңіз, қызметте – қызмет орныңыз, демал- саңыз – театр және тағы басқа мәдени орындар. Сәулет өнерінің құнды еңбек болуы үшін төрт түрлі мәсе- лені ескеру керек.

Біріншіден – қолайлылық. Мысалы, тұрғын үй әрі жарық, әрі жылы, онда тұрмыста пайдаланылатын керек-жарақтың бәрі сай болуға тиіс. Театрлар мен стадиондар түрлі ойын- дарды көріп, естуге икемделіп, көп адамның кіріп-шығуына ыңғайлы, іші-сырты сәнді, ауасы таза, орындықтары жайлы болғаны шарт. Ал зауыт пен фабрикалар жұмысшылардың аз шаршап, жұмысты жеңіл істеуіне ыңғайлы етіп жасалғаны абзал...

Екінші мәселе – беріктік. Үйлер, зәулім сарайлар бір-екі жыл тұрмайды, ғасырлар бойы адамға қызмет етеді. Демек, олар адам өміріне қауіпсіз, түрлі жағдайға төзерліктей берік болуы керек. Құрылыстың беріктігіне жер сілкінетін ау- дандарда қатты көңіл бөлінеді. Алматыда барлық құрылыс тоғыз балдық жер сілкінісіне төтеп беретіндей есеппен салынады. Жері дүркін-дүркін сілкініп тұратын Жапония астанасы Токиода америкалық архитектор Ф.Райттың жоба- сымен салынған 22 қабат «Империал» атты қонақүй бар. Ол беріктікке байланысты талаптарға сай болғандықтан, талай жер сілкінісінен аман қалып келеді.

Үшінші – экономика мәселесі. Тұруға, жұмыс істеуге, дем- алуға қолайлы әрі берік болумен бірге, құрылыстың арзанға түсуі де маңызды. Адам баласы бұл мәселеге үзбей назар аударып келе жатыр. Біздің дәуірімізге дейінгі I ғасырда өмір сүрген Марк Витрувий деген ұлы ғалым «Сәулет өнері тура- лы» деген еңбегінде мынадай бір мысал келтіреді. Эфес қала- сында сәулетшілер үшін қатаң, бірақ әділ заң болыпты. Үлкен құрылысқа кірісіп, оның жобасын жасаған кезде, жұмысқа қанша қаражат керектігін сәулетші күні бұрын айтады екен. Егер жұмыс аяқталған соң, айтылған сома дұрыс шықса, сәулетшіге сыйлық беріледі. Көрсетілген қаржы және тағы соның төрттен біріндей шығын шықса, жаза қолданылмайды, артық сома үкіметтен төленеді. Ал соңғы мөлшерден асып кетсе, сәулетшінің бар дүниесі құрылысты аяқтауға жұмса- лады екен. Қазіргі заманда сәулетшіге нақ мұндай талап қойылма- ғанымен, құрылысты мол көлемде, тез әрі сапалы, индуст- риялық әдістерді батыл қолдана отырып салу керектігі қада- ғаланады.

Төртінші шарт – әдемілік. Бастапқы кездегі үйлер тек бас- пана, яғни үңгір, күрке, киіз үй болып келсе, қазіргі үйлер көпқабатты, әйнек пен бетоннан, пластмассадан жасалған зәулім сарайларға айналды. Адамның эстетикалық тілек- талғамын қанағаттандыру керек деген заңды талап сәулет өнеріне де ортақ.

*(Шот-Аман Уәлиханнның «Таспен жазылған симфония» мақаласынан)*

### **Тілдік жүйе және норма**

Тілдік норма дегеніміз – тілдік таңбалардың (сөз, қосымша, сөй- лем), тілдік амал- тәсілдердің қолданыстағы бірізділігі мен реттілігі. Әдеби тілдің заңдастырған нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грам- матикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. Тілдік норма – әдеби тіл туралы ұғымның маңызды заңдылығы. Сөйлеуде, жазуда тіл амалда- рын дұрыс қолдана білу әдеби тіл нормасын сақтау болып саналады. Тілдік жүйе, дағды, норма ұғымдарының байланысын мынадай қарапайым мысалмен түсіндіре кетсек. Қазақ тілінің сөз жасау жүйе- сінде -ла, -ле, (-да, -де, -та, -те) қосымшалары есім сөзден етістік тудырады. Мысалы: бас-та, қол-да, үтік-те, су-ла, шөл-де т.б. Бірақ осы жұрнақты кез келген сөзге жалғай алмайсыз. Мысалы: кірпік-те, кітап-та, соғым-да т.б. мағынасыз етістіктер біздің қолдану дағды- мызда орын алмаған.





**3-тапсырма** Мәтінді оқып, қай баланың тілдік норманы сақтамай сөйлегенін анықтаңдар.

-Арман, Арман деймін, жүрші, барайықшы анау магазин. Менің қолымнан тартып, мазалап тұрған – Алматыдан келген бөлем Едіге. Қызылды-жасылды ойыншықтар дүкеніне қарай қолын шошайтып алған.

– Едіге, тоқтай тұршы. Қазір барамыз.

– Арман, барайық магазин.

– Едіге, «магазин» деген – орыс сөзі, біз қазақша «дүкен» дейміз. Дұрысы «барайық магазин» емес, «дүкенге барайық» деп айтылады.

– Мен ұқты. Сен жүрші...

– Арман, мен қорқады, анау қарайды.

Едіге көрсеткен жақта көршінің күшігі тұр.

– Е, ол күшік қой, сен одан қорықпа.

– Жоқ, мен қорықпайды. Мен оны кірпіштеп жіберем.

Арман жерден кірпіштің сынығын алып, сес көрсетіп қояды. Мен ойланып қалдым.

(А.Асыл)



**4-тапсырма** Берілген мысалдардан тілдік нормаға сай келетін сөздерді теріп жазыңдар.

1. Меңлі – меңді; жылқыдар – жылқылар.
2. Жұмыршағым ауырды – асқазаным ауырды.
3. Мата – кездеме.
4. Шыны – шөлмек – шиша – бөтелке.
5. Сосын – содан кейін.
6. Құман – құмған.
7. Жиырманшы – жиырмасыншы.
8. Төртеуі – төртеусі.
9. Көбі – көбісі.
10. Сен бар – сен барғын.



**5-тапсырма** Ежелгі және заманауи ғимараттарды салыстырыңдар. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазыңдар. Сөз саны – 100–120.





## 6-тапсырма

Киіз үй қола дәуірінде пайда болған. Киіз үй адамзат тарихындағы ең бірінші архитектуралық құрылыс. Ол жер сілкіністеріне де төзімді. Киіз үй қазақ халқының қысы-жазы отыратын баспанасы болған. Ол тез жығып түйеге артып жүре беруге, көшіп-қонуға лайықтап жасалған. Киіз үй негізгі 4 бөліктен тұрады. Олар: 1 - шаңырақ, 2 - уықтар, 3 - кереге, 4 - сықырлауық немесе есік. Бұлардың барлығы: талдан, қайыңнан, теректен жасалады. Ең жақсысы тал.

Қазақтың киіз үйі 6-қанатты, 8-қанатты, 12- қанатты, 24-қанатты болады.

Киіз үйге кірген кезде ең бірінші қонақтардың көздері шаңыраққа түсетіндіктен, біздің ата-бабаларымыз шаңыраққа әр түрлі жіптерден жасалған шашақтар іліп қояды. Не үшін? Иә, көз тимеу үшін. Жалпы киіз үй оң жақ және сол жақ деп екіге бөлінеді. Яғни ерлер және әйелдер жағы болып. Ерлер жақта ер адамға тән нәрселер ілініп тұрады. Олар: шоқпар, қамшы, садақ, т.б. қару-жарақтар. Ал әйелдер жағында тек әйелге тән нәрселер тұрады. Олар: ыдыс-аяқ, төсек орын, бесік тағы басқалар. Төр қазақ халқы үшін өте қасиетті болып саналады. Төрте міндетті түрде аң терілері және қасиетті домбыра ілулі тұрады. Барлық киіз үй әдемі ою-өрнектермен әшекейленген түскиіздермен, алашалармен, сырмақтармен безендіріледі.

**Сәулет** - құрылыс өнері; жобалау және құрылыс салу өнері. Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура латынша architectura, ал грекше architekton, яғни құрылысшы деген мағынаны білдіреді.

Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер. Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Адамзат баласы көне заманнан бастап құрылыспен айналысқан. Адамдар неолит кезінде үйді ағаштан, қамыстан, талдан және балшықтан салды. Су айдынында, қағылған қазықтың үстіне тұрғызылған үйлер де болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың ортасында ірі тастардан қаланған монументті құрылыстар: кромлехтер, менгирлер мен дольмендер пайда болды. Менгирлер тігінен қойылған биік тастар тізбегінен тұрады.

**Дольмен** – қатар қойылған екі тастың үсті үшінші таспен жабылып, біріне-бірі жалғасып келетін дәліз іспеттес. **Киіз үй**— Орталық және Орта Азия халықтарының негізгі баспанасы; Орталық және Орта Азия халықтарының көшпелі тұрғын үйі. Ол — көшпенділердің тез жығып, шапшаң тігуге, яғни көшіп-қонуға ыңғайлы үйі.

Көшпенділердің киіз үйі — тарихымыздағы ең бірінші сәулеттік құрылыс. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Сондықтан, шопандар да, туристер де пайдаланады. Киіз үй жер сілкінісінде де ыңғайлы, өйткені ол оңайлықпен бұзылмайды. Қазақстан жер сілкінісінен зардап шеккен елдерге шатырдың орнына киіз үйлер апарып жүрді.

**Киіз үй**-көктем, жаз және күз мезгілдерінде қоныстан қонысқа көшіп жүру жағдайына қолайлы құрама үй. Оның қабырғасы торлап көктелген керегеден тұрғызылады. Кереге әдетте екі түрлі болады. Оның бірі кең көзді кереге « желкөз» деп аталады. Бұл артуға жеңіл, бірақ сәнсіз, сүйегі жеңіл болғандықтан желге төзімсіздеу болып келеді. Екінші түрі

тар көзді кереге – «торкөз» деп аталады, ол артуға ауырлау болғанымен, желге өте төзімді. Кереге жиналмалы бөлек-бөлек қанаттардан жасалады. Ал керегеден жоғары сидам, жіңішке ағаштан жұмырлап жасалып, қарны иілген уықтардан қаусырыла күмбез шығарылады. Уықтардың басы дөңгелене жайылған керегенің аша басына айқастырыла байланып, ұшы (қаламы) шаңырақтың көзіне шаншылады. Шаңырақ-үй күмбезінің төбесі әрі терезесі. Керегенің сыртынан әр алуан бояулы жүн оралып, өрнек түсіріліп тоқылған шымши немесе жалаңаш шиден тоқылған ши ұсталады. Кереге мен уықтар уықбау, кермебау, басқұр, құр және басқа да бау-шулармен бекітіледі. Үйдің ағаштан жасалғандарын «сүйегі» деп атайды. Үй ағашының сыртынан арнаулы үй киіздері-қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жабылады. Бұл үй киіздері бау-шулар арқылы ұштастырылады. Киіз үйдің есігінің биіктігі бір жарым метр, ені 0,8 метр келеді. Оған ағаштан оюлап жасалған «сықырлауық» деп аталатын жарма есік орнатылады. Сықырлауық сыртынан ораулы шиден тоқып, оюлы киіз қаптаған жаппа есік түсіріледі. Үйдің ортасында тамақ пісіретін ошағы болады. Үйдің оң жағында төсек, оның тұсына тұскііз ұсталып, төсекті қоршап шымылдық тартылады. Үйдің төріне жұқаяқ қойылып, оның үстіне абдыра, көрпе-жастық т.б жүктер жиналады. Үйдің сол жағына кебеже, қазанаяқ, саба сияқты ыдыстар қойылып, шыптамен қоршалады. Талай ғасырлық көшпелі тұрмыс тәжірибесінен туған қазақтың киіз үйі – күннің аптабы мен түннің дымсызынан, жауын-шашын мен аңыздан, бораннан сақтануға ыңғайлы, әрі ауалы, әрі жарық болудың үстіне көші-қонға қолайлы, оны жарты сағат ішінде жығып-артуға да, жарты сағат ішінде көліктен түсіріп, тігіп алуға да болады. Алматы қаласынан 70 шақырым жерде орналасқан Қопа бекетінің күншығысында «**Таңбалы**» тас деген жер бар. «**Таңбалы тас**» бірнеше жылғадан, өзеңдерден тұрады. Жан-жағында сайлар, күнге әбден күйген жалпақ гранит тас бар. Тастың беті толған сурет. Таутеке, бұғы, киік, шошқа, жылқы, бұқалардың кескіндері сол тасқа қашалып салынған. Қолдарына ұзын найза ұстап, белдеріне қылыш асынған, кейбіреуі желбіреге ту ұстаған 22 салт атты сарбаздың суреті өте әдемі бейнеленген. Олар – VI-VII ғасырлардағы түрік жауынгерлерінің бейнесі. Археологтардың «Таңбалы тасқа» жүргізген зерттеу нәтижесінде, бұл жердің тас дәуірінде адамдардың табынатын «қасиетті мекені» болғандығы анықталған. Зерттеу барысында бес мыңдай сурет есепке алынды. Олардың салынғанына төрт мың жылдай өткен. Қазір «Таңбалы тас» ЮНЕСКО-ның қарамағына алынып, туристер келетін мекенге айналған.

**7-тапсырма:** Таңғажайып сәулет өнерінің тағыда басқа түрлерін жазу, сипаттау.

Тағы басқа қай жерде таспен жазылған өңірлер табылған.

– Енді мәтінге кіріспес бұрын жаңа сөздермен танысайық.

**Сөздік жұмысы:**

1. киіз үй- юрта
2. киіз- кошма
3. шаңырақ- купол или верхняя часть юрты
4. кереге- раздвижная решетчатая основа
5. уық – купольные жерди
6. көшіп-қону – кочевать
7. жию- собирать
8. бұзу – разбирать
9. жаңбыр – дождь
10. боран – буран
11. баспана - жилище
12. қаңқасы – скелет
13. қайыс – кожаная веревка

## 8-тапсырма Мәтінмен жұмыс.

А) мәтінді оқу

Ә) аудару

Киіз үй

Төмендегі кестеден киіз үйге қатысты сөздерді тауып оқындар.

к	т	у	ы	р	л	ы	қ
е	ш	а	ң	ы	р	а	қ
р	б	ж	е	л	б	а	у
е	а	т	ү	н	д	і	к
г	с	ы	ы	м	а	қ	ү
е	қ	а	л	а	ш	а	з
у	ұ	к	и	і	з	о	і
ы	р	б	а	қ	а	н	к
қ	т	е	к	е	м	е	т

«Шаңырақ» энциклопедиясынан алынған «Киіз үй құрылымы» аудиомәтінін (10. mp3) тындап, терминдер мен ұғымдарды, тіл- дік оралымдарды талдап, сұхбат құрындар. «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі бойынша жауап беріндер.

Қайда? Бұл терминдерді бұрын қайда кездестіріп едіңдер?

Қалай? Өз тәжірибелеріңде осы атауларды қалай қолда- насындар?

Қандай? Осы сабақта бұл атаулар қандай қолданыста болады деп ойлайсындар?

8-тапсырма Мәтінді оқып, киіз үй бөлшектерін суреттерден көрсетіндер. Көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін біліп, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.



**Киіз үй**- қазақ халқының ертеден келе жатқан баспанасы. Ол көшіп-қонғанда тез жиюға және бұзуға ыңғайлы. Жазда ауасы таза әрі салқын. Қыста қазақтар киіз үйдің сыртқы киіздерін қабаттап жауып, қыстап шыға берген. Киіз үй қатты боран соққанда жығылмайды, жаңбыр жауса суды өткізбейді.

Киіз үйдің қанқасы үш бөліктен тұрады: кереге, уық, шаңырақ. Кереге ағаштары бір-бірімен қайыспен байланады. Шаңырақ деп дөңгелек ағашты айтады. Шаңырақ қажетті кезде арнаулы киізбен жабылады, ашылады. Уықтар шаңырақты тіреп тұрады.

Б) мәтіннен сөйлемдерді теріп оқу.

1. Из каких частей состоит скелет юрты?
2. Какой воздух в юрте?
3. Как зимовали в юрте?

В) Жаңа сөздерді қалай меңгергендерін тексеру.

– Берілген карточкалармен сөз тіркес, сөйлем құрастыру.

Киіз үйдің атаулары	Түсіндірме (комментарий)
Жаппа үй	
Қара құрым үй	
Ақтағыр	
Алтын орда	
Алтын үзік орда	
Ақ ала орда	
Отау үй	

### Деңгейлік тапсырмалар

1-деңгей

1.. Сәйкестігін тап

Ұлттық дәстүр	наследие
Асыл мұра	казахский народ
Әдемі киіз үй	народная традиция
Қазақ халқы	красивая юрта

2. Нүктенің орнына болымсыз етістіктің - ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе жұрнақтарын жалға. Бар..., жат..., отыр..., үз..., кел..., ат..., қой..., айт..., кет..., секір... .

**2-деңгей**

1. Кереге сөзін септе

2. Етістіктерді нүктенің орнына қой.

Киіз үй көне дәуірінде пайда .... . Киіз басу белгілі бір еңбек кәсібіне ... . Үй біздің заманымыздан бұрынғы ғасырда кеңінен .... . Киіз үй негізгі төрт бөліктен ... . Керекті сөздер: пайдаланылған, айналған, тұрады, болған.

**3-деңгей**

1. Берілген сөздерді топтарға бөліп жаз.

Қобыз, құрт, уық,қымыз, қыз қуу, домбыра, асық, кереге, шертер,бесбармақ, көкпар,шаңырақ, сазсырнай, ірімшік, сықырлауық, бәйге,дулыға, самса, алтыбақан.

Ұлттық аспаптар

(Музыкальные инструменты) Ұлттық тағамдар

(Национальные блюда) Киіз үйдің бөліктері

(Части юрты) Ұлттық ойындар

(Национальные игры)

**9-тапсырма** Шаңырақ сөзіне фонетикалық талдау жаса.

**4-деңгей** Шығармашылық

1. Киіз үйдің ерекшелігі туралы шағын әңгіме жаз.

Балалардың еңбегін бағалау.

**Қорытынды.**

1. Киіз үйді неден бастап құрады? (кереге)

2. Киіз үйдің ең жоғары бөлшегі не? (шаңырақ)

3. Шаңырақ пен керегені қосып тұратын бөлшек қалай аталады? (уық)

4. Қос босағадан және жарма беттен құралатын зат. (сықырлауық немесе есік)

Слайд №9. Слайд бойынша киіз үйді шығару.

5. Ертеде қазақ халқының баспанасы не болған? (киіз үй)

## ТАҚЫРЫП 19

# ТІЛДІК ЖҮЙЕ ЖӘНЕ НОРМА. СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ МӘТІН ДЕҢГЕЙІНДЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕР (ҮТІР, СЫЗЫҚША, ЖАҚША, НҮКТЕЛІ ҮТІР)

**Мақсаты:** Тілдік жүйе және норма, тілдік норма және дағды туралы түсінік беру, айырмашылығын ұғындыру; Сын тұрғысынан ойлау шеберлігін, сөйлеу мәдениетін дамыту; Тыныс белгілері туралы түсінік беру, сөйлем ішіне қойылатын тыныс белгілерінің жасалу жолдарын түсіндіру; Студенттердің ойын кеңейтіп тілді байытатын мазмұнды да көркем сөз үлгілері мол мақал-мәтелдер, нақыл сөздер үйрету;

**Оқыту нәтижелері** · Өз ойларын еркін жеткізе білуге дағдыланады; · Тілімізді қадірлеп, құрмет тұтады; · Топпен жұмыс істеуде .Үй тапсырмасын тексеру: 2.«Мен саған, сен маған» сұраққа жауап береді. Екі топ бір-біріне сұрақ қояды

**Бағалау критерийлері:** 1) Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктейді; **Сөйлем және мәтін деңгейінде қойылатын тыныс белгілер.**

### Үтір

1.Үтірмен сөйлемдегі қаратпа сөздер, қыстырма сөздер, одағайлар бөлінеді. Мысалы: Сөйлей бер, ақ домбырам, күмбірлеген (Ж.Ж.). Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім (Абай). Бәрекелді, өзінді момын ғой деп жүрсем, ыстығың түрінде екен ғой (М.Ә.).

Бәсе, жә, қош, құп, жарайды, мақұл, дұрыс сияқты сөздер үтірмен бөлінеді. Мысалы: Бәсе, даланың көркі енді кірді ғой (С.М.).

Сөйлемдегі иә, жоқ, мә деген сөздер үтірмен бөлінеді. Мысалы:

– Иә, содан соң не болды? – деп ар жағын айтқызбақ еді (М.Ә.).

2.Үтір сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына қойылады: Абай қажымай, жалықпай, ынтыға тыңдайтын (М.Ә.).

Сөйлемдегі оңашаланған айқындауыш мүшелер үтірмен бөлінеді: Ұлжан енесіне бағана, Абай ұйықтап жатқанда, бар жайды айт- қан (М.Ә.).

Сияқты, ретінде, қатар, емес, түгіл деген сөздермен келген және

-дай, -дей, -тай, -тей жұрнақтары қосылған тізбектер де (мысалы: Үйге кіру түгілі, жақындамады; Өлеңдермен қатар, дастандар да жазды т.б.) үтірге алынады.

Қарамастан, қоспағанда, есептегенде деген сөздерге аяқталатын сөз тізбектері үтірмен ажыратылады. Мысалы: Аяғының ауырға- нына қарамастан, ол шапшаң жүріп отырды.

3.Үтір құрмаласқа енген жай сөйлемдердің арасына қойылады: Сол жылы Есіл мол тасып, егін мен шөп көп шықты (С.М.).

4.Екіге бөлінген төл сөздің алғашқы бөлігі хабарлы сөйлем немесе сөйлемнің бір бөлігі болса, одан кейін үтір (және сызықша) қойылады: – Мені, – деді Амантай далаға шыққан Асқарға, – губернатор шақырған екен (С.М.).

Бірдей немесе әркелкі тұлғада қайталанып келетін жеке сөздер мен тіркестердің (мысалы: Лаула, лаула, жалын; Үйінде отырса, отырсын т.б.) араларына үтір қойылады.

Ол – ол ма, бұл – бұл ма, ол – ол болсын деген тіркестер сөйлем ішіндегі басқа сөздерден үтірмен бөлінеді.

5.Бірнеше тіркестен құралған тұрақты тіркестердің (мысалы: ұзын арқау, кең тұсау; сегіз қырлы, бір сырлы т.б.) арасына үтір қойылады.

2) Мәтіндерді түзетеді және редакциялайды; 3) Орфографиялық және лексикалық норма талаптарын сақтайды 1. Әдеби тілдің нормаларын қайталау:

**Тілдік норма және жаңа қолданыстар**



Әдеби тіл нормалары оқулықтарда, тиісті сөздіктерде көрсетіліп отырады. Ал ол қағида-ережелерді сақтамау – нормадан ауытқу. Біз сөздіктерде тіркелмеген, түрлі оқулық пен анықтағышта ұшырата бермейтін сөздердің жарыспалы қолданыстағы түрлерін кездестіріп жүрміз. Бұл сөздер жиі қолданылып, өз қажеттілігі мен қолайлығын дәлелдеп, тәжірибе-сынақтан өтіп, әбден қалыптасқан соң ғана тер-мин ретінде тіркеледі. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Сөйлем ішінде ерекшеленіп, мағынасын айқындауды қажет ететін қаратпа, қыстырма, одағай, төл сөздер мен бірыңғай және айқындауыш мүшелер бар. Тыныс белгілер сөйлем ішіндегі осындай сөздердің мағынасын, қызметін, қолданылу себебін ерекшелей, айтылар ойдың табиғатын айқындап көрсететін қызмет атқарады.

үтір (,) Мен, Айдын, Әсем үшеуміз келдік.

қос нүкте (: ) Айтарын білдім: тас-түйін боп алған

жақша ( ) Толғауы тоқсан қызыл тіл. (Абай).

тырнақша («») «Жас келсе іске» деген сөз бар

сызықша (-) Үйде шешен, — дауда жоқ.

Оқулықтағы термин	Жарыспалы қолданыс	Қабылданған баламасы
саммит	басқосу, кездесу	саммит
фасад	қасбет, маңдайша	қасбет
принцип	қағидат, ұстаным	принцип
планета	ғаламшар	планета
музей	мұражай	музей
астана	елорда	астана
публицистика	көсемсөз	публицистика



**1-тапсырма** Берілген сөйлемдерден жаңа қолданыстағы сөздерді тауып, жарыспалы қолданысы мен тілдік нормаға қабылданған нұсқасын кестеге жазыңдар.

Сөз	Жарыспалы қолданыс	Қабылданған баламасы

Қаладағы бірқатар ірі мекемелер Алматы қалалық «Қа-зақ тілі» қоғамына демеуші болуға ынта білдіреді. 2. Тарихи дерекнама көзіне сүйенер болсақ, ХХ ғасырдың өзінде Түр-кістан шаһарында медресе жұмыс істегені мағлұм. 3. Таяуда

«Жұлдыз» журналының дөңгелек үстелі Жамбыл облысының Талас ауданында өткізілді.

4. Басқалардың қолына түспейтін тапшы затты қалайда табуға тырысады. 5. Менің байқауымша, олар делдалдық қызмет көрсетеді. 6. Орта бойлы, қара торы қыз дәрісханадан көңілді шықты. 7. Дәмқосар – тағамның дәмін кіргізу үшін пайдаланатын қоспа. 8. Түрік жігіті бізді Ата Түрік әуежайына алып келді. 9. «ИЛ-62» самұрығы бір-те-бірте биіктей берді. 10. Мұнда негізгі еңбекақыға 15 пайыз қосымша беріледі.

Еңбекақымен бірге сыйақы беріліп тұрады



**2-тапсырма** Оқылым мәтініндегі үтірлердің қойылу себебін түсіндіріңдер.

**3-тапсырма** Берілген шумақта тілдік нормаға сәйкес емес қандай қолданыс бар? Баспасөз беттерінен осындай қолданыстарды тауып, бірне-ше мысал жазыңдар.

Ойқырымда елімнің аты қандай, Әр атауда талай сын жатырғандай. Жай көл емес, киелі мынау айдын – Жазираға жарасқан жарқын маңдай.

#### 4-тапсырма Үтірлерді қойып, мәтінді көшіріңдер. Себебін түсіндіріңдер.

Сырдария Іле Талас Лепсі Есік Шелек Шарын Кеген өзен- дері аңғарларында көптеген үлкенді-кішілі обалар шоғыр- ланған. Бесшатыр қорымы Іле өзенінің оң жағасында орна- ласқан. Ол 31 обадан тұрады олардың 21-і таспен ал 10-ы қиыршық таспен топырақпен жабылған. Үлкен обалардың диаметрі 45 м-ден 105 м болса биіктігі 6 м-ден 18 м-ге дейін жетеді. Біздің заманымыздың V–VII ғасырларында керуен жолының үстінде Тараз Құлан Сайрам (Исфиджаб) Оты- рар Сығанақ Құмкент Созақ Алмалық сияқты ірі қалалар; Ақыртас Баба Ата Ақсұмбе сияқты қорған-бекіністер болған. Торғай Жыланшық Кеңгір Жезді Сарысу өзендері бойы- нан X–XI ғасырларда өмір сүрген алпысқа жуық қалашық орындары анықталды. Бабаджа хатун күмбезі Айша бибі мазары Жұбан ана күмбезі сәулет өнерінің күрт дамығанын көрсетеді. Қарахан әулеті тұсында Алаша хан күмбезі Жошы хан күмбезі Аяққамыр күмбезі Ясауи кесенесі X–XIV ғасыр- лардағы Қазақстандағы сәулет өнерінің жоғары деңгейін та-

нытады.

*(«Қазақстан тарихы» (көне заманнан*

*бүгінге дейін), 1-том)*



**5-тапсырма Жаттығумен жұмыс:** 135-жаттығу. Мәтінді көшіріп жазып, сөйлем ішіндегі тыныс белгілерінің қойылу мәнін түсіндіріңдер. Мәтіннен кестеге қажетті 3 сөзді тауып толтырыңдар.

**Сөйлемге қажетті тыныс белгісі:**

1. Шіркін, бұрынғының әндері-ай

А. Нүкте

Ә. Сұрау белгісі

Б. Леп белгісі+

В. Көп нүкте

2. Ойдың аяқталмағандығының белгісі:

А. Үтір

Ә. Леп белгісі

Б. Көп нүкте+

В. Сұрау белгісі

3. Қуанышты сөйлемдерден соң қандай тыныс белгісі қойылады?

А. Сұрау белгісі

Ә. Көп нүкте

Б. Леп белгісі+

В. Нүкте

4. Соңына сұрау белгісі қойылатын сөйлемдер:

А. Лепті

Ә. Сұраулы+

Б. Хабарлы

В. Бұйрықты

5. Мына... сөздерден соң леп белгісі қойылады:

А. Жаңалық

- Ә. Біргалай  
 Б. Бәрекелді, апырай+  
 В. Қолайлы
6. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгісі:  
 Сен өзің тіпті ірі сөйлейді екенсің, ә  
 А. Леп белгісі  
 Ә. Сұрау белгісі+  
 Б. Нүкте  
 В. Сұрау және леп белгісі
7. Сөйлем соңына ... қойылады:  
 Бәрі де күліп қалыпты  
 А. Сұрау белгісі  
 Ә. Көп нүкте  
 Б. Леп белгісі  
 В. Нүкте+
8. Тыныс белгісі қате қойылған сөйлем:  
 А. Он жетінші пойыз тоқтайды ғой?  
 Ә. Мен естігенімді ұмытпаймын.  
 Б. Мен оны қалай ұстап отырмақпын.+  
 В. Балалар шын қуанды.
9. Тыныс белгісі қате қойылған сөйлем:  
 А. Әбутәліп мұнымен тынбады.  
 Ә. Қай пойызбен келеді?  
 Б. Содан соң тып-тыныш боп қалды.  
 В. Олар қайда бара жатыр.+
10. Қанша, кім есімдіктері қатысқан сөйлемге қажет тыныс белгі:  
 А. Көп нүкте  
 Ә. леп белгісі  
 Б. Нүкте  
 В. Сұрау белгісі+

## Тапсырмалар

### 1-топ

#### 1. Фразеологиялық тіркестердің синонимін тауып дұрыс орналастыру:

1. Ереуіл атқа ер салды -жаугершілікте елін қорғауға аттанды;
2. Жібектей есілген -мінезі биязы, жақсы қылықты;
3. Жігіт ағасы болды -есейді, орта жасқа келді.
4. Аршын төс -сұлулыққа тән балама теңеу;
5. Құралай көз -сүйкімді, әдемі көз;
6. Мырс етті -кекете күлді;
7. Сабыр түбі-сары алтын -шыдамдылық, арты жақсылық, игілік.

### 2-топ

Кестені толтыру

Құр. Зат есім Киіз үй жабдығы

Құр. Зат есім Таулы, орманды жерде тіршілік ететін жабай құс

Құр. Үстеу Бекер, бос, текке, жат, әшейін

Құр. Етістік Бір нәрсенің негізін салу, орнату

Құр. Одағай Жылқыны шақырғанда не тоқтатарда айтылатын ишарат сөз.

**1-топ:**

«Той» сөзін қатыстырып, мақал-мәтелдер жазу Батыл жігіт қол бастар, Ақын жігіт той бастар; Тойдың болғанынан боладысы қызық; Шақырусыз тойға барғанша, Таяқ ал да қойға бар.

**2-топ:**

4. Кесте ішіндегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып фразеологиялық тізбек құраңыз.

Қас ашып арқасы пен

Жұмағанша Қас арасында қағымда

Қабактың қас көзді

көздің қаққанша қиянда Ит

**1-топ:** Морфологиялық талдау

Қазақстандағы 100 жаңа есім ақылымен, қолымен, дарынымен заманды Қазастанды жасап жатқан адамдарды қоғамға танытады.

**2-топ:** Синтаксистік талдау

Туған жерге іңкәрлікпен атсалысу- шынайы патриотизмнің маңызды көрінісі.

1. «Теле» түбірінен жасалған жаңа атауларды тап:

А. Тележурналист, телестанция, телескоп, телеком

В. Телефон, телекомп

С. Теледидар, телескоп

2. Жалпы қолданыста бар түркі тілдеріне тән сөз:

А.тәңір

В.дархан

С.үстел

3.Тиісті әдебиетте көрсетілген қағида, ережелерді сақтамау қалай аталады?

А.жүйе

В.нормадан ауытқу

С.стиль

4.Сөзді дұрыс қолданудың негізгі арқауы:

А.Әдеби тілдің нормасы;

В.Ауызша тілдің нормасы;

С.Тілдік норма

5.Бас сөзіне жақын сөздер қатарын көрсет:

А.баспа, басылым, баспагер,баспахана, басшы

В.басшы, бас изеу,бас тұту

С.баспагер, бас көз болу

6.Аларман сөзінің мағынасын белгіле.

А.Алуға ұмтылған;

В.Алды;

С.Қақтығыс

7. «Радио» сөзіне тіркес бола алатын сөздер:

А.станция, техника, аппарат

В.кибернетика, нейлон;

С.техника, силон

8. «Ту» есім сөзіне жақын сөздер

А.босану;

В.бекіре;

С.байрақ.

9. «Ақшам жамырады» сөзінің мағынасы

А.Қараңғы түсті;

В.Таң шапағаты;

С.Таң атты

10. «Түртгі» сөзіне тізбек бола алатын қатар:

А.түлен, сайтан, қол, ажал, көз, сор;

В.көз, қол, аяқ, бас;

С.түлен, сайтан ажал;

11.Әдеби тіл нормасына кірмейтін сөздер:

А.Варваризм;

В.Диалект;

С.Кәсіби сөздер

12. Оқулықта көрсетіліп, тиісті сөздікте тіркеліп отыратын норма:

А.Жазба тіл нормалары

В.Кітаби тіл

С.Әдеби тіл нормалары

1. Сөйлем соңына қандай тыныс белгісі қойылады?

2. Сөйлем ішіне қандай тыныс белгісі қойылады?

3. Көп нүкте қандай жағдайда қойылады?

4. Қабаттаса қойылатын тыныс белгісінің жасалу жолын түсіндір

## **ТАҚЫРЫП 20**

### **ҚАЗАҚСТАН СӘУЛЕТ ӨНЕРІНІҢ КӨНЕ ЕСКЕРТКІШТЕРІ. ҚАЗАҚТЫҢ ТАНЫМАЛ СӘУЛЕТШІЛЕРІ.**

**Мақсаты:** Қазақстан мен шет ел жеріндегі сәулет өнерінде маңызды орын алатын белгілі ғимараттар мен кесенелер жайлы мәліметтер беру.

**Бағалау критерийі :** 1)БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми - көпшілік, ғылыми еңбектерден деректерді ала біледі, сілтеме жасайды 2) Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды




қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады: (аргументативті эссе); коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлейді; көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтайды.

Барлық студенттер орындай алады: коммуникативтік жағдаятқа сай сөйлей біледі. Студенттердің көбісі орындай алады: көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтайды. Студенттердің кейбірі орындай алады: тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, өз ойларын дұрыс жеткізеді. Осы тақырып аясында студенттер тіл мен сөйлеу әрекеттері түрлері туралы білімін кеңейтеді, өзге пәндер бойынша меңгерген білімін қазақ тілінде сауатты қолдана алады. **Диалог және айтылым үшін қажетті сөз тіркестер:** Менің ойымша/пікірімше..., Менің көзқарасым бойынша..., Мен сенімдімін..., Мені таңқалдыратыны..., Ойымды қорыта келе,..., т.б.



## 1. Сөзжұмбақты шешіңдер.



1. Қожа Ахмет Ясауи кім?
2. Түркістандағы кесене кімнің мазары?
3. Қожа Ахмет Ясауи кесенесін салдырған адам.
4. Кесене сөзінің халықаралық атауы.
5. Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан қала.
6. Қожа Ахметтің рухани ұстазы. (ескерту: \* бос орын)
7. Әлемдегі ең үлкен кітапхана (391–1220 жж.) орналасқан қала.



Екі топқа бөлініп, мәтіндерді оқындар. Құрылымы мен рәсімделуіне, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасандар.

**Таспен жазылған симфония** Әрине, Қазақстан сәулет өнерінің маржаны деп, сөз жоқ, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі аталады. Ғимарат XV ғасырдың бас кезінде салынған. Ғимараттың ауданы – 2937,5 м<sup>2</sup>, төртбұрышты. Ор- таңғы «Қазандық» аталатын бөлмені диаметрі 18 метрлік биік күмбез жауып тұр. Кесе- не осы үлкен күмбезді бөлме- нің айналасына орналасқан қабірхана, асхана, кітапхана және тағы басқа 30-дан астам бөлмеден тұрады. Кесененің жарығы ерекше. Ол тек сағанаға (қабірге) түсіп тұрғандықтан, сәуленің сан құбылуы адамның әулиеге деген сенімінің арта түсуіне себепші болып отырған. Мазардың есіктері тамаша шеберлікпен жасалған, ал сыртқы қабырға- сындағы көгілдір түсті сырлы кірпіштердің бояуы осы күнге дейін түсін

бермеген. Оның құрамы қандай, қасиеті неде? Бүгінге дейін құпия сырын ашпай келеді. Қожа Ахмет Ясауи ғимараты бар қасиетімен, көз тар- тар көркемдік шешімімен, монументалды ерен тұлғасымен дүниежүзілік даңққа ие болып отыр. *(Шот-Аман Уәлихан)*

**Шырқап салынған ән** Айша биби мазары да, шамамен, XI ғасырда салынған. Мазардың сыртқы қабырғасы- ның төрт бұрышында диаметрі 60–80 сантиметрден төрт баға- насы бар. Төрт қабырғадағы төрт есік кішкене бағаналар көтеріп тұратын жартылай күмбезбен жабылған, бүкіл мазардың шаңырақ күмбезі сақталмаған. Бұл ескерткіш қазақ ою өнері, қолөнері жетістіктері- нің музейі тәрізді. Мұнда қа- зақтардың үй бұйымдарында күні бүгінге дейін кездесетін түрлі нақыштар бейнеленген. Мазардың кішкене бөлшегіне дейін зергердің қолынан өткен нәзік бұйым тәрізді, гармо- ниялық тұтастығымен таңғалдырады. Қай жағынан айналып қарасаңыз да, көз талмайды, қараған сайын өзіңізге белгісіз жаңа қырын аңғарасыз. Мен Айша биби мазарын «шырқап салынған ән» дер едім. Ол «қалқып тамылжиды», «жүрек тербеп», «миды оятады». Ғасырлар бойы пайдаланылып келе жатқан қарапайым кір- пішті әнші қылған қазақ шеберін данышпан десе болмас па!

*(Шот-Аман Уәлихан)*

**«Қазақтың танымал сәулетшілері»** аудиомәтінін тыңдап, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, өз ойларын «А», «В», «С» әдісі бойынша дұрыс жеткізеді. А оқушы сұрақ қояды В оқушы жауап береді Ұшы-қиыры жоқ Ұлы далада сұлулықты, табиғатпен тамаша үйлесімділікті бойына сіңірген дала адамы мәдениет пен өнердің тамаша үлгілерін де жасады. Бұған Айша биби, Қожа Ахмет Ясауи, Арыстан баб кесенелері сияқты көне дәуір мұралары дәлел бола алады. Өткен сыныптарда сендер бейнелеу өнері сабақтарында орта ғасырлардағы Қазақстанның сәулет өнері ескерткіштері — Айша биби, Бабаджа қатын, Қарахан, Қожа Ахмет Ясауи кесенелерімен танысқандықтан, енді Арыстан баб мешіт-кесенесіне нақтырақ тоқталамыз. Ортағасырлық әйгілі сәулет өнері ескерткіші — Арыстан баб кесенесі көне Отырар жеріне жақын орналасқан. Аңыз бойынша Арыстан баб Қожа Ахмет Ясауидің алғашқы ұстазы болған. Кесене қабірінің басына салынған. Кесене бірнеше рет бүліншілікке ұшырап, XX ғасырдың басында соңғы жөндеуден өтті. Ол күйдірілген кірпіштен тұрғызылған. Оның тік бұрышты формасы және күмбезді төбесі бір-бірімен жарасымдылықта әсем көрінеді. Намаз оқитын залы, кітапханасы және күзетші бөлмесі мен қажылар тұратын үйлері бар. Алдыңғы бөлмеде Арыстан бабтың үш шәкірті, ал ішкі бөлмеде өзінің сағанасы жатыр. Үйдің көрнекті фасады оңтүстікке қаратылып, симметриялы композиция құрған. Арыстан баб кесенесінің сәулеттік жобаларын ойлап табуда берілген жаңа түр — оның композициясының фронталды болуы — оның порталына сәулетті өң кіргізіп тұрады. Қазақстанның түкпір-түкпірінде сақталған ескі тұрғын үйлер арқылы халқымыздың өткендегі өмірін, өнері мен мәдениетін зерттеп білуге болады.

**Сәулет өнері ескерткіштеріндегі өрнектер.** Қазақстанның көптеген сәулет ескерткіштері ою-өрнектермен безендірілген. Баба ата, Алаша хан, Бабаджа қатын, Қарахан, Айша биби және Қожа Ахмет Ясауи кесенелеріндегі өрнектер — сәулет өнеріндегі шеберліктің тамаша үлгісі. Бабаджа қатын мен Қарахан кесенелерінің кіреберісі ғана кірпішті өрнектермен көмкерілген. Айша биби кесенесі терракоталық қаптауышпен тұтас көмкеріліп, әр алуан геометриялық және өсімдік тәрізді өрнектермен безендірілген. Алаша хан кесенесі де өзіндік көркем сәулет элементтерімен ерекшеленеді. Берік текшелері өрнекті плиталармен қапталған жолақтармен жиектелген. Кіреберіс қабырғаларының орталық бөлігі геометриялық және өсімдік тәрізді өрнектермен әшекейленген; артқы және бүйір қабырғалары геометриялық өрнектермен, ромб тәрізді

фигуралармен қапталған. Сәулет өнеріндегі әйгілі ескерткіштердің бірі — Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде ағаш, сүйек оймыштау, тас пен металды көркем өңдеу тәсілдері қолданылған. Аркасы, тереземен есіктері өсімдік тәрізді өрнектермен сәнделген. Қабір күмбезі де әсем безендірілген.



**«Әлемнің жеті кереметі».** Ежелгі заманда даңқы жер жарған ғажап құрылыстар мен мүсіндер осылай аталып келеді. Адам баласының ақылы мен қолынан туған осынау тамаша ескерткіштердің, өкінішке қарай, біздің заманымызға тек біреуі ғана жеткен. Ол — пирамидалар, яғни ежелгі Египет патшалары — перғауындардың (фараондардың) тастан қаланған сағаналары (табытханалары). Египеттің астанасы Каирден оңтүстікке қарай қатарласа шөгіп жатқан ақшаңқан және сарғылт таулар көрінеді. Бұл төбесі сүйірленіп келген жасанды таулар, яғни пирамидалар. Ең үлкені Хеопс перғауынның пирамидасы, оның биіктігі 147 м, бұдан 5000 жылдай бұрын салынған. Хефрен пирамидасы бұдан 2 метрдей аласа. Бұл перғауынға таудай мазар жеткіліксіз болып көрінгенде, ол пирамиданы үлкен жартастан қашап жасалған тас мүсінге күзеттіріп қойындар деп жарлық еткен. Оның басы адам бейнесінде, денесі арыстан тұлғалы. Ол Сфинкс деп аталады. Адамдай данышпан, арыстандай айбатты Сфинкс бейнесі жоққа сенгіш ырымшыл жандардың зәресін алған, сондықтан жұрт оны үрей атасы деп кеткен. Әлемнің ендігі бір кереметі — Семирамиданың аспалы бағы, Шығыстың ең үлкен әрі дәулетті қаласы — Вавилонда болған. Ел аузындағы аңызға қарағанда бұл бақты патшайым Семирамида салдырса керек. Ал шындығында ол біздің заманымыздан бұрынғы VI ғасырда II Навуходоносор патшаның жарлығы бойынша салынған. Ол өз сарайын алты қабат үйдің биіктігіндей етіп қолдан көтерілген жасанды алаң үстіне салдырады. Сарай алаңына көтерілетін алты тепкішек айнала кірпіштен өрілген аркалар тізбегімен (аркада) көркемделіп, топырақ төселген әр тепкішекке жайқалған бақ орнатылған. Толып жатқан қауға байлаған орасан зор шығырды күні-түні айналдырып, аспалы баққа Евфрат өзенінен су шығарған. Кіші Азияның Эфес қаласындағы гректің әйел пірі Артемиданың ғибадатханасы әлемнің үшінші кереметі деп есептелген. Ол кілең мәрмәр тастан жасалған. 120 жыл бойы салынып, жаңа заманға дейінгі 500 жыл шамасында аяқталған. Ғибадатхана көз тартарлықтай әдемі, ішінде бағалы заттар мол болған. Сондықтан атағы жер жүзіне жайылып кетеді. Біздің заманымыздан бұрынғы 356 жылы Герострат деген біреу атын шығармақ болып, ғибадатхананы өртейді. Ақыры оның ес«Ойна, ойла». Аралас әріптермен жазылған сөздерді ұяшыққа дұрыс орналастырып, сәулет өнеріне қатысты сөздерді табындар.



**1-тапсырма** «Қазақтың танымал сәулетшілері» аудиомәтінін (11. mp3) тыңдап, коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, өз ойларыңды «А, В, С» әдісі бойынша дұрыс жеткізіндер.

А оқушы сұрақ қояды. В оқушы жауап береді.

С оқушы айтқан жауаптарды бақылайды, толық болмаса, толықтырады.



Мәтінді оқып, «Бес W және бір H» сұрақтарға жауап беріңдер. Қазақстанның ең үлкен қалалары туралы білетін ақпараттарыңды ортаға салып, дереккөзіне сілтеме жасаңдар.

Who? Кім? Кто?
What? Не? Что?
When? Қашан? Когда?
Where? Қайда? Где?
Why? Неге? Зачем?
How? Қалай? Как?

Бүгінде қазақ сахарасы әлемнің үздік сәулетшілерімен қатар, отандық сәулет өнері шеберлерінің керемет идеяларын іске асыратын құт мекенге айналды. Сарыарқа төрінде ХХІ ға- сырдың ең сұлу шаһары жыл санап емес, ай, тіпті күн санап өсіп келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеясын жүзеге асыруға Кисе Куросава, Норман Фостер бастаған заманауи сәулетшілер Ұлы Далаға ат басын бұруда. Отандық сәулетші-лер де бай тарихымызды паш ететін, ұлттық нақыштағы әсем ғимараттар мен ескерткіштерді көз алдымызға алып келді. Ақмырза Рүстембеков, Сағындық Жанболатов, Шоқан Матайбеков бастаған бір топ сәулетшілер сіз бен біздің ойда жүр-ген бар арманымызды, сан қатпарлы қиялымыздағы бейнені қыруар еңбекпен жүзеге асырды. Осы жылдар ішінде Азида мен Универсиадаға арналған әлемдік деңгейдегі спорт кешен-дері бой көтерді. «ЭКСПО-2017» қалашығы құрылыс техно-логиясының жаңа стандарттарымен салынды.

Елордамыз туралы айтқанда, бәріміздің жадымызға, ең алдымен, «Бәйтерек» оралары сөзсіз. Бастапқыда елорда символына әлемнің ондаған сәулетшілерінен қос-қостап көздің жауын алар неше түрлі нұсқалар келіп түскен. Бірақ сәулетші Ақмырза Рүстембековтің тамыры терең тарихымызды бойына сіңірген «Бәй-терегі» озып шықты. Монумент аз ғана уақыттың ішінде Есілдің сол жағасынан бой көтерді. Еуразияның кіндігінде, кең-байтақ жазиралы далада Мәңгілік Елді ұран еткен Ұлы даланың ұландары мекен етеді. Әлбетте, қазақтың асқақ абыройын бұдан да асыл сөздермен биіктете аламыз. Алайда «Мәңгілік Ел» салтанат аркасы мұны сөзбен емес, сәулетімен жеткізіп тұр. Сәулетші Сағындық Жанболатовтың төл туындысы жасампаз қазақ елінің бар рухын, болмыс-бітімін әрбір кірпішімен, құйылған қола мүсінімен айбарлап тұр.

## **2-тапсырма. Қызығушылықты ояту**

<https://www.youtube.com/watch?v=-scCtiGtogQ>

### **Видеороликті тамашалағаннан кейін сұрақтарға жауап беріңдер**

1. Сендерге осындай баспанада тұру ұнай ма? Неге?
2. Бұл ерекше үлгідегі баспанаға тағы қандай өзгеріс енгізер едіңдер?
3. Бұл баспана қандай өнер түріне жатады?

## **3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар.**

Архитектура, сәулет өнері – құрылысты жобалау, салу, оған көркемдік бейне беру өнері. Архитектура туындылары адамның күнбе-күнгі тіршілік ортасын қалыптастырады. Олар: әр түрлі қажеттіліктерді атқаруға арналған және адамның эстетикалық талғамына жауап бере алатындай болып салынған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттар, өнеркәсіптік кешендер.

Сәулет өнері – техниканың, ғылымның және өнердің тоғысқан жері. Қазақстан жерінде Тараз, Құлан, Сайрам, Отырар, Созақ, Түркістан, Алмалық сияқты ірі қалаларда архитектуралық ескерткіштер көптеп салынған.

А.Байтұрсынов адамзат тарихындағы бес өнерді атап көрсеткен. Оның біріншісі – сөз өнері, екіншісі – сәулет өнері, үшіншісі – мүсін өнері, төртіншісі – сурет, бесіншісі – би, саз өнері деп бөлген екен.

Сәулет өнері ескерткіштері — оны жасаған қоғамның өмірі туралы аса бай ақпарат көзі. Өнердің және құрылыс техникасының ескерткіштері болумен қатар, олар дәуірдің эстетикалық нормалары, идеологиясы туралы, ғылыми-техникалық мүмкіншіліктің дамуы

туралы, мәдени қарым-қатынастар туралы, құрылыс қоленерінің ұйымдастырылуы мен деңгейі туралы айқын түсінік береді.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда қазіргі кезге дейін сақталған архитектуралық құрылыстар саны көп емес және мұсылмандық орта ғасырлар дәуірімен шектелген. Сондықтан сәулет өнері тарихының жалпы проблемаларын шешу, архитектуралық-көркемдік бейне эволюциясын ашып көрсету, сәулет өнері дамуының заңдылықтарын зерттеу көбінесе сәулет өнері ескерткіштерін археологиялық зерттеуге байланысты.

Сәулет өнері археологиялық қазба жұмыстарында табылған ескерткіштерде, тіпті тас дәуірі ескерткіштерінің өзінен-ақ ұшырасып, одан кейінгі кезендерде барған сайын ұлғая береді. Ол адамның материалдық және рухани мәдениет сапаларын біріктіретін жасампаздық қызметінің ерекше түрі — «пайданың, беріктік пен әсемдіктің» ұштастырылуы болып табылады.

<https://kk.wikipedia.org/wiki/VII>

#### **4-тапсырма. Жағдаят**

Қазақстанға келген қонақтар тамаша сәулет өнері «Хан шатырмен» таныспақшы. Сіздердің мақсаттарыңыз – ерекше туынды туралы толық мағлұмат беру. Ол үшін қажетті сөздер тізімін және фотоколлажды пайдаланыңыздар.

***Жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, қолданыстағы жаңа сөздерді пайдаланып, қонақтарға «Хан шатыр» туралы толық мағлұмат беру.***



**4-тапсырма. Жоғарыды берілген мәтінге сүйене отырып, сұрақтарға дұрыс жауап жазыңыздар**

#### **Сұрақ-жауап**

- *Фотоколлажда не бейнеленген?*
- *Қандай сәулет өнеріне жатқыза аласыз (пішіні, формасы, аумағы, биіктігі, т.б.)?*
- *Бұл ғимарат туралы не білеміз?*

## ТАҚЫРЫП 21

### СЫЗЫҚША. БАСТАУЫШ ПЕН БАЯНДАУЫШТЫҢ АРАСЫНА ҚОЙЫЛАТЫН СЫЗЫҚША. ҒЫЛЫМИ ӘДЕБИЕТ ТІЛІНІҢ СӨЗ БЕДЕРІ

**Мақсаты:** Барлық студенттер : -контекстегі таныс емес сөздердің мағынасын түсіну үшін анықтамалық материалдарды пайдаланады - үлгі негізінде сөйлем ішінен тұрлаулы мүшені ажыратып, құрастырады; - үлгі негізінде бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаның орнын анықтап, тыныс белгісін қолданады Студенттердің көбі: - контекстегі таныс емес сөздер мен сөз орамдарының мағынасын түсіну үшін сөз мағынасын анықтамалық материалдарды пайдалана отырып, мысал келтіре отырады

**Бағалау критерийі :** Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектiлеудiң) әртүрлi жолдарын меңгеру арқылы негiзгi ақпаратты iрiктейдi; 2) Мәтiндердi түзетедi және редакциялайды; 3)Орфографиялық және лексикалық норма талаптарын сақтайды;

Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша	
Бастауыш өзінен кейінгі сөзбен тіркесіп, сөйлемнің басқа мүшесі- мен шатасып кететін болса;	<i>Жиырма – беске қалдықсыз бө- лінеді. Бұл – балалардың алғаш рет көпшілік алдына шығуы.</i>
Бастауыш зат есімнен не заттан- ған сөз таптарынан, баяндауыш болымсыздықты білдіретін емес сөзі тіркескен есімдерден болса;	<i>Жоқтық – ұят емес, байлық – мұ- рат емес. (Мақал)</i>
Бастауыш пен баяндауышты бай- ланыстырушы дегеніміз, деген... сияқты сөздер тұрса;	<i>Уақыт деген – көзге көрінбеген терең мазмұн, әлеуетті күш, ше- шегін жармаған гүл, оқылмаған кітап, болуға тиісті оқиға, ашыл- маған ғылыми жаңалық. (С.Ш.)</i>
<i>Ол – ол ма, бұрынғы – бұрынғы ма</i> сияқты қыстырма сөз тіркестерінің араларына сызықша қойылады.	<i>Ол – ол ма, әңгіме одан сайын күшейе түсті.</i>



#### 1-тапсырма Берілген терминдердің мағынасын анықтап, сөйлем құраңдар.

Тенор, сопрано, ғимарат, капелла, арка, колонна, балбал тас, бәдізші, күмбез, архитектор, монумент.

Терминдер	Анықтама	Сөйлем



#### 2-тапсырма «Борт журналын» толтырыңдар.



<b>Берілген тақырып бойынша маған не белгілі? Мен не білемін?</b>	<b>Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?</b>



**3-тапсырма** Оқылым мәтінінен бастауыш пен баяндауыш арасына қойылған сызықшаларды тауып, сол сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Себебін түсіндіріңдер.



**4-тапсырма** Бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықшаны пайдаланып, «Сәулет өнерінің құндылығы неде?» тақырыбына дискуссивті эссе жазыңдар. Сөз саны –

**Ғылыми әдебиет тілінің сөз бедері** Ғылыми шығармадағы заттардың, ұғымдардың, түсініктердің атау-лары неғұрлым объективті түрде және сол зат, ұғым, түсінік туралы санадағы пайымдаулар негізінде беріледі. Мысалы, әлеуметтік-тұр-мыстық қарым-қатынаста *аспандағы ай, жарық ай, жаңа туған ай* деп айтамыз. Ал егер де ғылыми стильде анықтама беретін болсақ, Ай – Жердің серігі, планетаның серігі деп айтамыз. Осыдан бай-қағанымыз, біздің Айға қатысты берген анықтамамыздың екеуі екі түрлі. Екіншісінде сол ақиқат дүниедегі нысан туралы адам баласының танымы беріліп тұр. Тағы да бір мысал. Мысалы, Жапырақ жайған жас қайың дегендегі қайың – ақиқат дүниедегі бар нәрсе. Ал енді сол қайың туралы ғылыми стильде былай жазылады: Қайың ағаш тұқымдастарына, оның ішінде жалпақ жапырақты ағаштар класына жатады. Қазақстанда оның 15 түрі бар.

#### **Ғылыми әдебиеттің тілдік құралдары мен стильдік амалдары:**

- а) тұрақты үлгідегі сөйлемдер, сөз тіркестері, кітаби лексика, ғылыми терминдердің қолданылуы;
- ә) жан-жақты зерттелген мәселені тұжырымдау;
- б) ойды, нәтижені баяндауда тәжірибе, сараптама қорытындыларының болуы;
- в) ғылыми дәлелдерге, дәйектер мен нақты түсініктерге негізделуі

**5-тапсырма** Мәтіннің стильдік ерекшелігіне талдау жасаңдар. Ғылыми стильге тән сөз бедерін көрсетіңдер.

#### **«Қобыланды» мемориалдық кешені**

Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы Жиренқопа ауылында ұлтымыздың бас батыры, түгел түркі әлемі тәу еткен тұлға – Қарақыпшақ Қобыланды батырға арнап мемориалдық кешені тұрғызылған. Төбесінен қарағанда кешені қалқанның үстіне қойылған батырдың дулығасына және жанында жатқан садаққа ұқсайды. Кесененің биіктігі – 18 метр, диаметрі – 12 метр. Кесенеге бастайтын соқпақ жолдың екі жағында «күзетші» балбал тастар сап түзеп тұр. Қобыланды батыр туралы әр кезеңде жырлаған жыраулардың саны 12 екен. Осы соқпақ жолдың екі шетіндегі бағаналарда сол ақын-жыраулар жазып қалдырған эпос-жырлардың түпнұсқалары қойылған. Кесененің есігі мен оның үстіндегі терезеге қою көк сырмен Құран аяттары жазылған. Күмбездің дәл ортасында батырдың сүйегі жатқан жерге мәрмәр қызыл тастан белгі қойылыпты. Бейіттің екі қабырғасына қалқан мен балтаның суреті салынған. Бір шетіне шырақ орнатылған. Шырақты сегіз

барыс қоршап тұр. Мұнда келіп зиярат етушілердің көзіне бірден түсетін дүние – бір-біріне байланған үш найза. Ортасында – батырдың қолға ұстайтын қалқаны. Ұшы күміс, ұзындығы 4 метр бұл найзалар үш жүздің бірлігін білдіреді. Найза мен қалқанды Қобыланды батырдың Қызылордада тұратын ұрпақтары әкеп сыйға берген екен. Кесененің сыртында Қобыланды батыр мен Құртқаның және Тайбурылдың мыстан жасалған мүсіндері қойылған. Кешеннің екінші бөлігі батырдың садағы бейнелі Даңқ залынан және әкімшілік-шаруашылық бөлмелерінен тұрады. Кешенде Қобыланды батырдың қайрақ тасы, сүйегі қайта жерленгенде орнатылған тас белгілер орналасқан. «Қобыланды батыр» кешенінің авторы – белгілі сәулетші Бек Ибраев. Музей қорында барлығы 257 экспонат бар.

## ТАҚЫРЫП 22

### Заманауи сәулет туындылары. Ел астанасы – сәулет өнерінің жаңа тынысы. Қос нүкте

**Мақсаты:** 10.1.6.1 Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тиісті сөйлеу әдебін сақтай отырып, дұрыс сөйлеу; 10.2.1.1 Әртүрлі графиктік мәтіндердегі мәліметтерді талдау, негізгі үрдістерді анықтау; 10.3.3.1 Мәтін құрылымын сақтай отырып, әртүрлі графиктік мәтіндегі деректерді салыстырып, маңызды тұстары мен үрдістерді талдап жазу.

**Бағалау критерийлері:** · 1) Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша түртіп жазудың (конспектілеудің) әртүрлі жолдарын меңгеру арқылы негізгі ақпаратты іріктейді; 2) Мәтіндерді түзетеді және редакциялайды; Орфографиялық және лексикалық норма талаптарын сақтайды; · Сөйлем және мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолданады



Егер шахмат атының жүру тәртібі бойынша оқысаңдар, танымал сәулет нысандарының атауларын оқи аласыңдар. **Бұл туындылар туралы не білесіңдер?**

Сулы-жасыл	Хан	Ақорда
резиденциясы	«Қазақстан»	арена
шатыр	бульвар	монументі
Тәуелсіздік	Алматы	қонақүйі



**1-тапсырма** Мәтіндердегі негізгі ақпаратты анықтаңдар. Көпшілікке арналған мақаланың құрылымы мен рәсімделуін біліп, жанрлық ерекшеліктерін талдаңдар.



### Ел абыройын асырған «Алматы арена»

«Алматы аренаның» өзге нысандардан басты ерекше-лігі – әдеттегі ангарлық типтегі спорт нысандарына мүлдем ұқсамайтындығында және түнгі қалаға айрықша әсемдік беруінде. Сарайдың сәулеттік түпкі идеясы, атап айтқанда, кереге, мұздағы өрнектер сияқты көркемдік бейнелер әйнек пен бетон арқылы синхрондық үйлесім тапқан. Оның мәніне тоқталар болсақ, кереге – киіз үй конструкциясының бір бөлігі. Көшпенділердің түсінігінше, бұл – төрткіл дүниенің шағын көрінісі. Ал мұз – қатып қалған судың динамикасы. Бұл рух беріктігі мен ниеттердің мызғымастығын білдірсе керек-ті. Мұздағы өрнектерге зер сала қарайтын болсақ, спортшылардың конькилерінен қалған іздерді байқайсыз. Көркемдік бейнелер осылайша тұтас мәдени-эстетикалық композицияға ұласып, мұз аренасының әдемі сәулетін құрап тұр. Кез келген жанды таң-тамаша қалдыратын бұл арена үш блоктан тұрады: «А» блогы – 12 000 көрерменге арналған әмбебап спорттық-көріністік мұз аренасы; «Б» блогы – дене шынықтыру-сауықтыру кешені орналасқан жаттығу мұз айдыны; «В» блогы – жүзу бассейні. «Алматы Арена» мұз сарайы – функциясы мен техни-калық жабдықталуы бойынша әлемдегі ең алдыңғы қатарлы ғимараттардың бірі. Бұл – алматылықтар үшін ғана емес, барша қазақ жұрты үшін зор мақтаныш.

(«Қазақ үні» газетінен)



1. Суреттердегі ғимараттарды білесіңдер ме? «Елордадағы әр ғимарат – сәулет өнерінің қайталанбас туындысы» деген пікірмен келісесіңдер ме? Көпшілік алдында сөйлеу әдебін сақтай отырып, ойларыңды дұрыс жеткізіндер.





**2-тапсырма** Топтарға бөлініп, мәтіндерді оқындар. Құрылымы мен рәсімделуіне, жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасаңдар.

### **Ғажайып ғимараттар ғұмыры Ақорда**

Ақорда – Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы.

Егемен еліміздің жаңа астанасының орталығында бірегей сәулеттік ансамбль құрып тұрған Ақорда Ұлы дала-ның дәстүр сабақтастығы идеясын, әлемдік өркениет биігіне ұмтылған қуатты Қазақстанның жасампаздығын айшықтап көрсетеді.

Резиденцияның жалпы ауданы – 36 720 шаршы метр. Ғимарат құрылыстағы ең соңғы заманауи әдістер мен озық инженерлік құрылғыларды қолдану арқылы монолиттік бетоннан тұрғызылды. Үшкір төбесімен қоса алғандағы ғимарат биіктігі – 86 метр.

Ғимарат жерүстіндегі бес қабатты және жерастындағы екі қабатты үйден тұрады. Бірінші қабаттың биіктігі 12 метрге тең. Ақорданың ішкі сәулеті мен безендірілуі Қазақстанның заманауи мемлекеттік стилін көрсетеді. Бұл стиль мемлекеттік символикада, билік белгілерінде, ресми униформа пішімінде, ұлттық валютада сақталған. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Президентінің «Ақорда» резиденциясы біздің еліміздің ең маңызды және танымал символдарының мәртебесін иеленген.

### **«Қазақ елі» мемориалды кешені**

«Қазақ елі» мемориалды кешені – кең байтақ Қазақ жері мен оның халқының бірлігін айшықтайтын ғажап туынды. Бұл нысан 2009 жылы ашылды. Туынды авторлары – Сәрсенбек Жүнісов және Жаңбыршы Нұркенов. Биіктігі 91 метрге жететін монумент Қазақ елінің 1991 жылы егемендік алғанын бейнелейді. Ал оның басындағы алтын түстес бояумен әрленген алып құс – Самұрық – Қазақстанның тыныштығын «күзетіп» тұр. Монументтің түсі – ақ. Ол – қазақстандықтардың достыққа адалдығын, бауырмалдығы мен ақ ниетін паш етсе керек.



Монументінің сыртқы бөлігінде 28 колоннадан тұратын, жалпы ұзындығы 120 метрлік доға пішіндес ақ колоннада орнатылған. Стеланың өзі осы колоннаданың қақ ортасында, қызыл граниттен жасалған төрт қырлы тұғырға қойылған. Ең шыңында Самұрық, төрт жағында «Алғашқы Президент пен қазақ халқы», «Қаһарман», «Болашақ» және «Жасампаздық» деп аталатын қола барельефтер қашалған.

**«Шабыт» шығармашылық сарайы** «Шабыт» шығармашылық сарайы Есіл өзенінің оң жаға- лауында, астананың жаңа әкімшілік орталығында, Кон- гресс-Холл ғимаратының жанында орналасқан. Сарай спорт залдарынан, 300 және 500 орынға арналған әмбебап концерт залдарынан, көрме кешендерінен, кітапханадан, сазгерлер мен суретшілердің шығармашылық үй-жайынан, хореография алаңдарынан, балалар шығармашылығы сыныптарынан, баспасөз залдарынан, дәмханалар мен әкімшілік жайлардан тұрады. Мұнда балалардың музыка, кинематография, сахна өнері сыныптары, «Номад» арт-орталығы, журналистердің, сәулетшілердің, дизайнерлердің шығармашылық одақтары да бар. «Шабыт» шығармашылық орталығы – тәуелсіз елдің барлық талантты да шығармашыл адамдарының басын қосатын ең ірі, бірегей кешен. Сарайдың жалпы аумағы – 30 мың шаршы метр. Ғимарат елордадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің қарамағына берілген.

#### **«Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы**

«Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталығы – әлем- дегі ең үлкен шатырлы ғимараттардың бірі. Елордадағы керемет орталық 2010 жылы ел астанасының туған күні қарсаңында, яғни 6 шілде күні ашылды. «Хан Шатыр» ойын-сауық орталығының жалпы аумағы 127 мың шаршы метрді құрайды. Тұғырлы монолиттік сом құймалардан тұрғызылған кешеннің биіктігі – 200 метр. Оның негізгі қаң- қасы фторполимермен қапталған ұсақ торлы алып шатырдан тұрады. Лорд Норман Фостердің қиялынан шыққан сәулет ғажайыбы – «Хан Шатыр» сауда және ойын-сауық орталы- ғының ғимараты – Орталық Азиядағы баламасыз әрі ең ірі архитектуралық жоба.

*(Д.Тілеубек, А.Жұмаи)*

**3-тапсырма** Мәтіндердегі үтір мен тырнақшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.





Парижде – Эйфель, Нұр-Сұлтанда – «Бәйтерек». Екі мұнараны салыстырыңдар. Ғылыми-көпшілік стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала жазыңдар. Сөз саны – 100–120.



**4-тапсырма** Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып,

«Нұр-Сұлтандағы әр ғимарат – сәулет өнерінің қайталанбас туындысы» тақырыбында аргументті эссе жазыңдар. Сөз саны – 100–120.



**5-тапсырма** «Топтық жұмыс». Үш топқа бөлініп, тапсырманы орындандар.

**1-топ.** Сәулетшілер ерекше сәулет үлгісінің сызбасын ұсынады.

**2-топ.** Тарихшылар тарихи ескерткіштер туралы мәлімет келтіреді.

**3-топ.** Саяхатшылар ерекше мекенге жарнама әзірлейді.



**6-тапсырма** Екі тапсырманың бірін орындандар.

1. БАҚ, қосымша әдебиеттер мен энциклопедияларды пайдаланып, «Ғажайып ғимараттар ғұмыры» тақырыбында презентация жасаңдар.

2. Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып,

**7-тапсырма** «Сәулет өнері» бөлімі бойынша «Инсерт кестесін» толтырыңдар.

V	+	–	?
Мен осы-  ны білдім	Бұл – мен  үшін мүлдем  жаңа ақпарат	Бұл менің білеті-  німе қарама- қар-  сы, мен басқаша  ойлап едім	Мен бұл туралы көп  білгім келеді, түсін-  беген жерлерім бар,  сұрақтарым бар



**8-тапсырма** Жұптасып, мәтінді бір-біріңе оқып беріңдер. Мәтіндегі мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралым-дарды талдаңдар. Мәтін мазмұны бойынша «Не? Қайда? Қашан?» ойынын ұйымдастырыңдар.

### **Сәулет өнері және оның зерттелуі**

Даль «архитектор» терминіне «ғалым-құрылысшы», «суретші-құрылысшы» деген анықтама береді. Сәулет өнерінің мақсаты – адам өмірі мен қызметін материалдық құрылым-құрылыс арқылы ұйымдастыру.

Өзінің атқаратын қызметіне қарай архитектура негізі үш түрге бөлінеді: көлемдік ғимараттар құрылысының архитектурасы (тұрғын үй, театр, мектеп, дүкен); қаланы көрік-тендіру немесе жасыл-желек архитектурасы (саябақ, фон-тандар); қала құрылысының архитектурасы, яғни қала салу өнері (жаңа қалалар салу, ескі аудандарды жаңарту).

Ғасырдан ғасырға мұра болып келген сәулет өнерінің туындылары сәулеттік ескерткіштер қатарына жатады. Ондай ескерткіштер өз дәуірінің құрылыс салу тәсіліне сай бітім-пішіні бар белгілі үлгімен салынады.

Дүниежүзі халықтарының архитектурасындағы мұндай ерекшелік оның қоғамдық даму сатысына, тұрмыс-салты мен мәдени өркендеуіне, ұлттық дәстүріне, табиғаты мен ауа райына, сондай-ақ жергілікті құрылыс материалына байланысты болады.

Құрылыс – жер шарындағы ең ежелгі өнердің бірі. Адам өзінің бірінші үйін ежелгі тас дәуірінің палеолит кезеңінің басында тұрғызған. Алғашында түнемелікке қалың шөптесінді немесе қалқалау жерді таңдаған, содан кейін күрке, лашық сала бастады. Қазірдің өзінде өте ежелгі құрылымдар, баспана-жайлар кейбір жерлерде сақталған.

Алғашқы өркениет пайда болғанға дейін адамдар осындай құрылыстарда тұрып келген. Кейіннен қалалар салынып, әртүрлі құрылыс жүргізілсе де, сол күркелер мен лашықтар әлі де өз қызметін жалғастырып келе жатыр.

*(«Сәулеттік материалтану» жинағынан)*

**Дескриптор** Мәтінмен жұмыс жасайды Мәтінді пайдалана отырып сұрақтар дайындайды Сұрақтарды 3 тілде әзірлейді Ақпараттарды пайдаланады 4-қағида «Геймификация» әдісі

## **ТАҚЫРЫП 23**

### **ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫЛАР**

**Бағалау критерийлері:** · 1) Таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы таниды (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); 2) Таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның жанрлық ерекшеліктерін талдайды; 3) Грамматикалық, орфоэпиялық норманы сақтайды.

#### **«Қазақ ұлттық мемлекеті құрылуының алғы шарттары»**

1. Қазақстанда қазақ хандығының құрылуы қарсаңындағы саяси жағдай қандай дәрежеде еді?
2. Әбілқайыр хан өз қол астындағыларға қандай қысым көрсетті?
3. Қазақ сұлтандарының Әбілқайырға қарсы шығуының себебі неде?



4. Қазақстандағы ру - тайпалардың негізгі этникалық құрамы қандай болды?
5. Сауда - саттық қандай қалаларда жақсы дамыды?
6. Халықтың жалпы тұрмысы қандай болды?

#### **Қазақ хандығының дербес мемлекет болып қалыптасуына түрткі болған себептер**

XV ғ. орта шенінде Әбілқайыр хандығында тоқтаусыз өршіп отырған ішкі феодалдық қырқыстар үдей түсті.

- ✓ Әбілқайыр ханның 1457 жылы ойраттардан жеңілуі оның беделін түсірді. Осы жеңілістен кейін хан өзің қолдамаған сұлтандарды қуғын - сүргінге ұшырата бастады. Бұл жағдай Керей мен Жәнібек сұлтандарға да әсерін тигізді.

#### **Керей мен Жәнібектің соңынан ерген қазақ тайпалары батыс Жетісуға көш бастады.**

- ✓ Сұлтандардың Жетісуға бағытталу мақсаты: Орталық және Оңтүстік Қазақстан қазақтарын Ұлы жүз тайпаларымен біріктіріп, Қазақ хандығын құру еді. Керей мен Жәнібек сұлтандарға Моғолстан ханы Есен – бұға Шу бойынан Қозыбасы жерінен құтты мекен берді. 1465 - 1466жж. Қазақ хандығы құрылды.

Моғол ханы Есен - Бұғаның қазақ сұлтандарына жер беру себептері:

Есен - Бұға өз бауыры Жүністенген қауіптенді; Есен - Бұға Керей мен Жәнібек сұлтандарды Батыс шекарасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін құшақ жая қарсы алды.

“Керей мен Жәнібек сұлтандар Батыс Жетісуды құтты мекен ете отырып, 1465 - 1466 жылдары Қозыбасыда Қазақ хандығын құрды” – деп халқымыздың тұңғыш көрнекті тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулати жазған. «Ерлік – ел есінде» (қазіргі өмірде осы қайраткерлердің алатын орны (ескерткіштер)

Керей мен Жәнібек ескерткіші 2010 жылы қай қалада ашылды?

Керей мен Жәнібек ескерткіші, Астана қаласы, 2010 жылы ашылды. Авторы астаналық жас мүсінші Ринат Әбенәв. Ескерткіштің ұшар басына дейінгі жалпы биіктігі – 12 метр. Орналасқан жері – ҚР алғашқы президенті Н. Назарбаевтың мұражайының алаңында.

- ✓ М. Х. Дулатидің ескерткіші қай қалада ашылды?  
Ескерткіш Тараз қаласында 1998 жылы Сүлейменов көшесіндегі университеттің бас корпусының алдына Мұхамед Хайдар Дулати мырзаның 500 жылдығына арналып салынған. Ескерткіштің биіктігі 3 м.  
Мұхамед Хайдар Дулати – көрнекті мемлекеттік қайраткер, дипломат, тарихшы, публицист. М. Х. Дулатидің бас еңбегі «Тарих және Рашиди» Орта Азия I тапсырма

## 2-тапсырма Кластерді толтыр (кесте)

Қашан?	Қайда?	Не болды?

## 3-тапсырма «Ерлікті таба білу, ерді тани білу» (ел билеген хандар қай ұрпақтан екенін табу)

Жәнібек хан –.....

Керей хан –.....

IY тапсырма

## 4-тапсырма «Толған ел тарихын таспен жазады, Тозған ел тарихын жаспен жазады» Сұрақ-жауап

1. Қазақ хандығының құрылуы екі мемлекеттің ішкі саяси жағдайына байланысты болды. Ол мемлекеттер: (Әбілхайыр хандығы мен Моғолстан)
2. Қазақ халқының Жәнібек пен Керей бастаған бөлігінің Шығыс Дешті Қыпшақтан Моғолстанға көшуі қай ғасырда болды? (XV ғасырдың ортасы)
3. Қазақ халқының Жәнібек пен Керей бастаған бөлігі қай хандықтан бөлініп кетті? (Әбілхайыр хандығынан)
4. Жәнібек пен Керей Өзбек хандығынан қайда көшті? (Моғолстанның батыс аймағына)
5. Жәнібек, Керей хандарымен бірігіп көшкен ру - тайпалардың алғашқы атауы. («өзбек - қазақтар»)
6. XV ғ. 50 - 70жж. Керей мен Жәнібек хандарға қосылған адам саны. (200мың)
7. Моғолстан билеушісі Есен Бұға Жәнібек пен Керей одағына ене отырып, олардың көмегімен неге үміттенді? (өз шекарасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге)
8. Керей мен Жәнібек бастаған қазақтарды қолдаған Моғолстан ханы. (Есен Бұға)
9. Қазақ жеріндегі ру - тайпалардың XV ғ. басында басқа хандықтарға ауа көшуінің басты мақсаттары. (ру - тайпалармен бірігу, тыныштықта өмір сүру үшін)
10. XV ғ. жаңадан құрылған Қазақ хандығының билеушілерінің алдында тұрған міндет. (Қазақ тайпаларының басын қосып, этникалық аумағын біріктіру)
11. Қазақ хандығы қай ғасырда құрылды? (XV ғасырдың ортасы)
12. Қазақ хандығы құрылуы жайында жазған тарихшы. (М. Х. Дулати)
13. М. Х. Дулатидің жазуы бойынша Қазақ хандығы қашан құрылды? (1465 - 1466жж.)
14. Қазақ хандығының негізін салушылар. (Жәнібек пен Керей)
15. Жәнібек ханның шын есімі. (Әбусаид, халық Әз - Жәнібек деп атаған)
16. Қазақ хандығының алғашқы құрылған кездегі территориясы. (Шу мен Талас өзендері маңы)
17. Алғашқы Қазақ хандығы құрылған жер. (Жетісу)
18. Қазақ хандығының ұлттық туы тігілген жер. (Қозыбасы)

19. Хандықтың нығаюымен байланысты кімдерге қараған халықтың бәрі қазақтар деп атала бастады? (Жәнібек пен Керейге)
20. XV ғасырдың соңына қарай Қазақ хандығының құрамында қалған қалалар. (Созақ, Сығанак)
21. Қазақ хандығы қай жылдары құрылды? (1465 - 1466жж.)



### 5- тапсырма “Т а р и х и м о з а й к а ”

1. Керей
2. ұлы
3. қазақ
4. екі негізін
5. хан -
6. хандығының
7. тарихи
8. қалаушы
9. Тұлғаның
10. алғашқы
11. ханы
12. бірі,
13. қазақ
14. болатын.

**Жауап:** Керей хан – Қазақ хандығының негізін қалаушы ұлы екі тарихи тұлғаның бірі, алғашқы қазақ ханы болатын.

### 6- тапсырма “С а н д а р с ө й л е й д і ”

- $728 \times 2 + 9 = 1465$  Қазақ хандығының құрылған жылы
- $458 \times 2 + 540 = 1456$  Дайырқожа би Әбілқайыр ханның қолбасшысы Қобыланды батырдың қолынан қаза табады
- $112 \times 7 + 673 = 1457$  Керей мен Жәнібек сұлтандар Қозыбасы мен Шуға қоныстанады
- $382 \times 2 + 694 = 1458$  Керей сұлтан хан сайланып, қазақ хандығы құрылған.

“Қазақ хандығының құрылуы Қазақстан тарихындағы сындарлы кезең болып табылды. Біз үшін қай заманғы тарихымыз болмасын қымбат, бабаларымыз құрметті, әсіресе қазақ хандығының құрылуы тарихтағы маңызды оқиға. Қазір өзіміз өмір сүріп жатқан Отанымыздың іргетасы” деп Елбасымыз айтқандай

тарихты білу, өткенге көз салу, оны келер ұрпаққа жеткізу баршамыздың парызымыз.

### **Ү й т а п с ы р м а с ы**

3. «Егер мен хан болсам.....» тақырыбында эссе жазып келу

## **ТАҚЫРЫП 24**

### **ӘЛИХАН БОКЕЙХАНОВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ**

**Бағалау критерийлері:** 1) Таза ғылыми стильді тілдік құралдар арқылы таниды (терминдер, ұғымдар, шартты белгілер, синтаксистік құрылымы); 2) Таза ғылыми стильдегі тезис, аннотацияның жанрлық ерекшеліктерін талдайды; 3) Грамматикалық, орфоэпиялық норманы сақтайды.

#### **1-тапсырма Мәтінді аудару, сұрақ құрастыру**



**Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** қазақ зиялы, Алаш қозғалысы, бостандық

**Диалог құруға / жазба жұмыстарын орындауға қатысты пайдалы тіркестер:** менің байқағаным ..., меніңше ... , менің ойымша ... ,

**Талқылауға арналған сұрақтар:** Бөкейхановтың тарихтағы орны қандай?

**Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан** (1866—1937) — XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы қазақ зиялыларының, қоғам және мемлекет қайраткерлері қатарындағы аса ерекше тұлға. Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы.

Әлихан өзінің бүкіл саналы ғұмырын қазақ халқының азаттығы мен еркіндігіне арнады. Ол Алаш қозғалысының көсемі, саяси қайраткер, экономист-ғалым, Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік Думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, тарихшы-этнограф, әдебиеттанушы әрі публицист. 1917 жылғы төңкеріске дейінгі және одан кейінгі кезеңде Әлихан Бөкейхановтың өзі 7 рет тұтқындалып, 2 рет саяси айдауда болған екен. Яғни, Самарада 8 жылын өткізсе, Мәскеуде күреске толы ғұмырының ақырғы 15 жылын арнады. «Алаш» идеясын алға тартқан Әли-хан Бөкейханов халықты өз ұлтын, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін, ата-баба жерін қастерлеуге, Отанды сүйуге, қорғауға және қамқор болуға насихаттады. Қайраткер өзінің зиялы серіктестерімен бірлесіп, 1917 жылдың

жел-тоқсанында Алаш ұлттық-территориялық автономиясын жариялап, оның төрағасы болып сайланды. Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын. Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ер құлдықтан, әйел күндіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды!

## 2-тапсырма сұрақтарға жауап беру:

1. Ә. Бөкейхановтың өмірбаяны туралы не білеміз?
2. Ә. Бөкейхановтың қоғамдық - саяси әрекеттері туралы не білесіңдер?
2. Қай жылдары Ә. Бөкейханов Алаш Орда төрағасы болды?
3. Ә. Бөкейханов қандай ғылыми әрекеттер мен айналысты?



## 3-тапсырма Сұрақ-жауап ойыны Әлихан Бөкейхановтың жер аударылуына не себеп?

Ә. Бөкейхан найзаның ұшымен, айбалтаның жүзімен болған үкіметке қызмет етуден бас тартады. Ә. Бөкейхан бастаған қазақ зиялы қауымы таптық мүдде емес, тұтас ұлт мүддесін қорғады. Осы қылығы үшін 1920 - 22 жылдары «ұлтшыл» деп жала жабылып, Мәскеуге жер аударылды. Әлихан Бөкейханов 1922 - нші жылы Семейде ұсталғаннан кейін Мәскеуге апарылды. Ол кісіге ресми биліктің шешімі бойынша, бір бөлмелі пәтер берілді. Сол үйден шығу құқынан айырды. Содан 1937 - нші жылы ату жазасына кесілгенге дейін 15 жыл ұйқамақта отырды. Одан бұрын патша үкіметі 1908 - нші жылы Бөкейхановты Қазақстаннан Самараға жер аударды. Сөйтіп, 1917 - нші жылға дейін Бөкейхановты Қазақстанға келу құқынан айырды. Бірақ сол Самарада тұрып қазақ ұлт - азаттық қозғалысының теориялық, практикалық негізін қалады.

**1909 жылы қандай кітап шығарды?** 1909 - ншы жылы Петербордан Абайдың тұңғыш кітабын шығарған Бөкейханов болатын және «Қазақ» газетін шығару идеясы да Әлекеңдікі. Әрине, Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі орасан зор.

Тарихи деректердің бірінде Әлихан: «Байтұрсынов екеуіміз сөйлескенде: «Совет өкіметіне қарағанда, патша үкіметі жақсы екен. Олар бізге жұмыс істеуге мүмкіндік беретін еді», деп айтатынбыз», дейді. Ал, совет өкіметі олардың басын жұтты.

**Біз жиырмасыншы ғасырда жеңілген ұлтпыз ба?** Оны мойындауымыз керек. Алаш қозғалысының жеңілісі соның айғағы. Бізді қандай тұңғышқа ұрындырды кеңестік жүйе, коммунистік идеология. Біз қандай тереңнен шығып келе жатырмыз. Қандай апатқа ұшырағанмызды түсінуіміз керек. Біз белгілі дәрежеде қағынан жеріген киік сияқтымыз. Өзінің ұлттық идеясынан, ұлттық тарихынан жеріген ұлтқа ұқсаймыз. Ендеше, біз күрестің, идеологияның жаңа әдіс - құралын үйренуіміз керек. Алаш қозғалысы, Алаш көтерген идеямен қазіргі біздің мемлекеттік, қоғамдық жүйе арасындағы байланыс әлсіз. Оны мойындау керек.

**Бөкейхановтың тарихтағы орны қандай?** Біздің негізгі айтып отырған нәрсе, әрине, алаш идеясын елге жеткізу, олардың өмір жолы мен шығармашылығын әртүрлі көркем, көпшілік фильм жолымен елге танытып отыру керек. Бұл үлкен шаруа, істелуі керек шаруа. Бұны жекелеген адамдар істей алмайды, тек қана үлкен жүйелі бағдарламамен ғана істелетін шаруа. Бұндай ұсыныстар көптеп айтылуы керек, орындалуын талап ету керек,.

Совет тұсында біздің қоғамдық формация өзгерді, көшпенді халық отырықшы болды. Ол аздай мына заманда капиталистік рельске түстік. Осы кезде маңызды нәрсе — осылардан қандай құндылықтарды алып қалуымыз керек, не нәрсе біздің жастардың бойында болуы керек, жаңа қалыптасқан ұрпақтың бойында қандай қасиеттер қалуы керек еді?

**4-тапсырма** Оқу, мазмұның түсіну стильдегі тезис, аннотацияның жанрлық ерекшеліктерінде талдайда, аннотация жазу

### **ӘЛИХАН БОКЕЙХАНОВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ**

-Ақылды сөз қылмақ қиын, ақылды сөзді ақылды іс қылмақ одан да қиын.

-Ақылға саңыраулық та – айып.

-Нағыз түрік затты халық тілі – біздің қазақта.

-Білім - біліммен, мінез - мінезбен. Көп оқыса, зейінді болса - білімді болмақ, ал мінезі жақсы бола ма әлде жаман бола ма - мұны құдай біледі.

-Жанайқай: қазақтың оқыған азаматтары, қазаққа осындайда қызмет етпегенде қашан қызмет етіп пайдамызды тигіземіз?!

-Шыңғыс хан дүниені алды - артында түк белгі қалған жоқ. Ақсақ Темір дүниені алмаса да - артында Самарқанд, мешіт, медреседей белгі қалды. Шыңғыс - көшпелі, Ақсақ Темір - отырықшы.

-Өзіне-өзі қасқырша шауып отырған жұртта оқу-өнер болмайды.

-Еуропа мәдениетімін деп мақтанғанымен, мәдениеті өнерінде ғана, ал

Халық ісін орнын салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек.

Адам баласы бір-біріне өкімші де, құл да болған

Байлық түбі - ақыл һәм қол ұсталығы. Осы екеуі қосылмай адам баласы қазынаға жарымайды.

Біздің қазақ жерді меншікті қылып алса - башқұртша көріп мұжыққа сатып, біраз жылда сыпырылып жалаңаш шыға келеді.

Еуропада халық партия болғанда адаспас ақ жол табамыз деп, адам аспас асқар белден асамыз деп, жұрт ілгері басатын іс қыламыз деп таласады.

Қазақ сайлауы - жұртқа келген бір жұт: сайлау жылы мал бағусыз, егін салусыз, пішен шабусыз қалады.

Біздің қазақ-қырғыз дін ісін көркейтетін болса - үкімет ісін бөліп қойған оң болады.

Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.

Байлық басы көпке байлаулы емес - базарда ақша болатынға байлаулы

Француз, орыс һәм өзге жұрттың тарихынан көрінеді: молда үкіметтей ақша алса - сатылып кетеді. Рухани іс аяқ асты болады. Жалақы алған молдалар үкіметке жетекшіл болып, еріп кетеді.

Дүниеде не болса да бірте-бірте аздап ілгері басып болады.

Талас-тартыс жоқ болса - өмір абақтыға айналар еді.

Жұрт пайдасына таза жолмен тура бастайтын ер табылса - қазақ халқы соңынан ерер еді.

Өр замананың өз рәсімі, өз салты бар. Біздің замандағы салт: әркім құқына таласу, хұқына тартысу болады. Жылау салты артта қалды.

Байлықты өнермен, шаруамен, қызметпен іздер болар.

Жер десе дірілдемей болмайды: жер мәселесі – өмір сүру мәселесінің зоры.

Адам қызметіне кіріспей қазына тумайды.

## **ТАҚЫРЫП 25**

### **СЕМЕЙ ПОЛИГОНЫНЫҢ ЗАРДАБЫ**

**Бағалау критерийлері:** 1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды қолданады; 2) Таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық ерекшеліктерін түсінеді; 3) Пунктуациялық норманы сақтайды

«Экология» кітабынан алынған мәтінмен жұмыс. Қазақстанда ядролық қаруларды сынау кең көлемде жүргізіледі. Полигондардың ішінде Семей өңірі – ең көп зардап шеккен аймақ. Мұнда атом қаруын сынаудың ғылыми орталығы орналасқан.....





1. **«Невада-Семей» қоғамдық қозғалысы «Балалық кезеңге саяхат» бейне фильмін көрсету ел-жұртымыздың денсаулығын ойлап көріңіз. («Семей полигоны жайлы білеміз бе?» бейнефильм)**
2. **Ой түрткі**
  1. Қозғалыс неге «Невада—Семей» деп аталған?
  2. Ол ұйымның алдына қойған мақсаты қандай?
  3. Семей атом полигоны қашан жабылған?
  4. Адамдарға полигонның қандай зияны болды?
  5. Неге атом бомбасын жарған, мақсаты не?
  6. Кімнің арқасында бұл полигон аяқталды?
  7. Олжас Сүлейменовтың бұл қозғалыста қандай ролі болды?
3. **Сенің ойыңша елді мекендерде осындай сынақтар жасау керек пе?**

**Видеороликті көріп, мәтінді талдап болғаннан кейін ойларын постерге түсіреді. 1-тапсырма Мәтінді рольге бөліп оқу**

Семей ядролық полигонын ашу туралы КСРО Министрлер Кеңесі шешімі 1947 жылы 2 тамызда қабылданды. 1948 жылдың шілде айында полигонға әскер бөлімдері мен құрылысшылар келе бастады. 1949 жылғы 29 тамызда түп-тура таңғы сағат жетіде көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайып бара жатқан отты доп кенеттен Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтіп, аспанға көтерілген. Отты шардан соң, сұрапыл қуат пен көз қарастыратын сәуле бас айналдырып жібергендей бір сәтте жер қабығының ыстық күлі мен иісі көкке көтерілген. Жер лыпасының өрттен иісі қолқа атар түтіннің ащы иісін қолдан жасалған жел әп-сәтте жан жаққа таратты. Таяу жерлердегі сирек ауылдарда тұратын адамдар дір ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап, үйлерінен қарап тұрған. Жалғыз түп шөп қалмаған, түтігіп қарайып кеткен даланың тұл жамылғысы. Жан-тәсілім алдында жанталасқан тышқандардың, қарсақтардың кесірткелердің өлі денесі табылған. Осы күннен бастап КСРО әскери-өнеркәсіпкешені Қазақстан тұрғындарына қарсы жарияланбаған соғысты бастап кетті. Бұл қасірет 40 жылдан астам уақытқа созылды. Сынақтар қазіргі Абыралы мен Саржал маңайындағы Дегелең тауының қойнауында терең шахталарда жүргізілген. Полигонда жарылған 600-ден астам сынақтың 467 бомбасының зарядының күші тіпті белгісіз, құпия күйде. Оны жүргізгендер Мәскеу асып кеткен. Бұған қосымша кейбір

термоядролық қарулардың сыналғандығы туралы деректер де бар. Эcranға назар аударайық. («Жарылыс басталған күн» бейнефильм)

**Географ:** Семей ядролық полигоны аумағы 8.372 шаршы шақырым. Орналасқан жері – бұрынғы Семей және Павлодар, Қарағанды облыстарының түйіскен жері. Осы облыстардың кілең қазақтар тұратын шұрайлы жері атом тажалханасына айналып, жергілікті халық атамекенінен басқа аймақтарға күштеп көшірілді. Сынақ алдында Абай, Абыралы аудандары тұрғындары 200-250 шақырым аулаққа көшірілді. Шығын құны деп әркімге 50 сомнан (ол кезде 500 сом) ақша берді. Эcranға назар аударайық.

**Физик:** 1949-1953 жылдар аралығында жасалған сынақ Долон, Белтерек, Саржал, Қарауыл және Қайнар елді мекендерінің аумағында 150 рентген-сағатқа дейін білінді. Қазақстан аумағында барлық жиынтық қуаты 50 мегатоннадан асатын 470 ядролық жарылыс жасалды. Жетпісінші жылдарға дейін зарядтар салынған штольнялар мен скважиналардың түптері мен шығар ауыздары дұрыстап бетон қақпақтармен жабылмапты да. Соның салдарынан улы инертті газдар, ауыр металдар, басқа да радиациялық заттар жер бетіне жайылған. Мұны мамандардың өздері де жоққа шығармайды. Сынақ кезінде бөлініп шығар зиянды ауыр металл изотоптарының ең қауіптілері – «Стронций-90», «Плутоний-238», «Цезий-137», тағы басқалары. Мәселен, стронцийдің ұсақ микробөлшекке айналып, қоршаған ортаға зиянсыз күйге енуі үшін 56 жыл керек екен. Ал цезийге – 30, плутонийге – 2100 жыл қажет. Бір ғана жарылыс өткізуде осындай он мыңдаған изотоптар мен қосындылардың пайда болатынын ескерсек, барлық сынақтан кейінгі жеріміздің, **Химик:** Полигонда алғашқы 14 жылда уран, сутегі және плутон бомбаларын жару ашық ауада және жер үстінде жүргізілді. Осы кезеңдерде қауіпсіздік шаралары қолданылмады. 1987 жылы қуаты 20 килотоннадан 150 килотоннаға дейін жететін 18 жарылыс жасалды. 1989 жылы 12 ақпанда қуаты 90 килотонна жарылыс болды. Бұл жолғы радиоактивті газдар ағыны полигонға тікелей жақын жатқан аудандарды айтпағанның өзінде, Семей қаласында радиация мөлшері 450 микрорентгенге жетті.

**Демограф:** Семей полигонының ықпалы көшқон мәселесіне де қатты әсер етті. 1990 жылғы статистикалық мәлімет бойынша 32,4 мың адам Семей облысына сырттан келсе, 37,8 мың адам тұрғылықты жерден, яғни, Семей өңірінен басқа жаққа орын ауыстырған. Тек 1990 жылы ғана облыстан 18,9 мың адам сыртқа қоныс аударса, 12,8 мың адам көшіп келген. Қарағанды облысының Егіндібұлақ ауданының халық саны да өте көп мөлшерде азайған. Қазақ – көнбіс те шыдамды халық. Әйтеуір, қу жанын шүберекке түйіп алып, атам заманнан бері мекен етіп келе жатқан атажұртын тастап кетер емес. Қайнар – (Абыралы) полигоннан 120-ақ шақырым, Саржал (Абай) бұдан да жақын жерде, Абыралы ауданы қайта ұйымдастырылғанда, полигон түбінен тағы екі шаруашылық ірге тепті. Оған әдейі істегендей Моңғолиядан келген қандастарымызды көшірдік. Олардың көпшілігі бір жылға әрең шыдап, ауруға шалдыға бастаған соң көшіп кетті. Тек туған жердің тұрғылықты момын жұрты ғана қозғалар емес.

**Дәрігер:** Полигон зардабы адамдардың екінші және үшінші ұрпақтарына ауыр әсерін тигізіп отыр. Полигонға жақын тұрғындар арасында жүрек-тамыр, онкология аурулары, лейкоз, орталық жүйке жүйесінің бұзылуы аурулары жиі кездеседі. Өлім көбейді. Біздегі ионданушы радиацияға байланысты туындаған ауыруларға диагноз қоюға тиым салынды. 1975-1985 жылдары онкологиялық аурудан қайтыс болған Семей облысының тұрғындары саны 7 есеге дейін өсті. Сәуле ауруына ұшыраған аймақтар: Абай, Абыралы (бұрынғы Семей облысы) және Егіндібұлақ, Қарқаралы аудандары (Қарағанды облысы). Бүгінгі күні полигон жабылып, ядролық сынақтар жасау тоқталғанымен жергілікті халықтың азап шегуі одан әрі жалғасуда. Психологиялық аурудың саны үдей өскені байқалуда. Қатерлі ісіктің қатарына ақ қан (лейкоз) ауруы да жататыны белгілі, осының салдарынан қан азаюы ауруы, әсіресе, балаларда 65-70 % кездеседі. Радиациялық сәуле алу кесірінен бір қолы, бір аяғы жоқ, не аяқ-қолы істемейтін, не саңырау, мылқау болып туған кемтар балалар Саржалда, Қайнарда әлі де жиі кездеседі. Эcranға назар аударайық. **Эколог:** «Полигонның табиғатқа, тіршілікке әсері төмендеуі үшін әлі кемінде үш ғасырдай уақыт керек» дейді ғалымдар. Мәселен, «плутоний-240», толық ыдырап кетуі үшін 6500 жыл қажет, ал «плутоний-239»-ға 2100 жыл, ал «плутоний-241» ыдыраған кезде жаңадан альфа-сәуле пайда болатындығын Курчатовтағылар елемей отыр. Ядролық полигон зардаптарына 1,5 млн. тұрғын ұшыраған. Радионуклеидтер жерасты суларымен полигон маңындағы өзендер мен бұлақтарға құйылып, қоршаған ортаға зиян әкелуде. Мысалы, Шаған өзеніне тәжірибе алаңынан (опытное поле) бірнеше бұлақтар құяды екен. Ядролық орталықтың ғалымдары Шаған өзеніне суға түспеуді, мал апарып суармауды айтып, дабыл көтерді. Себебі өзен суында көп мөлшерде тритий бар боп шықты. Ғалымдар зерттеуі бойынша, Шаған суындағы тритий табиғаттық деңгейінен жүздеген есе асып кетіпті. Ал тритий адам ағзасында сумен барып 10 тәулікке дейін сақталса, радиацияға ұшыратып, айықпас дертке соқтырады. **Тарихшы:** 1989 жылы ақпанда «Невада-Семей» қозғалысы құрылды. Осы жетістіктерінің бірі-өте қысқа мерзім ішінде халықтың бас көтеруі арқасында Семей полигонындағы ядролық жарылыстың санын азайтуға көмектесті. Ол қозғалыстың жетекшісі – Олжас Сүлейменов. 1989 жылы 6 тамызда – Қарауыл ауылы жанында «Невада-Семей» Қозғалысының ұйымдастыруымен митинг өткізді. Қаралған мәселе: КСРО мен АҚШ сынаққа бірлесіп мораторий жариялау қажеттігі туралы үндеу қабылдады.



**3-тапсырма Сұрақ-жауап кезеңі:** (тілші тобындағы студенттер студент -ғалымдарға сұрақтар қояды)

**1.Физикке:** Полигон аумағында түрлі зерттеу, эксперименттік жұмыстар жүргізілгенін білеміз. Түрлі тәжірибе алаңдары болғандығы айтылып жүр, сол туралы тоқталсаңыз?

**Жауап:** Ең бастысы «Тәжірибелік алаң». Осы алаңда 1963 жылға дейін ауада және жер бетінде ядролық сынақтар өткізілген. Екіншісі, «Дегелең» тәжірибелік алаңы, онда жер асты ядролық жарылыстары жасалды. Үшіншісі, «Балапан» алаңы, онда жер асты жарылыстары жасалды.

**2.Географқа:** Жалпы полигон орнын білдік, оның атауы туралы білсек?

**Жауап:** Полигонды «Семей-21» деп те атаған.Оғанқосақаланың Курчатов дегенекіншіаты да бар болатын.Бұлат 1974 жылықалағағылымғаорасанзорұлесқосқан аса дарынды ғалым-физик Курчатовтыңатыберілді.

**3.Дәрігерге:** Семей қаласында «Бурцелезге қарсы 4-ші диспансер» деп аталған ауруханада кімдер емделді?

**Жауап:** Онда науқас адамдарды емдеген жоқ, ғылым мен келешек үшін деген желеумен радиацияның тірі организмге тигізген әсерін зерттеді. Кейін де бұл «диспансер» жұмыс істей берді, бірақ, «Радиациялық медицина және экология ғылыми зерттеу институты» деп аталды.

**4.Тарихшыға:** Полигон аумағында қанша жарылыстар болды және оның зардабын немен салыстырар едіңіз?

**Жауап:** 42 жылда 470 атом жарылыс жасалған, орта есеппен жылына 11,5 рет бомба жарылған. Онымен қоса 1963 жылға дейін жер үстінде және әуеде 118 ядролық бомба жарылды. Мұндағы жер үстіндегі және жер астындағы жарылыстың жалпы қуаты Хиросимаға тасталған бомбадан 1000 есе асып түседі екен.

**5.Дәрігерге:** Адам бойында радиацияның мөлшері қаншаға жеткенде қауіпті жағдай туады?

**Жауап:** Медициналық өлшем бойынша әр адам жылына 0,5 бэрден артық радиация алуына болмайды. Бұл рак, ақ қан, жүрек-қан тамырлары сияқты ауруларды қоздырады. Жоғарыда аталған үш облыстың полигон аумағындағы халықтың, яғни, 1,5 миллион халық 1 бэр және одан да көп мөлшерде радиация алған. Ал, полигон маңайындағы 100 мыңнан астам ауыл тұрғындары 100-ден 200 бэрге дейін радиациялық сәуле алғандығы мәлім болып отыр. Ол «Қайнар синдромы» деген атпен құпия түрде Мәскеудегі әскери ведомствоға жинақталған.

**Оқытушы:** 1991 жылы тамызда Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жабу туралы жарлыққа қол қойды.Оның тарихи маңызы: алғаш рет ең ірі полигон жабылды; жалпыға бірдей ядролық қарусыздандыру процессіне үлес қосылды; Ресей, АҚШ, Франция полигондарына мораторий жарияланды. Қазақстан дүниежүзі елдері алдында өзінің

бейбітсүйгіш ел екенін дәлелдеді. Енді, полигон зардаптарының әсерінен дүниеден озған адамдарды еске алып, бір минуттық үнсіздік жариялаймын.

1. Атом қаруын сынаудың ғылыми орталығы қай қалада орналасқан? 2. Хиросомаға қай жылы атом бомбасы тасталды? 3. Ядролық жарылыстар халыққа қай жылдан бастап ескертіле бастады? ҚБ. «Бас бармақ» ТЖ. «Әңгімеге негізделген жазу» әдісі «Полигон» тобы: Мәтіндегі негізгі ақпараттарды пайдалана конспект жазды «Экология» тобы: «Табиғатты аялайық» тақырыбында әңгіме өрбітіп, сыни көзқарастарын білдіреді. «Невада-Семей» тобы: «Полигон» тақырыбына оқылым және тыңдалым материалдары бойынша өз ойын байланыстыра конспект жазды. ҚБ. Дескриптормен бағаланады. ҚБ. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» Оқулық 26-27 -бет

**4-тапсырма** Оқулықпен жұмыс. **Ашық микрофон** әдісі. «Ұстаздар мен тұтастар» туралы сыр мәтіні бойынша ауызша мазмұндау жүргізіледі. ҚБ. «Жағымды сөздер» ЖЖ. «Ізден, тап» әдісі Мәтінде сыни пікірді білдіруші талданып отырған жұмыстың қандай артықшылықтары мен кемшіліктерін атап көрсеткен?

Артықшылықтары Кемшіліктері ҚБ. «Қол соғу» Есте сақта!

**Үйге тапсырма** «Табиғатты аялайық!» тақырыбында экологиялық проблемаларды қоса сыни тұрғыда эссе жазды. Зерттеу жұмысы: Ядролық қарудың жойылуына үлес қосқан қоғам қайраткерлерінің еңбектерін зерттейді.

Қосымша мәлімет Саралау – оқушыға мейлінше

қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?

Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай

түрлендіресіз

## ТАҚЫРЫП 26

### МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА

**Бағалау критерийлері:** 1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (дәріс) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды қолданады; 2) Таза ғылыми стильдегі дәрістің құрылымы мен рәсімделуін біледі



**1 тапсырма** Суреттегі ақпаратты сөз дәлдігін сақтай отырып әңгімелендер.



Мәтінді оқып, өткен сабақтағы оқылым мәтінімен салыстыра талдаңдар. Стилін анықтаңдар.

«Алматы метросы» мәтіні	«Мұнай мұхиты» мәтіні
Тақырыбы	
Мақсатты аудиторияға сәйкес қызметі	
Тілдік ерекшелігі	
Стилі	

### **Мұнай мұхиты**

Маңғыстау... Сенің ғасырлар бойы құлазыған көне көкі- регің бұл күнде мынау өмірге ғашық жандардың жүрегіндей



**2 тапсырма** Мәтіндегі кәсіби сөздерді тауып, іріктеп, түрлендіріп, талғаммен қолданып, 10 сөйлем жазыңдар.

Енді бірде скважина аузы опырылып кетті. Шыңыраудан шыңғыра шапшып, жөңкіле лықсыған жал-жал бұйра толқын жер бетіне шыққан соң арыстандай өкіре, тіп- тіке аспанға шаншылды да, мұнара маңын сама- ладай жайнатқан көп прожекторды көме

нөсерлетіп, тулап, бұлқынып, булығып, қайтадан кері құлап түсіп жатты. Смена адамдары фонтанды скважина аузына арматура орнатпақ боп әуре-сарсаң, кейбіреулері селдеткен қара көк тасқынға кіріп-кіріп кетеді. Енді біреулер кезек-кезек при- винторға жүгіреді, привинтор тұтқасын екеу-үшеуі қосыла жабылып бұрайды. Тұтқа сіреседі, қозғалмайды. Амалы құрыған бір-екі адам бір-біріне ажырая қарап, айқайла- сады:

- Тұтқа неше рет бұралды?
- Жиырма рет.
- Алты айналымы кем. Айттым ғой, кондукторды газ бұзып өткен.

Фонтан өрши түсті. Қарақошқыл қою бұрпақ бірден бірге жалданып, биіктей берді. Мұнара маңы қолма-қол мұнай теңі- зіне айналып барады. Шоқтығына қол тимеген асау тәрізді жабайы, тағы табиғаттың біресе ішін тарта өксіген, біресе аһ ұра аңыраған үрейлі үні де толалар емес.

Болат мұнараға толқынды сел арасынан қорғасын быты- радай сырт-сырт соққан әлденелер жылт-жылт ұшқын ша- шыратқандай еді, ізінше моторлы будка жақтан қып-қызыл от жарқылдап, күп-күрең жалын сүйреңдей бастады...

*(З.Қабдоловтың «Жалын» романынан)*



**3 тапсырма** Елімізде «қара алтын» өндіру 20 жылдың ішінде жыл- дық мөлшерін төрт есеге көбейтті, ал әлемде бұл көрсеткіш бір жарым есеге ғана артып отыр. Мұнай нарығындағы мем- лекеттің ғаламдық үлесі 10%-ке өскендігі де хақ. «Қара алтынды» өндіру мен экспорттаудың әлемдік деңгейдегі жаңа орталығын Қазақстан дәйекті түрде қалыптастырып келеді. Тәуелсіздік алған уақыттан бергі мерзім ішінде мұндай жетіс- тікке жетуімізге осы салада жасалған түбегейлі өзгерістер негіз болып отыр.



1. «Артық болмас білгенің» мәтініндегі сандық деректерді негізге алып, «Мұнай өндіру ісінде нені ескеру керек? » деген мәселе бойынша мәтін жазыңдар. Жұптасып, бір-біріңнің жұмыстарыңды азатжолдарға бөліп, ойларыңды (ақпарат, идея) дұрыс жүйелеп, логикалық және стильдік түзетулер енгізіп, редакциялаңдар.
2. Елімізде мұнай өндіру қалай жүзеге асатыны туралы мәлімет жинаңдар.



**4 тапсырма** Жағдаяттық тапсырманы орындаңдар.

Екі топқа бөлініңдер:

- 1-топ – журналистер;
- 2-топ – мұнай өндірушілер.

Мамандандырылған тар аядағы арнайы терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды қолданып, сұхбат құрыңдар.



**5 тапсырма** «Мен мұнайлы даланың перзентімін» тақырыбына эссе жазыңдар. Сөз саны – 150–170.



## ТАҚЫРЫП 27

### ХАЛЫҚТЫҢ МИГРАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

**Бағалау критерийлері:** 1) Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тыңдаушыларға ықпал ете дұрыс, шешен сөйлейді;  
2) Таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью жазады;



**1-тапсырма. Мәтінді түсініп оқыңыздар. Сіздерге қандай ой салды? Көші-қон үдерісі неліктен жаһандық мәселе болып табылады?**

**Ішкі және сыртқы миграция** кез келген ел секілді Қазақстанның да әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени дамуына зор ықпалын тигізуші фактордың бірі. Жалпы, миграцияның негізгі себептері – тұрмыс, өмір сүру сапасын жақсарту, саяси көзқарасқа қатысты себептер, кикілжіңдер, соғыс сияқты түрлі сипаттағы қиындықтар, жаңа жұмыс орнын іздеу, өмір сүру салтын өзгерту, экология, білім алу мақсатымен жер ауыстыру т.с.с. болып кете береді. Осыған байланысты әлеуметтік ғылымда этникалық миграция, экологиялық миграция, еңбек миграциясы, білім миграциясы, туристік миграция сынды терминдер қалыптасқан. Аталған үрдістің белсенді болуы қандай да бір мемлекеттің ішінде демографиялық дисбаланстың орын алуына әкеп соғуы әбден мүмкін. Сондықтан көші-қон мәселесі қоғамдағы ең өткір тақырыптың бірі саналады. Бұл ретте, бүгінгі мақаламызда Қазақстандағы 1991 жылдан бері ішкі және сыртқы миграциялық тенденциялар жайлы баяндайтын боламыз. Толығырақ [Strategy2050.kz](https://strategy2050.kz) сарапшысының материалында.

Барлық құқықтар қорғалған. [strategy2050.kz](https://strategy2050.kz) белсенді сілтемені пайдаланыңыз:  
<https://strategy2050.kz/news/aza-standa-y-migratsiyany-negizgi-tendentsiyalary/>

#### **Сыртқы көші-қон**

Тәуелсіздік алған 90-шы жылдардан бүгінгі күнге дейін Қазақстанда сыртқы және ішкі көші-қонның қарқынды жүруі есебінен халықтың жалпы санында үлкен өзгерістер болған жоқ. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары-ақ кезінде елімізге түрлі тарихи себептермен тап болған, депортацияланған өзге диаспоралардың өз тарихи отандарына жаппай оралуы, яғни Қазақстаннан көшуі, сондай-ақ кезінде түрлі себептермен (аштық, соғыс, шекара белгілеуде өзге мемлекеттің аумағында қалып қоюы т.б.) шетел территориясында қалып қоюға мәжбүр болып, кейіннен 1991

жылы Қазақстан тәуелсіздік алғасын өзінің атажұртына қайта оралған қандас қазақтардың елімізге көшіп келуі бұған жарқын мысал бола алады.

Тарихқа көз салсақ ХХ ғасырдың басына дейін Қазақстан халқының этникалық құрамы моноұлтты болып келді. Өткен ғасырдың басында патшалық Ресейдің отарлық саясаты мен кейінгі кеңестік дәуірдегі Кремльдің солақай саясаты нәтижесінде (орыс, украин, поляк, неміс, грек, түрік, күрд, әзірбайжан, белорусь, шешен-ингуш, кәріс т.б. түрлі этнос өкілдерін Қазақстанға жер аудару, тың игеру саясаты, көзқарасы үшін саяси репрессиялық миграция жұмыстары) жарты ғасыр ішінде қазақтар өз мемлекеті аумағында саны жағынан да, сондай-ақ өзге этностармен салыстырғанда елдегі халық санындағы үлесі бойынша да айтарлықтай азайып, Қазақстан полиэтносты мемлекетке айналды.

## 2-тапсырма.

Мәтінді оқып шығыңыздар. Қай кездегі оқиғалар баяндалған? Мәтін бойынша хронологиялық кесте жасаңыздар.

1939-1945 жж	

Үшінші кезеңге 1939-1945 жылдар жатады. Бұл кезеңде Қазақ-стандағы көші-қонға әсер еткен негізгі фактор - Ұлы Отан соғысы және оның құрамдас бөлігі - Екінші дүниежүзілік соғыс. Мұнда саяси факторлар шешуші рөл атқарды. Осы кезеңдегі көші-қон қозғалысы антигумандық сипатқа ие болды. Адамзат тарихында болмаған ірі репрессиялар, мәжбүрлі, күштеп қоныс аударулар халықтарды этни-калық белгісіне байланысты жер аударумен жалғасты. Соғыс жыл-дарында республикаға 1257,6 мың адам келіп, оның 20,3 пайызы Қазақстанды тұрақты мекен етіп қалды. Төртінші кезең - 1946-1959 жылдар. Соғыстан кейінгі демоби-лизация, отбасылардың бірігуі, халықшаруашылығын қалпына келтіру, жаңа өндіріс орындары (шикізаттық бағыттағы), көлік жолдарының түрлерін іске қосу, жаңа қалалар мен қала типтес поселкелердің құрылуы, ауылшаруашылықтағы реформалар, тың және тыңайған жерлерді игеру негіздегі көші-қондар. 1959 жылғы санақта жергілікті тұрғындар 29,7 пайызға кеміді. Қазақтар өз Отанында азшылық ұлтқа айналды. Шы Мал атын логи 19 Бесінші кезең - 1959 жыл. Қазақ тарихында «алтын кезең» деп бағаланды. Қазақ жеріндегі қазақтар үлесі 32,6 пайызға жетті. 1991 жылдан бергі тәуелсіздік жылдарын қамтитын кезеңдегі көші-қон үдерісінің өзіндік ерекшеліктері болды. Тәуелсіздік жылдарында тағдыр тәлкегімен Қазақстанға қоныс аударушылардың негізгі бөлігі тарихи Отанына қайтуына және елден кеткен отандастарымыздың оралу көші-қонына қарай республикадағы қазақтар үлесі 1989 жылы 39,7 пайыздан 2009 жылы 63,1 пайызға өсті. ХХ ғасырдың аяғында әлем ғаламдану үдерісіне енді. Бұл кезеңде тәуелсіздігін алған Қазақстанда көші-қонның жаңа түрлері пайда болды.

«Отан тарихы» журналынан

**3-тапсырма.** Түсіндірме сөздікті пайдаланып, берілген ұғымдарға анықтама беріңіз.

Көші-қон үдерісі	Ашаршылық	Отарлау	Ұжымдас тыру	Жер аудару	Антигумандық сипат	Репрессия	демобилизация	Ғаламдану үдерісі

«Шығу парағын» пайдаланып, көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазыңыздар.

Маған ... қиын болды.

Мен .. тапсырмаларын орындадым.

Мен ... екендігін түсіндім.

Мен ... үйрендім.

Мені ... таңғалдырды.

## ТАҚЫРЫП 28

### **ЗИЯТКЕРЛІК МИГРАЦИЯ: ПАЙДАСЫ МЕН ҚАУП. ТІЛДІК БАҒДАР: РЕСМИ ІСҚАҒАЗДАРЫ СТИЛІ МЕН ОНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Бағалау критерийлері:** 1) Коммуникативтік жағдаятқа сай көпшілік алдында тыңдаушыларға ықпал ете дұрыс, шешен сөйлейді;

2) Таза ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, интервью жазады;

3) Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады

**1 тапсырма** Төмендегі мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндір. Олардың бүгінгі сабақ тақырыбымен қандай байланысы болуы мүмкін? Болжамыңды айт.

1) Бөтен елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол.

2) Жеті түрлі ілім біл, жеті жұрттың тілін біл.

3) Білім инемен құдық қазғандай.



## 2 тапсырма

**Шетелге оқуға барудың қандай пайдасы бар деп ойлайсың? Ал қандай қаупі бар?** Пікіріңді қысқаша жаз. Қосымша ақпарат көздерінен өз ойыңды бекітетін статистикалық мәліметтер тауып, кірістір.

**3 тапсырма «Оймоншақ» әдісімен** зияткерлік миграцияның туындауына себеп болатын факторлардың тізбегін жазып, әңгімелеп беріндер. Сөздеріңде сын есімнің мағыналық түрлерін қолданыңдар.

**Ресми ісқағаздар стилі** Ресми ісқағаздар стилі – ресми қатынастар аясында қызмет ететін стильдің бірі. Ресми құжаттар мен ісқағаздарының стилі деп те аталады.

**Ресми ісқағаздардың мынадай түрлері бар:**

1. Азаматтық қарым-қатынас құжаттары (сенімхат, кепілхат, келісімшарт, еңбек шарты т.б.).
2. Жеке адам өміріне қатысты құжаттар (өмірбаян, түйіндеме, өтініш, мінездеме, жеделхат т.б.).
3. Басқару, ұйымдастыру құжаттары (Жарғы, үкім, жарлық, ереже, бұйрық, хаттама т.б.).

**Ресми ісқағаздар стиліне тән құжаттардың тіліне белгілі бір талаптар** қойылады. Олар: сөздің дәлдігі мен бірмағыналылығы, жүйелілігі, дәлелділігі, ықшамдылығы, артық сөздің болмауы.

**Ресми ісқағаздар стилінде жазылған мәтінге қойылатын талаптар** болады.

Олар:

- лексикада – ресми құжаттар мен ісқағаздарына тікелей қатысы бар сөздерді ғана орнымен қолдану, көнерген сөздерді бейтарап, кітаби немесе әдеби сөздермен алмастыру;
- морфологияда – жалпылық мағына беретін сілтеу есімдіктерін қолданбау;
- синтаксисте – сабақтас құрмалас сөйлемдердің (себеп-салдар, мақсат, шартты бағыныңқылы) көбірек қолданылуына мүмкіндік беру;
- қыстырма сөздерді қолдануды шектеу. «Қазақ тілінің стилистикасы» оқулығынан

**4 тапсырма «Болашақ» бағдарламасымен шетелде білім алу үшін өтініш жаз.**

Өтініштің құрылымы:

- кімге: ұйым басшысының атына;
- құжаттың атауы;
- мәтін;
- күні, жылы;
- кімнен: өтініш иесінің қолы, аты-жөні.

**5 тапсырма** Мәтінді оқы. **Ондағы ойды өзек етіп алып, өз көзқарасыңды жаз.**

Мәтіндегі әр абзацқа тақырыпша қой. Соңында мәтін тақырыбы мен өзің жазған тақырыпшалардың арасындағы байланысқа мән бер. Мәтіндегі тірек сөздерді анықта. Тақырыпшалардың негізінде күрделі жоспар құрып, айтып бер.

**Зияткерлік миграция немесе шетелде білім алушылар**

1. Қазіргі таңда мұхит пен теңіз асып, білім құған жастар саны күннен-күнге артып отыр. Жыл сайын мемлекеттің білім жүйесін дамыту үшін тілі жат елге барып, отбасынан жырақта білім алып жатқан жастар қаншама?! Жастардың білім алуы үшін Қазақстан

Үкіметі арнайы «Болашақ» бағдарламасы арқылы көптеген талантты жастарға мүмкіндік сыйлады. Мақсат біреу ғана: болашақ отандық мамандардың сапалы білім алып, отбасына, мемлекетке пайда әкелуіне жағдай жасау.

2. Шетелдегі білім деңгейінің жоғары дәрежеде екені белгілі. Бірақ білім алғысы келсе де, ондағы қиындықтарға төзе алмайтынын сезіп, көбісі бұдан бас тартып та жатады. Ал өз-өзіне сенімді, барлық қиындықтарға қарсы тұратындар еш нәрсеге қарамайды. Қазақта «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» деген даналық сөз бар. Олай болса, оқимын деген жас буынның жолын кеспей, керісінше, қолдау көрсетіп, болашағына мол сеніммен қарау керек.

3. Соңғы жиырма жылда «білімділердің елден кетуі» ұғымын ғалымдар қайта қарап шықты. Енді бұл сөз «білімділердің келуі» және «интеллектуалдық айналым» феномендерімен бірге жиі қолданыла бастады. Елден кету білім көкжиегін кеңейтуге мүмкіндік береді. Бұл адам капиталының сапасына оң әсер етеді. Елден кеткісі келгендердің барлығының бірдей мақсаты орындала бермейді. Ал кеткендердің біршама бөлігі әлемдік деңгейдегі жаңа дағдыларды елге жеткізуге және өзгелерге үйрету мүмкіндігіне ие бола алмайды. Үндістандағы IT мамандарының Америкаға қоныс аударуы елдегі IT секторының дамуына ықпал етті, көптеген халықтың компьютер ғылымдарын зерттеуге ынтасы артты. Алайда бәсекелестіктің жоғары болуынан олардың бір бөлігі ғана шетелге кетуге мүмкіндік алды.

4. Қазақстанда бұл мәселенің өзектене түскенін соңғы он жылдықта ағылшын тілін меңгеруге бет бұрған адамдар санының көбеюімен түсіндіруге болады. Отбасы мүшелерінің біреуінің шетелге қоныс аударуы нәтижесінде ата-анасына ақша жіберіп, бауырларының оқуына мүмкіндік жасап отырады. Ал туған жеріне қайта келген соң, білікті және сұранысқа ие маман ретінде білімін көрсетіп, ел экономикасын арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар өз отбасының әлеуметтік жағдайын жақсартуға мүмкіндік алады.

5. Әлемдік тәжірибеде шетелге қоныс аударуға тосқауыл қою білікті мамандар үшін зиян. Мәселен, жаңа дағдыларды игеруге кедергі келтіреді әрі технология, сауда және инвестицияға қолжетімділікті шектейді. Сонымен қатар көші-қон үрдісінің пайдалы тұстары бар. Мысалы, диаспоралардың өзара араласуы және тарихи отанынан көшіп кеткен адамдармен байланысты үзіп алмас үшін азаматтық беруді енгізу.

6. Дегенмен басқа елге қоныс аударудың ең негізгі себептерін, еңбек нарығындағы құрылымдық мәселелерді үнемі қадағалап отыру қажет. Зияткерлік миграцияның зиянды жағы да болатынын естен шығармау керек. Атап айтқанда, аралас некенің көбеюі, басқа ел азаматтығын алуға мүдделілік, Отан алдындағы парызын жете түсінбеу салдарынан шетелде жұмыс істеуге ұмтылыстың артуы және т.б. Зерттеушілердің пікірінше, таланттардың шетке ағылуын азайту үшін туып-өскен еліндегі балама мүмкіндіктерді қарастырған абзал. Арнайы жобалар жасау қажет. Онда таланттарды ашу, дамыту және өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін толықтай көрсетуіне, өзіне лайықты мансап биігіне көтерілуіне жағдай жасау жолдарын табу міндет. Сонда жоғары оқу орны түлектері арасындағы жұмыссыздық мәселесі де оңтайлы шешіледі. Елдің интеллектуалдық әлеуетін көтеру мүмкіндігі артады. А. Әбітай

**6 тапсырма** Мәтін мазмұнына сүйеніп, шетелге білім алуға немесе жұмыс іздеуге ықпал ететін ең маңызды екі факторды жаз. Солардың негізінде көші-қон мәселесімен айналысатын мекеме басшысының атына өзіңді шетелге жұмысқа жіберу жөнінде ресми

түрде өтініш жаз. Өтініштің мазмұндық-құрылымдық жүйесіне мән беріп, тілдік құралдарды орынды қолдан.

**7-тапсырма** Мәтіндегі «Шетелге қоныс аударуға тосқауыл қою білікті мамандар үшін зиян» деген пікірге «Келісемін/Келіспеймін» әдісімен өз ойыңды айтып, дәлелде.

**8-тапсырма Жағдаяттық тапсырма.** Сен телеарна жүргізушісі қызметіне кастингке қатысуға келдің. **Талап:** берілген мәтінді мәнерлеп оқу. Сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: **әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдан.** Сынып оқушылары ең үздік талапкерді анықтасын.

Енді Қазақстан Республикасына уақытша келетін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар көші-қон қызмет орталығына жүгіне алады. Бұған дейін бұл қызмет тек Ішкі істер министрлігі Көші-қон комитеті тарапынан көрсетілетін. Бұл туралы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының» баспасөз қызметі хабарлады.

2019 жылдың 18 ақпанынан бастап көрсетіле бастаған жаңа қызмет түрін пайдалану үшін шетелдік азаматтың өзімен бірге мынадай құжаттары болуы тиіс: Қазақстан аймағына кіруге визасы бар шетелдіктің не азаматтығы жоқ адамның жекебасын куәландыратын жарамды құжаты; шегараны кесіп өткені туралы белгісі бар көші-қон карточкасы; еркін түрде жазылған қолдау хат. Қызмет алушылар Қазақстан аймағына 6 айдан артық мерзімге келетін болса, қосымша толтырылған 2 мекен-жайға келу парағын, келу парағына толтырылған статистикалық есепке алу талоны мен 3,5x4,5 көлеміндегі бір фотосурет тапсыруы керек. Миграциялық ХҚО арқылы шетелдіктер бір күннің ішінде тіркеуге тұра алады. Мұндай орталық мемлекеттік қызметтерді жылдам әрі еш кедергісіз алуға мүмкіндік береді, жемқорлық әрекетіне жол бермейді. Жаңадан қосылған қызметтен бөлек, мұнда шетелдіктер жұмыс істеуге рұқсат беретін құжатты алып, ҚР аумағына уақытша келетіндер жеке сәйкестендіру нөмірін рәсімдей алады. Естеріңізге сала кетейік, еліміздің 13 қаласында көші-қон қызметтерінің орталығы жұмыс істейді. Тағы төрт (Павлодар, Өскемен, Тараз, Түркістан облысы) миграциялық ХҚО жыл соңына дейін ашылатын болады. **«Егемен Қазақстан» газетінен**

«Аквариум». Егер барлық көші-қон түрі тоқтатылатын болса, Қазақстан қандай жағдайда болар еді? Бұл қандай пайда немесе зиян әкелуі мүмкін? Ойыңды сызба түрінде рәсімдеп жаз. Өз пікіріңді парталасыңмен сөзталас түріндегі диалогте қолдан. Сынып оқушылары ең үздік диалогті анықтасын.

Ақпарат құралдарынан Қазақстандағы «Қызыл жарты ай» ұйымы туралы мәліметтерді тауып, бұл ұйымның атқарып жатқан істері туралы мәтін құрап жаз. Оны оқушыларға оқып бер.

Көші-қон мәселесіне қатысты сала маманының жазған мақаласын тауып оқы. Мақаланың негізінде публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, сұхбат құрап жаз. Ол үшін мақаладағы ең маңызды ақпараттарды анықта. Сол мәселе бойынша қысқа да нұсқа сұрақ әзірле. Автордың жауабын ықшамдап ал.



**9-тапсырма** Өлеңді мәнерлеп оқы. Ақын бейнелеген жастың образын қара сөзге айналдырып жаз. Өзің жүрген ортадағы жастарға сипаттама бер. Екі мәтінді салыстырып, талдау жаса.

Жасампаз шақ, жастық шақ!

Дүниенің бәрі мөп-мөлдір арманға тұнып,

көгілдір қиял,

тәтті оймен таңдарды атырып,

алапат асау өмірге жасқаншақтамай

қарайтын өктем от тұяқ тарланда тұрып.

Көкірегі толы әсем ән,

көрініп өмір айнымай мүлде көктемнен,

гүл теріп қайтар достармен күнде бөктерден.

Жаңылыс басқан сәттерің жүрегінді өртеп,

дөңбекшуменен көз ілмей түндер өткерген.

Мазасыз көңіл,

жас дәурен,

жетелеп аппақ армандар жаһан жақтарға,

жасайсың қолдан өмірді қатал қапталда.

жүресің қаһарлы ақпанда.

Бүріскен кәрі дүниені

жаныңның алау

отымен жылытып

Жалынды жастық алауым!

Ерліктер деген өзіңнен басталған анық,

алдында сенің бас иген асқарлар алып.

Қайсар даланың ұрпағы қанатын қаққан,

Жаңа заманның жалыны шашқанда жарық!

Зымырап жылдар зулайды:

тіршілік заңы жүйткуден қалғымас мүлде,

беттесең, өмір ұқсамайды қарлығаш, гүлге...

Бәрібір сенің өр тұлғаң сан жүректерде



лапылдап жанып тұрады мәңгі жас түрде!

**Төмендегі сұрақтарға жауап жазып, жауабыңды түсіндір.**

1-сұрақ: Не пайдалы?

2-сұрақ: Не қажет?

3-сұрақ: Нені есте сақтау керек?

## **ТАҚЫРЫП 29**

### **ДҮНИЕЖҮЗІНЕ ӘЙГІЛІ ӨНЕРТАБЫСТАР**

**Мақсаты :** Студенттердің қызығушылығын оята отырып тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баулу. Өзіндік танымдық қабілетін арттыру.

**Бағалау критерийлері:**

- 1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтайды;
- 2) Таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық ерекшеліктерін талдайды;
- 3) Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және

#### **1 тапсырма**

**4 топқа бөлініп топтық жұмыс жасайсыздар.**

Бүкіләлемдік көрмелер тарихы 1851 жылы Лондонда өткізілген «Барлық халықтардың өндірістік жұмыстарының ұлы көрмесінен» басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. 1928 жылы Парижде көрме қызметін реттеу мақсатында Халықаралық көрме бюросы (ХКБ) құрылды. Бүгінгі күні ол өте ежелгі және өкілетті халықаралық құрылымдардың бірі (оған 166 ел мүше

1. Компьютер
2. Телефон
3. Теледидар
4. Интернет

Қандай техникалар бар күнделікті қолданатын және әр техниканың ерекшеліктерін жазып қорғайтын боласыздар.

(төрт топ қорғап болғасын слайд көрсетем)

Бүкіләлемдік көрмелер немесе ЭКСПО осымен бір жарым ғасырдан аса уақыттан бері өткізіліп келеді. Осы уақыт аралығында олардың танымалдығы өте артты – тіпті көрмелерді әлем чемпионаттарымен және Олимпиада ойындарымен салыстыратын болды. Сарапшылардың есептеуінше, 1851 жылы Лондонда алғашқы көрмені өткізгелі бері, ЭКСПО-ға бүкіл әлемнен миллиардтан аса адам келген.

Жұртшылықты техникалық жаңалықтарды бірінші болып тамашалау мүмкіндігі қызықтырады. Дәл осы ЭКСПО-дан кейін телефон, рентген аппараты, сыдырма ілгек, балмұздаққа арналған вафлядан жасалған стақан, телехабар тарату, сенсорлық экран және т.б. дүниелер біздің күнделікті тұрмысымызға жол тартқан. Ал ЭКСПО-2017 бізді қандай

жаңа техникалық дүниелерімен таңқалдырмақ? Өнертапқыштар қазір өз дүниелерін Астанада көрсетуге дайындалуда. Әзірше Бүкіләлемдік көрмелерде көрсетілген ең танымал деген 10 жаңалықты есімізге түсірейік.

## **6 –тапсырма Телефон аппараты**

Тұңғыш телефон аппараты 1876 жылы Филадельфиядағы Бүкіләлемдік көрмені таңқалдырған дүниеге айналды. Өнертапқыш Александр Белл «сөйлейтін телеграф» қалай жұмыс жасайтынын көрсетті. Өнертапқыштың басқа бөлмеде тұрып Дат ханзадасының «Болу, я болмау» деген монологын оқығанын телефон тұтқасынан естіген кезде, көрме қазылар алқасының таңданысында шек болмады. Жүз жылдан астам уақыт ішінде, әрине, телефонның сыртқы түрі қатты өзгеріске ұшырады, алайда оның қызмет ету қағидасы бәз-баяғынша қалды.

## **7-тапсырма Фонограф**

1878 жылы Париждегі Бүкіләлемдік көрме кезінде фонографты (дыбысты жазуға және жаңғыртуға арналған құрылғы) таныстырғаннан кейін, оны ойлап тапқан Томас Эдисон үлкен танымалдыққа ие болды. Көптеген көрерменге фонографтың адам дауысын қайталауы таңғажайып сиқырдай көрінді, сөйтіп Эдисонға «Менло Парктың сиқыршысы» (Нью-Джерсидегі зертханасы солай аталатын) деген ат тағылды. Кейінірек фонограф идеясы граммофон, патефон және тіпті магнитофонда қолданыс тапты.

## **8-тапсырма Айналаны шолу дөңгелегі**

Тұңғыш айналаны шолу дөңгелегі 1893 жылы Чикагода өткен Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Атағы жер жарған аттракционды Кіші Джордж Вашингтон Гейл Феррис жобалап шыққан. Дөңгелектің биіктігі 80 метрден асатын, ал оның салмағы 2 мың тоннаға дейін жететін. Американдықтар оны осының алдында Парижде өткен Бүкіләлемдік көрмеге орай салынған Эйфель мұнарасына жауап ретінде ойлап тапты. Ағылшын тілінде айналаны шолу дөңгелегі осы күнге шейін ferris wheel, яғни «Феррис дөңгелегі» деген атпен аталып келеді.

## **9- тапсырма Сыдырма ілгек**

Алғашқы сыдырма ілгек аяқ киімге арналған болатын. Оны 1893 жылы Чикагодағы Бүкіләлемдік көрмеде Уитком Лео Джадсон көрсетті. Ілгектің түрі қазіргі нұсқасына қарағанда өзгеше болатын: оның бір қапталында ілгек, екінші жағында «кілт-тілшік» көмегімен ілінетін ілмек қатары болатын. Джадсонның өнертабысы аяқ киімді түймелеуді айтарлықтай тездететін, сондықтан ол осындай атауға ие болды. Алғашқыда жаңа өнертабыс бірден көпшіліктің көңілінен шыға қойған жоқ, өйткені оны пайдалану үшін екі бетті алатын нұсқаулықты оқу керек болатын. Тек 20 жылдан кейін ғана сыдырма ілгек үлкен танымалдыққа ие болды.

## **Рентген аппараты**

Жұртшылыққа рентген сәулелерінің қасиеттері 1901 жылы Буффалодағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл өнертабыс АҚШ президенті Уильям Мак-Кинлидің өмірін сақтап қалар ма еді? Көрме кезінде ол ауыр жарақат алды, себебі президентке оқ атылды. Дәрігерлер оның денесінен оқты табу үшін рентгенді пайдалануына болар еді, алайда олар бұдан бас тартты. 8 күннен кейін Мак-Кинли көз жұмды. Бірақ кейінірек рентген аппараты медицинада кең қолданысқа ие болды.

## **2 тапсырма Балмұздаққа арналған вафлядан жасалған стақан**

Балмұздаққа арналған жеуге болатын стақан 1904 жылы Сент-Луистегі Бүкіләлемдік көрме кезінде таныстырылды. Бұған дейін балмұздақты тек қағаздан жасалған стақанда сататын. Вафлядан жасалған қауыз бен балмұздақты бірге үйлестіру көрмеге келушілердің көңілінен шыққаны соншалықты, балмұздақтар дереу сатылып кетті. Алғашқыда вафлялық стақандар қолдан жасалынатын, тек 1921 жылы ғана балмұздақ қауызын жасауға арналған машина пайда болды.

## **3 тапсырма Нейлон**

Кез келген матаны берік әрі созылғыш ететін жаңа синтетикалық материал – нейлонның таныстырылымы 1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрмеде өтті. Жаңалықты "Дюпон" химиялық компаниясы таныстырды. Көрмеде өте күшті жарнама өткізілді: нейлоннан жасалынған шұлықтар төңкеріс жасаған киім ретінде танылды. Бұл өнертабыс әйелдер жағынан тез өз бағасын тапты – нейлоннан жасалған бұйымдардың сатылымы күннен күнге дейін артты. Қазіргі күні нейлон киім өндірісінде ғана емес, сонымен бірге, төлке, пленка және жұқа жабындарды дайындауда қолданылады.

## **4-тапсырма Телехабар тарату**

1939 жылы Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік көрменің көрермендерін тікелей эфирде телехабар тарату қатты таңдандырды – ол кездің өзінде телевизор әлі таңсық дүние болатын. Көрме өтіп жатқан уақытта АҚШ президенті Франклин Рузвельттің ЭКСПО-ны ашып жатқанын тікелей эфирде көрсетті. Көрмеге келушілерді теледидардың техникалық ерекшеліктері айрықша әсерде қалдырды. Тіпті көбісі трансляцияны иллюзионистің фокусы деп те ойлады. Ал бүгінгі күні тікелей эфирде хабар тарату үйреншікті іске айналған.

## **5-тапсырма Ұялы телефон**

Тұңғыш ұялы телефонның алғашқы нұсқасы және ұялы байланыс технологиясы 1970 жылы Жапонияның Осака қаласындағы Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Бұл нағыз төңкеріс болатын: бұған дейін қолданыста болған телефондардың барлығы розетка қосылмаса, жұмыс жасамайтын. Алғашқы ұялы телефондар Осакадағы таныстырылымнан кейін бірнеше жылда кейін-ақ қолданыста пайда болды. Қазіргі ұялы телефондармен салыстырғанда олардың пішіні үлкен және ыңғайсыз болатын, оларды қалтаға салып жүру мүмкін еместін.

## **10-тапсырма Сенсорлық экран**

Саусақтың басқанын сезетін экран алғашқы рет жұртшылыққа 1982 жылы Ноксвилдегі Бүкіләлемдік көрмеде таныстырылды. Көрмеге келген әрбір адам сенсорлық экранды жеке өзі пайдаланып, байқап көре алды. 30 жылдан кейін бұл өнертабыс өте танымал бола бастады. Бүгінгі күні сенсорлық экрандар төлем терминалдары, ақпараттық дүңгіршектерде, қалта компьютерлерінде және ұялы телефондарда қолданылады.

Рефлексия. «Мен не ойлап табар едім» деген тақырып беріледі.

**А4 қағаз беремін әр студент. Оқушылар өз ойларын жазады.**

**Қызықты мәлімет.** Александр Грейам Белл алғаш сым құралдары арқылы хабарласатын телефонды ойлап тапты. Телефонмен сөйлескен сайын айтылатын «Алло» сөзі негізінде бір қыздың (телефонды ойлап тапқан Александр Грейам Беллдың сүйіктісі) қысқартылған есімі. Қыздың толық есімі – Алессандра Лолита Освалдо. Грейам Белл телефонды ойлап тапқанда алғаш телефон желісін сүйіктісінің үйіне қарай тартады. Шеберханасында телефон шалынған сайын оның сүйіктісі екенін біліп, телефон тұтқасын көтерер-көтермес «Алессандра Лолита Освалдо», - дейтін болған. Уақыт өте келе сүйіктісінің атын қысқартып «Але Лол Ос», - деп айта бастаған. Жұмыстары көбейген сайын оның атын әлде де қысқартып, екі буыннан тұратын «Алло», - деген атпен атап кеткен Б

## ТАҚЫРЫП 30

### ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӨНЕРТАБЫСТАР

**Мақсаты :** Студенттердің қызығушылығын оята отырып тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа баулу. Өзіндік танымдық қабілетін арттыру.

**Бағалау критерийлері:** 1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтайды; 2) Таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық ерекшеліктерін талдайды; 3) Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және бағалайды;

#### 1 тапсырма Әлменовтың гидравликалық қондырғысы



**Қостанай өңірінің тумасы Бақытжан Әлменов** гидравликалық қондырғы ойлап тапты. Өз өнертабысын ол осыдан 10 жыл бұрын Женева халықаралық бюросына тіркетіп, патент алған. Қондырғы «Әлменовтың гидравликалық қондырғысы» деп аталады. Ауа компрессормен алынып, құбырмен төмен, барабанға жіберіледі. Бұл барабан ауаны жинақтайтын және сол ауаны ретімен беріп отыратын механизм. Сол жерден клапан ашылып, капшыққа өзінің мөлшерленген көлемін беріп отырады. Бүгінде 1 килловтт электроэнергия 15 теңге тұрады. Бақытжан Әлментаевтің қондырғысын іске қосса, бұл баға 2-3 теңгеден аспайды. Энергияның өзіндік бағасы төмен болған соң өндіріс, қызмет көрсету түрлері, коммуналдық қызметтер, жалпы барлық зат арзандайды. Нан бағасы 60 теңге емес, 15-20 теңгеге дейін төмендейді. Бақытжан Әлменов өзінің өнертабысын 2017 жылы Астанада өтетін ЕХРО-ға қоюға лайық деп отыр. Өйткені ЕХРО-ның тақырыбы – «Болашақ энергиясы».

#### 2 тапсырма Көлікке арналған жапсырма Оқу, аудару 5-6 сұрақтар дайындау

**Дамир Аралов** көліктердегі жапсырманың үстіне жабыстырылатын нөмір белгісінің класын, техникалық байқаудан өткендігін, штрафтың бар-жоғын айқындап тұратын

жапсырма ойлап тапты. 70×35 мм болатын жапсырма көліктің артқы не алдындағы нөмірінің оң жақ бөлігіне орналасатын болады. МАИ қызметкерлері осылайша көлік туралы бар мәліметті көзбен-ақ көріп біле алмақ.

Өнертапқыш Сайдыбай Бекболатов "Қазақтың мәңгілік күнтізбесін" ойлап тапты. Өнертапқыш Григориан күнтізбесін қате деп есептейді. Оның айтуынша, 12 емес, 13 ай бар, ал әр айда 28 күн бар. Жыл наурыз айынан басталады, ал наурыз айының өзі 1-інен емес, 0-ден басталады. Ал қосымша айды өнертапқыш шаян мен мергеннің ортасына қойған.

### **Емдік қасиеті бар зефир**



М.Әуезов атындағы ОҚМУ технологтары Малика Әлімова мен Нина Алексеева кәдімгі зефирдің құрамына сүт іріткісі мен мейіз қосса, зефирдің емдік қасиеті артатынын айтқан.

### **3 тапсырма Көлікке арналған құлып**



Валерий Морев көлік жүргізушісі белдік тақпайынша көлікті орнынан қозғалтпайтын құлып ойлап тапты. Бұл жол көлік ережесін сақтай бермейтін алаңғасар көлік жүргізушілерін қауіптен сақтауға септігін тигізбек.

Сәкен Исаевтің іштен жану қозғалтқышы

Сәкен Исаев әдеттегі іштен жану қозғалтқышынан 2 есе мықты, 2 есе жылдам, 10 есе үнемді іштен жану қозғалтқышын ойлап тапты. Ол өз өнертабысын Ішкі Істер Министрлігі қолданғанын қалайды.

### **Нүротанк**

Қарағандылық өнертапқыш Сэнтай Жетесов танкіні қайта жасап шықты.

Танк орыстардың Т-90 және Т-72 танкілерінің жаңартылған нұсқасы. «Нұротанк» деген атау алған өнертабыстың Т-90-нан негізгі айырмашылығы – оғында. Жаңартылған нұсқа диск тәріздес оқтармен атады. Оқ зақымдауы жағынан мықты, себебі оқ қабырғаны ғана емес, танктерді де тесіп өтеді.

Астанадағы Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің магистранты Серікбол Шаймардан электронды бесік ойлап тапты. Арнайы құрылғыны бесікпен қосқандағы жалпы бағасы 50 мың теңге. Бесікті смартбесікке айналдыратын тербеткіштің құны 39 мың теңге болады. Бұл тербеткішті кез келген бесікке орнатуға болады. Massaget.kz өнертапқыштан сұхбат алып жариялаған болатын.



## ТАҚЫРЫП 31

### ӘЛЕМДІ ТАҢҒАЛДЫРҒАН ӨНЕРТАПҚЫШ БАЛАЛАР

**Бағалау критерийлері:** 1) Мәтін үзінділері бойынша болжам жасайды, тиісті ақпаратты анықтайды; 2) Таза ғылыми стильдегі рецензияның құрылымы мен рәсімделуін біледі, жанрлық ерекшеліктерін талдайды; 3) Тыңдалым материалы бойынша сұрақтар құрастырады және бағалайды;

**3. Мәтінді мұқият тыңда. Тақырыпқа қатысты термин сөздер мен ұғым-дарды тауып, олардың мағынасын анықта.**

**1-тапсырма** Мәтіндердің негізгі идеясын анықтап, тірек сөздерді теріп жаз. Мәтіндерге басқа қандай тақырып қоюға болады?

**2-тапсырма** Мәтіндегі тілдік құралдарды стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолданып, рецензия жаз. Әртүрлі дереккөздерден «Әлемді өзгерткен ұлы тұлғалар» туралы деректер тауып, сызбаны толтыр. Олардың бірі ашқан ерекше жаңалық туралы хабарлама жаса. Мәтінді оқып, публицистикалық стильге тән ерекшеліктерді тап.

**1-мәтін 15 жастағы американдық Честер Гринвуд 1873 жылы суықта қолдануға болатын құлаққап ойлап тапты.** Әжесі бұл құлаққаптың сыртын кәмшат терісінен, ішкі жағын барқыттан тігіп берді. 1877 жылдың 13 наурызында Честер өз өнертабысын патенттеу мүмкіндігіне ие болды. Өмірінің соңына дейін ол құлақты сыртқы шудан, суықтан қорғайтын жаңа заттарды шығарумен айналысты. Мэн штатында 1977 жылдан бастап, өнертапқыштың құрметіне орай Честер Гринвуд (21 желтоқсан) күні атап өтіледі.

## **2-мәтін Қалың қарда жүруге арналған көлік**

Канадалық Жозеф-Арман Бомбардье 1922 жылы **15 жасында** бір аптаның ішінде ескі «Фордтың» бөліктерінен қалың қарда жүруге арналған көлік жасап шығарды. Құрылғы шамамен бір миль жерді жүріп өткен. Арманның ағасы Леопольд құрылғыны табанына байланған екі арқан арқылы жүргізсе, Арманның өзі қолдан отын салып отырды. Өнертапқыш кейін де бірнеше техниканы жасаумен айналысып, тек 1957 жылы ғана баяғы қарда жүретін көлігіне оралды. Көлік «Ski-Doo» атын алып, бірнеше данасы шығарыла бастады. Қазір бұл көлік қарда жүретін техниканың ішіндегі ең танымалы болып саналады.

## **3-мәтін Брайль қарпі**

Көзі көрмейтін жандардың оқи алу мүмкіндігіне жол ашқан рельефті-нүкте жазуын 1824 жылы **15 жастағы француз** Луи Брайль ойлап тапқан. Ол әкесінің шеберханасында етік тігуге арналған бізбен көзін жарақаттап алған соң, 3 жасында көру мүмкіндігінен айырылған еді. Осы қаріппен басылған алғашқы кітап «Франция тарихы» 1837 жылы жарыққа шықты.

## **4-мәтін Аляска туы**

1926 жылы Аляска губернаторы 7 мен **13 жастағы балаларға** жалаудың эскизін салу жөнінде байқау жариялайды. Оның нәтижесінде 13 жастағы Аляска тұрғыны Бенни Бенсон үздік деп танылды. Ол салған жалауда аспан түстес көк түс пен аляскалықтарға түнде жол сілтейтін поляр жұлдызы, Кіші аю жұлдызы бейнеленген. 1927 жылы Беннидің ұсынған жалауы ресми символ ретінде көпшілікке таныстырылды.

**3-тапсырма Пікіралмасу.** Тыңдалым мәтіні бойынша парталасыңмен сұхбаттас мәтініндегі негізгі ойды анықтап, соған байланысты шағын хабарламалық мәтін құрап жаз.

**4-тапсырма** Қосымша дереккөздерден «Әлемді өзгерткен қазақстандықтар» туралы мәліметтер тауып, кластерді толтырыңдар.

**5-тапсырма** Мақалалардың тақырыппен байланысын дәлелдеп айт.

**«Түсінік» ойыны.**

- 1) Мәтіндегі негізгі тірек-термин сөздерді анықта. Олардың әрқайсысына 2–3 ассоциация сөз жаз.
- 2) Оның ішіндегі негізгі 1 сөзді белгіле.
- 3) Белгілеген сөзді өзін қалай түсінетінін жаз.
- 4) студенттер тірек сөзге берген анықтаманы кезекпен оқиды. Жалпы ұқсастықтарды атайды.
- 5) Ортақ түсінікті жазып, салыстырады.

**6-тапсырма «Егер мен ...» ойыны.** «Егер мен өнертапқыш болсам...» деген тақырыпта әлемді өзгертетін қандай жаңалық ойлап табатыныңды жүйелеп айт.

**Қызықты мәлімет** 17 қаңтарда әлем бойынша Өнертапқыш балалар ашқан жаңалықтар күні аталып өтіледі. Қазақстандық жас өнертапқыштар ашқан жаңалықтар да бар.



2013 жылы Алматы қаласындағы дарынды балаларға арналған №10 мектеп-интернатының 11-сынып оқушысы Хәкім Садуақас «Ламабатәл» атты мобильді аппарат ойлап тапты. Медициналық құрылғы диагностикамен терапияда төрт түрлі қызмет атқарады: лазеротерапия, магнитотерапия, биологиялық белсенді нүктелерді табу мен электромассаж. Құрылғы электр қуаты, аккумулятор және қарапайым батареямен жұмыс істейді.

Осы жылы Қостанай облысының кішкентай тұрғыны Олег Лило «Ай» атты зертхана жасады. Сегіз жасар ғалымның айтуынша, Айдың бетіндегі жағдайды анық көруге болады. Құрылғының камерасы, лазері бар. Олегтің жаңалығы Елордада өткен ғылыми-техникалық форумда «Аэроғарыштық техника, авиация және ғарыш ісі» номинациясы бойынша бірінші орын алды.

Семей қаласының 7-сынып оқушысы Виктор Хегай зағип адамдардың қозғалуына көмектесетін робот ойлап тапты. Роботтағы сенсор алдынан кедергі кездескенде иесіне белгілі бір дыбыс береді. Салмағы 200 грамдық бұл құрылғы киімге немесе баскиімнің алдына тағылады.

Астанамыздың 10-сынып оқушысы Темірлан Нәби жасанды бал ойлап тапты. Жасанды бал тұмауға қарсы ем және аллергия шығармайды. Оның құрамына су, қант, лимон қышқылы мен аздаған эфир майы кіреді. Ал дәмі жағынан ментолға ұқсайды.

#### **«Егемен Қазақстан» газетінен**

**«Әлемді кімдер өзгерте алады?»** деген сұраққа қатысты берілген пікірлерді оқып, «Келісемін/Келіспеймін» әдісімен өз ойларыңды айтып, дәлелдендер.

Төмендегі сұрақтарға жауап жазып, оны түсіндір.

1-сұрақ: Не пайдалы?

2-сұрақ: Не қажет?

3-сұрақ: Нені есте сақтау керек?

### **ТАҚЫРЫП 32**

#### **ТУРИЗМ САЛАСЫ: ӨТКЕНІ МЕН БҮГІНІ. ТІЛДІК БАҒДАР: ӘНГІМЕ ЖӘНЕ «ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ»**

**Бағалау критерийлері:** 1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды;

**1-тапсырма.** Мәтінді түсініп оқыңыздар. Мәтін мазмұнын түсіну мақсатында диалог құрыңдар. Мәтіннен синоним, антоним, омоним тауып жазу

#### **Қазақстандағы туристік ресурстар Студенттер топқа бөлініп орындау**

Қазақстандағы туристік ресурстарға – туристік қызмет көрсету нысандарын қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттерін қанағаттандыра алатын, олардың күш-жігерін қалпына

келтіріп, сергітуге жәрдемдесетін нысандар жатады. Олар мәдени-танымдық экологиялық, спорттық, әлеуметтік, діни т.б. туризм түрлеріне бөлінеді. Қазақстандағы туристік нысандар – Солтүстік Қазақстан аймағындағы Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау, Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазастандық Алтай, Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы, Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өңірі, Орталық Қазақстандағы Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау, т.б. табиғи нысандар жатады. Сонымен бірге Алматы облысындағы ұлттық саябақтар мен қорықтардың туризмді дамытуда маңызы зор. Оларға Іле-Алатауы ұлттық саябағы, Түрген-Шамалған өзендері аралығындағы шатқалдар, Түрген, Есік, Талғар, Алматы, Қаскелең, Шамалған елді мекендері жатады. Алтынемел, Көкшетау, Бурабай ұлттық саябақтарында туризмді дамыту мемлекет тарапынан қолдау тауып, дамып келеді. Қазақстан аумағындағы 9 мемлекеттік қорықтарында ғылыми экологиялық туризмді дамытудың алғы шарттары қалыптасқан. Тарихи-археологиялық ескерткіштердің туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Бағалау дескрипторлары:

## **2-тапсырма. Қазақстандағы туристік нысандарды топтап, кластер толтырыңыздар**

- Түристік нысандар
- Батыс Қазақстан
- Солтүстік Қазақстан
- Орталық Қазақстан

**3-тапсырма Қазақстанның туризмдік әлеуеті»** тақырыбына ой-пікіріңді көсемше оралымды сөйлемдерді қатыстыра отырып жеткізіндер



**4-тапсырма** Мәтінді аудару, сұрақтар құрастыру. Археологиялық ескерткіштердің кез-келген нысандары туристік-экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Жетісудағы Сақ қорғандары, Талхиз қалашығы, Оңтүстік Қазақстандағы Отырар, Сайрам, Батыс Қазақстандағы Сарайшық т.б. көне қалалардың орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің қазірге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор. Қола дәуір ескерткіштеріне жартастағы петроглифтерді атауға болады. Оларға әйгілі бірегей ғибадатханалар: Анырақай тауының Таңбалы сайындағы, Көксу өзеніндегі Ешкіөлмес ғибадатханасы, сондай-ақ Шолақ, Кіндіктас, Баянжүрек тауларындағы тастағы суреттер жатады. Біздің дәуіріміздегі III-VI ғасырлардан қалған сақ қорғандары, Бесшатыр қорымындағы жерлеу камерасы және сақ әскері киімін киген «Алтын адам», 2001-2002 жылдары Шығыс Қазақстан облысы Қатонқарағай ауданының Берел қорғанында табылған «Сақ патшайымы» археологиялық туристік нысандарға жатады. Ортағасырлық Түркістан, Отырар, Тұрбай, Құлан, Мерке, Талхиз, Жаркент қалалары т.б. елді мекендер қазіргі туристік нысандар болып табылады. Түркістан – қазақ хандығынаң алғашқы астанасы. Онда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі салынған, кесене іші мен айналасына қазақ мемлекетінің негізін қалаған Тәуке, Жәңгір, Есім, Абылай, Қазыбек би жерленген. Қазақстанда Отырар, Сарайшық, Сайрам т.б. ортағасырлық көне қалалар туристер үшін тартымды нысандар.

**5 - тапсырма** Морфологиялық талдау жасандар: қалалардың, дәуіріміздегі, ескерткіштердің, мазарлардың ,археологиялық, хандығынан, ескерткіштердің

**6-тапсырма** «Егер мен бизнесмен болсам,қай туризм саласын жаңартамын..» ойын жазып жүйелеп айту.

## ТАҚЫРЫП 33

### ТУРИЗМНІҢ ТҮРЛЕРІ

**Бағалау критерийлері:** 1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды; 2) Мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолданады; 3)Әдеби тіл нормаларын сақтайды



#### 1-тапсырма 1-мәтін. Мәтінге салыстырмалы талдау жасаңыздар

**Қазақстандағы қандай туризм түрлері бар екенін білесіз бе?** Бізде туризмнің бірнеше түрі қарқынды дамып келеді. Олар: **этнотуризм, тау туризмі, емдік-сауықтыру туризмі, мәдени-танымдық туризм, аңшылық пен балық аулау, т.б.** Соларға тоқталып көрейік.

**1. Этнотуризм** Этнотуризм – Қазақстандағы елдің бай тарихи өткені мен қазақ халқының мәдениетінің өзіндігіне қызығатын адамдарды тартатын туризмнің бір түрі. Қазақстанның қай аймағында болмасын жолаушылар қазақ этносына тән салт-дәстүрмен, шығармашылық ерекшелікпен танысып, елдің мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін зерттей алады.

**2. Тау туризмі** Қазақстан тау туризмі үшін қолайлы ел. Мұнда бұл салада барлық жағдай жасалған деуге болады. Қазақстан бойынша турлар «Бағалау парағы» арқылы оқушылар жұпта бірін – бірі бағалайды. Белсенді демалысты, жабайы табиғатпен кездесулерді, қарлы тау шындарына шығуды, сонымен қатар, жол-жөнекей жұмбаққа толы үңгірлер мен көгілдір терең сулы көлдердің жағаларын зерттеулерді қосады.

**3. Емдік-сауықтыру туризмі** Дамушы еліміз емдік-сауықтыру туризмі үшін ерекше жер. Себебі, еліміз тек қана емдік табиғи ресурстармен ғана бай емес, сонымен бірге, табиғи өңірлерде орналасқан заманауи шипажайларымен де танымал. Емдік-сауықтыру туризмі Қазақстанның барлық территориясына таралған, сондықтан, сіз елдің қай жерінде болсаңыз да, емделумен демалысты қатар қолдана аласыз. Емдік курорттар түрлі ауруларға ем болатын минералды су, бұғы мүйізімен емдеу, емдік климат және т.б. түрлі емдеу қызметтерін ұсынады.

**2-мәтін 2 тапсырма Мәтін жанрын анықтаңыздар ,стильдік ерекшеліктерді табыңыздар.** Мәдени-танымдық туризм Елімізде 25 мыңнан астам ескерткіштер және географиялық көрікті жерлер бар екен. Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасы объектілері ЮНЕСКО әлемдік маңызы бар ескерткіштері болып танылады және осы

ұйымның қорғауында. Сонымен қатар мәдени құндылықтардың 2 миллионнан астам бірліктері қазіргі Қазақстан жерінің тұрмыстық мәдениетінің дамуының барлық кезеңдерін бейнелейді.

**3-тапсырма** Ғылыми және публицистикалық стильдердің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, колледж студенттеріне арнап туған жерлерінде туризмді дамыту жөнінде үндеу жазындар. Талапқа сай үндеу жазады. 4-

**4-тапсырма** «Диалог және қолдау көрсету» Колледж студенттеріне арнап туған жерлеріндегі туризмді дамыту жөнінде үндеу жазады.

**5-тапсырма** Оқылым жұмысы. «**Ойды қорытындылау**» тәсілін пайдаланып, білімдерін бекітеді. «**Туризм түрлері**» тақырыбына тұсаукесер дайындаңдар.

Тұсаукесерді бағалау критерийлері: - тақырыптың ашылуы - ақпараттылығы - креативтілігі - тіл сауаттылығы

## ТАҚЫРЫП 34

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОТУРИЗМ

**Бағалау критерийлері:** 1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды; 2) Мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолданады; 3)Әдеби тіл нормаларын сақтайды



**Экотуризм деген не?** Мамандар экотуризмнің анықтамасын табиғат аясындағы демалысқа жауапкершілікпен қарап, қоршаған ортаны сақтау және оны жақсарту деп түсіндіреді.

- 1) Саяхаттың бағыты — адам қолы тимеген немесе күнделікті қолданыстан аман қалған жерлер. Мысалы, табиғи қорлар, ұлттық бақтар, ауылды мекендер.
- 2) Экотуризмнің мақсаты табиғи және мәдени ошақтармен танысу: жабайы табиғат рптасымен немесе жергілікті елді мекеннің дәстүрлі өмірімен танысау.
- 3) Туристік үрдіс қоршаған ортаға зиянын тигізеуі керек.
- 4) Жергілікті тұрғын үшін табиғатты сақтау маңызды әрі тиімді. Өйткені, табыстың басым көбін корпорациялар немесе үлкен қаладағы кеңсе қызметкері емес, сол аймақтың

адамдары алады: хостел, кафе, мейрамханалар мен жалға берілген кез келген тауар. Ал, қоршаған ортаны таза ұстау олардың табыс көзінің тұрақты болуына әсер етеді.

Әрине, бірнеше адам жүретін жерді таза сақтау қиынға соғатыны анық. Соған қарамастан, бабын тауып жүргендердің барын ескерсек, табиғат аясында демала отырып, оның тазалығын сақтау адамның өзінен басталады.

### **1-тапсырма Сұхбатты түсініп оқу аудару. Әдеби тіл нормаларын сақтап, түсінгенін тезис ретінде жазу.**

**Экотуризм** - қазақстандық туризмнің дамуын қарқынды жолға қоятын бірден-бір бағыт Қазақстанда елдің аса мол табиғи байлығын қорғаудың, оны сақтай отырып, жергілікті халықты бизнеспен айналысуға ынталандырудың бірден бір жолы - экотуризмді дамыту. Туризм саласындағы бизнестің бір түрі.

Қазақстанда қалай дамып жатқандығы жөнінде Орталық Азиядағы «Еуразия» қорының (ОАЕҚ) атқарушы директоры Ринат Темірбеков әңгімелейді. –

Ринат Сабырұлы, ОАЕҚ Қазақстанда экотуризмді дамыту үрдісімен айналысатыны белгілі. Елде туризмнің бұл түрін дамытудың маңызы жайында айтып берсеңіз? –

Орталық Азиядағы «Еуразия» қоры Қазақстандағы экотуризмді дамыту бастамасын жүзеге асыра отырып, екі маңызды мақсатты көздейді, олар - ауылдық жерлердегі халықты экономикалық белсендіру және қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Негізінен, Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер мен қорықтар аумағында тұратын халық, ауыл-шаруашылығы және өнеркәсіптік өндіріс бизнесімен барынша мүмкін көлемде айналысуға заңнамалық тұрғыда шектелген. Қайта құру үдерісінен кейін болған экономикалық дағдарыс кезеңінде, көптеген осындай ауылдардың тұрғындары, амалсыздан браконьерлікпен және орманды заңсыз кесумен айналыса бастады. Ал экотуристік бизнес осы тұрғындар үшін заң аясында әрі табиғатпен үйлесімде пайда табу мүмкіндігін қарастырады. Сондықтан, жергілікті халық қоршаған ортаны өз бизнесін дамытудың бірден-бір ресурсы ретінде қарастырып, оны сақтап-қорғауға мүдделі болады деген үміттеміз. - Қазақстанда туризмді, оның ішінде экотуризмді дамытудағы проблемалар қандай? Және бұл саланы көптеген шет елдерде сияқты мемлекеттің негізгі табыс көзіне айналатындай деңгейге көтеру мүмкін бе? –

Туризм, оның **ішінде экотуризм - бұлар**, табысы бірқатар факторлардың жиынтығына тәуелді болып табылатын қызмет салалары. Әдетте, кез-келген шетелдік сапар үшін туристік компаниядан сатып алынатын ең қарапайым туристік өнімнің ішіне визаны рәсімдеу және демалу орнына дейін жеткізіп салу қызметтері, қонақ үйде тұру, тамақтану, көңіл көтеру бағдарламалары мен түрлі қауіптерге қарсы сақтандырулар кіреді. Туристің алатын әсері сапардың қауіпсіз болуына, қажетті қызметтерге оңай қол жетімділікке, көрсетілетін әр қызметтің сапасына және баға мен сапаның ара қатынасының үйлесімдігіне байланысты болады. Осы тұрғыдан біздің қазақстандық мүмкіндіктерге қарап көрейікші, онда тиісті талаптарға сай емес сапасыз жолдарды, интернеттің әлі де жоғары тарифтерін және көптеген осы сияқты кемшіліктерді көреміз. Сонымен қатар, қонақтарды күту үшін арнайы жабдықталған үйлердің қызметін құқықтық реттеу әлі де жолға қойылмаған. Оларға кейде ірі қонақ үйлерге арналған талаптар қойылып жатады. Кейде экотуризм бизнесіне машықтанған жергілікті тұрғындар өздерінің шағын бизнесін заңды тіркеудің және маркетингтің маңызын түсінбей жатады.

**2-тапсырма «Түртіп алу» әдісі** арқылы постер қорғайды.( төл сөздің тыныс белгілеріне мән бер). **Бейнероликтен көргендерін «Түртіп алу» әдісімен** әр топ тірек сөздерді қолдана отырып, өз өңіріндегі туризм жағдайын графиктеп жазады.

1. ОҚО тобы: мәдени, Жамбыл облысы, фестиваль, кең байтақ, туристік өнім

2. ШҚО тобы: экологиялық, орталық, туристік өнім, саяхат, кластер, демалыс

3. БҚО тобы: Жағажай, мәдениет, нарық, саяхат түр, төрт аймақ, табиғат сыйы.

4. Астана-Алматы тобы: Елорда, даланың алуан түрлілігі, көшпенділер мәдениеті, брэнд, Бурабай,

-Тірек сөздерді пайдалана алды. –

Берілген ақпаратпен байланыстырды –

Туризм жағдайын графиктеп жазды.

-Төл сөздің тыныс белгілеріне мән берді.

**3-тапсырма: Жұптық жұмыс мәтіндегі** ақпараттарды қолдана отырып, диаграмма, кесте арқылы деректерді анықтап жаз. «Диаграмма құру» әдісі арқылы әр жұп берілген бейнероликтен алған деректерді топтастырып, дара диаграмма құрындар.

ҚБ: Оқушылар бір-бірін бағалайды.

**4-тапсырма: «Мәтін құру» әдісі.** Жеке жұмыс Ұсынылған ақпараттан астарлы ойды анықтай отырып, графиктік мәтіндегі деректерді анықтап жаз, мәтін құрылымын сақта. Берілген тақырып бойынша әр топтағы бала мәтін құрастыру арқылы жеке жұмыс (төл сөздерді пайдалана отырып) жүргізеді.

1.-«Жаз мезгіліндегі экскурсия»

2.- «Туристік экскурсия»

3.- «Жағажай туризмі»

4- «Демалыс орындары»

ҚБ: «Қол шапалақ»

1.Неліктен Қазақстанды туризмді дамытуда бес кластерді қарастырды?

2. Қалай ойлайсың туризмді дамытуды қанша түрге бөліп қарастыруға болады? 3.

Туризмді дамытуда өз демалысыңызды Қазақстанда өткізу үшін қанша қаражат қажет деп ойлайсың? Диаграмма жасандар.

## **ТАҚЫРЫП 35**

### **ЮНЕСКО-НЫҢ ӘЛЕМДІК НЫСАНДАРЫ**

**Бағалау критерийлері:** 1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды; 2) Мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолданады; 3)Әдеби тіл нормаларын сақтайды

ЮНЕСКО Әлемдік мұра тізімінде Қазақстанның 3 нысаны бар (2012 жылғы мәлімет бойынша). Екі нысан тізімге мәдени талаптар бойынша енгізілсе, біреуі табиғи талаптар бойынша іліккен. Бұдан басқа, 2012 жылғы жағдайына сәйкес Қазақстан территориясындағы 12 нысан Әлемдік мұра тізіміне үміткер ретінде тіркелген.[1] Қазақстан Республикасы әлемдік мәдени және табиғи мұраларды қорғау жөніндегі Конвенцияны 1994 жылдың 29 сәуірінде ратификациялаған.[2]. Қазақстан территориясындағы орналасқан алғашқы нысан тізімге 2003 жылы ЮНЕСКОның Әлемдік мұра Комитетінің 27-ші сессиясында қабылданған.

**1. ЮНЕСКО-ның Әлемді мұра нысандары тізіміне дүниежүзіне әйгілі қанда нысандар кіреді?**

**2. Осы тізімде Қазақстанның нысандары бар ма ?**

**1-тапсырма** Топтарға бөлініп, мәтіндердегі ақпаратпен танысыңдар. Аталған нысандардың Қазақстан туризміне алатын орнын көрсетіңдер.

Туристік нысан	Қазақстан туризінде алатын орны

### Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



**Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауидің кесенесі** - Орта Азия мен Қазақстандағы теңдесіз тарихи жәдігер. Бұл ғажайып сәулет өнерінің туындысы өз бойына ертеден келе жатқан жергілікті және Шығыс мұсылман құрылыс тәжірибесін жинақтаған бірегей ғимарат. Бұл ғажайып ғимарат Әулиелердің Сұлтаны Құл Қожа Ахмет Ясауиге зор құрмет ретінде, оған деген халықтың шексіз сүйіспеншілігіне орай, Әмір Темірдің бұйрығымен 1397 жылы салына бастаған. Қ.А. Ясауи сәулет ғимараты айқын, дәл әрі үйлесімді жоспармен салынған. Деректерде Әмір Темір кесененің салынуына бұйрық беріп, әрі жобасын жасауға да тікелей қатысқан. Қожа Ахмет Ясауи сәулет ғимараты - аса үлкен порталды-күмбезді құрылыс. Оның ені - 46,5м, ұзындығы - 65м. Ғимараттың орасан зор порталы (ені - 50 метрге жуық, порталдық аркасы - 18,2 м және биіктігі - 37,5м) және бірнеше күмбезі бар. Оның орталық бөлмесінің төңірегінде түрлі мақсатқа арналған 35 бөлме салынған. Қ.А. Ясауи кесенесі жамағатхана, қабірхана, мешіт, кітапхана, үлкен ақсарай, кіші ақсарай, асхана, құдықхана және бірнеше құжыра бөлмелерден тұратын, діни-ғұрыптық, діни-ағартушылық, тұрмыс-салттық қызмет түрлерін атқаруға арналған аса



күрделі, аса зор кешенді құрылыс болуымен ерекшеленеді.



### Наурызым мемлекеттік қорығы



Наурызым мемлекеттік қорығы Еуразияның ең көне қорықтарының бірі. Қорық Қостанай облысындағы Наурызым және Семиозер ауданының территориясында 1934 жылы құрылған. Әуелде бұл қорық Қазақстанның жазық даласының ең оңтүстігіндегі Наурызым қарағайлы орманын сақтап қалу мақсатымен құрылған еді. Қазіргі ең басты мақсаты Солтүстік Қазақстан даласының сирек кездесетін, өзгеше табиғи кешендерді, өсімдіктер және жануарлар әлемін сақтап қалу болып табылады. Қорықтың жалпы көлемі 320 мың гектар еді. Міне, осы қорық болып аталған қырық жылдан астам уақыттың ішінде Наурызым көлдері, ормандары талай өзгерістерді бастан кешірді. 1951 жылы ол жабылып, оның базасында орман шаруашылығы құрылды. 1960 жылы қайтадан қорыққа айналды. 1961 жылы өзгеріп, орман-аңшылық шаруашылығы деп аталынды. 1966 жылдың 18 қазан айынан бастап ол қайтадан Наурызым мемлекеттік қорығы ретінде жұмыс істей бастады.

### Наурызым қорығы





**Үлкен Қорғалжын қорығы**



**Қорғалжын қорығы Астана қаласының** оңтүстік-батысына қарай 130 шақырым жерде орналасқан. Қорықтың басты мақсаты – табиғи комплексті қорғау және табиғатты аялау ниеттерін халыққа жеткізу. Қорық Қорғалжын шұңқырында орналасқан. Оның ауданы 259,9 мың гектарды құрайды, оның 198 мыңы акватории. Жалпы айтқанда қорық аумағы бұл екі үлкен көл: Теңіз және Қорғалжын. Теңіз көлінің ұзындығы 85 км, ені 35 км. Судың минералдығы 5-6 рет Әлем теңізінен артық. 2000 жылдан бастап «Тірі көлдер» ұйымына кірді. Жазда көл бетінде аққу, қаздар мен үйректер қалқып жүреді. Қорғалжын қорығында мекендейтін және Қызыл Кітапқа енгізілген құстардың 32 түрі бар. Жан-жануарлардың түрі 40-тең. Мұнда жабайы қабандар, ақ бөкендер, борсықтар бар. Қорғалжын қорығы Әлемдегі ерекше бақылауды талап ететін Рамсар Конвенциясының «А» тобына кіреді. Жақын арада бұл қорықты Юнеско тізіміне кіргізуге жоспарланып отыр. Қорғалжын қорығына санаулы қалған құстар тізімі кіреді. Олар Қызыл Кітапқа енгізілген. Олардың ең әдемісі – қызғылт фламинго. Латын тілінен аударғанда «Flame» сөзі жалын деген мағынаны білдіреді. Бұл ірі әрі сәнді құс. Фламингоны бақылау өте қызықты нәрсе.

**3-тапсырма** ЮНЕСКО-НЫҢ Әлемдік мұра тізіміне Қазақстанның 3 нысанынан Ясауи кесенесі, Тамғалы петроглифтері, Солтүстік Қазақстан көлдері мен жазықтары басқа тағы қандай нысандарды қосар едіңдер? Осы тақырыпта ойларыңды ортаға салып, эссе жазыңыздар

**4-тапсырма** Өздерің жазған эсседегі тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер

Мысалдар	Тыныс белгілері	Қойылу себебі

## ТАҚЫРЫП 36

### ТЕСТ ЖҰМЫСЫ

**Бағалау критерийлері:** 1) Мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі (пікірталас) мақсатты аудиторияға арналған терминдер мен ұғымдарды, тілдік оралымдарды, мәтін үзінділерін талдайды; 2) Мәтін және мәтін үзінділері деңгейінде тыныс белгілерін қолданады; 3)Әдеби тіл нормаларын сақтайды



#### 1 нұсқа

#### 1. Сұрақ

**Вопрос:** Қазақ халқының ана тілі

- A. Орыс тілі
- B. Қазақ тілі
- C. Өзбек тілі
- D. Ағылшын тілі
- E. Татар тілі

#### 2. Сұрақ

**Вопрос:** Ауыз әдебиеті материалдарын жинау, бастыру жұмыстары қай ғасырдан басталады?

- A. XIX ғ
- B. XVIII ғ
- C. V-VI ғғ
- D. XX ғ
- E. XXI ғ

#### 3. Сұрақ

**Вопрос:** «Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, икемді тілдің бірі. Бұл пікіріміздің растығын кезінде кемеңгер Абай дәлелдеген болатын» Қанатты сөздің авторы кім?

- A. С.Аманжолов
- B. Т.Қордабаев
- C. Ы.Алтынсарин
- D. В.Радлов
- E. Ш.Уәлиханов

#### 4. Сұрақ

**Вопрос:** Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелері – қай норманың анықтамасы?

- A. Лексикалық норма
- B. Орфоэпиялық норма
- C. Орфографиялық норма
- D. Грамматикалық норма
- E. Әдеби норма

## 5. Сұрақ

**Вопрос:** Сөздік құрамдағы қолданылу жиілігіне қарай жаппай қолданылатын сөздер қалай аталады?

- A. Пассив сөздер
- B. Актив сөздер
- C. Бейтарап сөздер
- D. Оқшау сөздер
- E. Көмекші сөздер

## 6. Сұрақ

**Вопрос:** Сөздік қорға жаңадан енген сөздер қалай аталады?

- A. Архаизмдер
- B. Историзмдер
- C. Неологизмдер
- D. Фразеологизмдер
- E. Омофондар

## 7. Сұрақ

**Вопрос:** Әдеби тілде жазуда бірізділікті қалыптастыратын норма қалай аталады?

- A. Лексикалық норма
- B. Орфоэпиялық норма
- C. Орфографиялық норма
- D. Грамматикалық норма
- E. Әдеби норма

## 8. Сұрақ

**Вопрос:** Үндестік заңы дегенміз не?

- A. Сөздегі немесе сөз тіркесіндегі соңғы буынның көтеріңкі айтылуы
- B. Сөз ішіндегі немесе сөз арасындағы дауыссыз дыбыстардың бір-біріне ықпал етуі.
- C. Сөздердің бірыңғай біркелкі әуезбен айтылуы.
- D. Өкпеден шыққан ауаның кедергіге ұшырап шығуы.
- E. Тіліміздегі сөздердің дұрыс жазылу ережесі.

## 9. Сұрақ

**Вопрос:** Тіл дыбыстарын зерттейтін тіл білімінің саласы қайсы?

- A. Синтаксис
- B. Морфология
- C. Фонетика
- D. Лексика
- E. Фразеология

## 10. Сұрақ

**Вопрос:** Тұрақты сөз тіркесін табыңыздар.

- A. Көркем ой
- B. Көзі ашық
- C. Қара көк
- D. Көп түкірсе көл
- E. Кең жайлау

## 11. Сұрақ

**Вопрос:** Қазақ тіліндегі сөздер буын үндестігіне сәйкес қалай жіктеледі?

- A. Түбір, қосымшалы, қосымшасыз
- B. Жуан, жіңішке, аралас
- C. Дауысты, дауыссыз, үнді
- D. Түбір, жуан, ұяң
- E. Дауысты, қосымшалы, үнді

### 12. Сұрақ

**Вопрос:** «Өнердің ең асылы - сөз» Даналық сөздің авторы кім?

- A. Гераклит
- B. Абай
- C. Ы.Алтынсарин
- D. И.Сапарбаев
- E. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

### 13. Сұрақ

**Вопрос:** Вербалды қатынас дегеніміз не?

- A. Тілдік қатынас
- B. Тілсіз қатынас
- C. Жалпы қарым-қатынас
- D. Тыңдай білу
- E. Тыңдаушының назарын өзіне қарату.

### 14. Сұрақ

**Вопрос:** Сөйлеу актісінде сөз ішіндегі немесе сөз аралығындағы дыбыстардың бір-бірімен үндесіп, үйлесімді айтылуы дегеніміз не?

- A. Сөз сазы
- B. Реңк
- C. Мәнер
- D. Үн
- E. Тон

### 15. Сұрақ

**Вопрос:** Сөздердің біркелкі дауысты дыбыстан басталуы қалай аталады?

- A. Кейіптеу
- B. Ирония
- C. Сатира
- D. Ассонанс
- E. Аллитерация

### 16. Сұрақ

**Вопрос:** Тыңдау кезінде күнделікті кездесіп қалатын қателіктерді анықтаңыз.

- A. Сөйлеушінің сөзін білу.
- B. Әңгіме барысында тыңдаушының асығыс қорытынды жасауы.
- C. Сөйлеушінің айтқандарымен келіспеген жағдайда тыңдаушы өз қарсылығын білдіруде аысығыстық жасау.
- D. Шынайы көмек бермейтін адамдардың қажетсіз кеңестерін қолдану.
- E. Жоғарыдағы жауаптардың бәрі дұрыс.

### 17. Сұрақ

**Вопрос:** Сөйлеушінің сөзін бөлмей мұқият тыңдау, бұл...?

- A. Әбестік

- В. Әдептіліктің белгісі
- С. Әдепсіздік
- Д. Қайырымдылық
- Е. Менсінбеушілік

### 18. Сұрақ

**Вопрос:** Дауыстылар жақтың ашылу дәрежесіне қарай қалай бөлінеді?

- А. еріндік, езулік
- В. дауыссыз дыбыстар
- С. жартылай ашық
- Д. ашық, қысаң, жартылай ашық.
- Е. еріндік.

### 19. Сұрақ

**Вопрос:** Этнолингвистика дегеніміз не?

- А. Сөздердің қалыптасқан сөз орамдарының шығу тегін тарихын, оның мәні мен мағынасын, қазіргі қолдану аясын зерттейтін тіл білімінің саласы.
- В. Сөздер мен олардың мағыналарын зерттейтін сала.
- С. Тілдің дыбыстық жағын зерттейтін сала. Сөз құрамы мен сөз таптарын зерттейтін сала.
- Д. Қоғамдағы тарихи
- Е. оқиғаларға, қоғамдық өзгерістерге байланысты тілімізге енген жаңа сөздер.

### 20. Сұрақ

**Вопрос:** Этнолингвистикалық құбылыс туралы еңбек жазған, деректер жинаған қазақтың қоғам қайраткері.

- А. Абай
- В. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы
- С. Ы.Алтынсарин
- Д. Қадыр Мырза Әли
- Е. Ф.Оңғарсынова

### 21. Сұрақ

**Вопрос:** Қай сөз жалпылама қолданылатын сөзге жатады?

- А. Бұрыш
- В. Квадрат
- С. Теңдеу
- Д. Су
- Е. Лексика

### 22. Сұрақ

**Вопрос:** Неологизмді табындар

- А. Әлем
- В. Шапан
- С. Кәжекей
- Д. Аспан
- Е. Ұшақ

### 23. Сұрақ

**Вопрос:** Белгілі бір ғылым саласына тән сөздер қалай аталады?

- А. Көнерген сөздар
- В. Қос сөздер

- C. Терминдер
- D. Неологизмдер
- E. Кәсіби сөздер

#### 24. Сұрақ

**Вопрос:** Тамақтанар алдында не деп айту керек?

- A. Сапарыңыз сәтті болсын!
- B. Деніңіз сау болсын!
- C. Асыңыз дәмді болсын!
- D. Қуаныш құтты болсын!
- E. Сауығып кетіңіз!

#### 25. Сұрақ

**Вопрос:** Кәсіби сөздерді табыңыз.

- A. Иінағаш, суағаш
- B. Жүген, үзеңгі, щылбыр
- C. Қахажалпа, қорықтық
- D. Сөмке, кереует
- E. Түбек, материк

#### 26. Сұрақ

**Вопрос:** Өз еңбектерінде әдеп нормаларының ережелеріне айрықша көңіл бөлген қытайдың ұлы ойшылы.

- A. Аристотель.
- B. Конфуций.
- C. Квинтилиан.
- D. Төле би.
- E. Сократ.

#### 27. Сұрақ

**Вопрос:** Мінез-құлық ережелері» атты әдепке байланысты ережелер жинағы қай елде жазылған?

- A. Греция.
- B. Мысыр.
- C. Италия.
- D. Қазақстан.
- E. Қытай.

#### 28. Сұрақ

**Вопрос:** Конфуцийдің ойынша әдеп...?

- A. Адамдар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қалыптастырады.
- B. Өмірдің әртүрлі жағдайларында адамның өзін дұрыс ұстай білуін жүйеге салып отырады.
- C. Тұйықтан шығуға бағыт-бағдар береді.
- D. Отбасында өзін дұрыс ұстай білуіне жөн сілтейді.
- E. Жоғарыда айтылған пікірлердің бәрі дұрыс.

#### 29. Сұрақ

**Вопрос:** Әдеп терминін ең алғаш қолданған Аристотельдің өмір сүрген жылдары.

- A. Б.з.д 384-322 жж.
- B. Б.з.д 551-449 жж.
- C. Б.з.д 389-333 жж.



D. Б.ж.д 553-475 жж.

E. Б.з.д 349-220 жж.

### 30. Сұрақ

**Вопрос:** Қанатты сөздің авторын табыңыз. «Адам бойындағы ең тамаша нәрсе – білім мен ақыл»

A. Ж.Баласағұн.

B. Құтып.

C. Аристотель.

D. Сократ.

E. Конфуций



## 2 Нұсқа

### 1. Сұрақ

**Вопрос:** Ана тілін жетік білу, ана тілінде таза сөйлеу ненің белгісі?

A. Мәдениеттіліктің

B. Әдептіліктің

C. Іскерліктің

D. Даналықтың

E. Надандықтың

### 2. Сұрақ

**Вопрос:** XIX ғасырдан басталатын ауыз әдебиеті материалдарын жинау жұмыстарын жүргізген қазақтан шыққан алғашқы зерттеуші-ғалым?

A. Ы.Алтынсарин

B. Абай

C. М.Әуезов

D. Ж.Аймауытов

E. Ш.Уәлиханов

### 3. Сұрақ

**Вопрос:** «Тіл байлығы, тіл тазалығы – ұлт қасиетінің, салт-санасының негізгі өзегі, нағыз белгісі» Кімнің сөзі?

A. Абай

B. Б.Момышұлы

C. Ш.Құдайбердиев

D. М.Әуезов

E. Ғ.Мүсірепов

### 4. Сұрақ

**Вопрос:** Сөздік құрамдағы сөздердің қолданылу жиілігіне қарай сирек қолданылатын сөздер қалай аталады?

A. Актив сөздер.

B. Пассив сөздер.

- C. Бейтарап сөздер.
- D. Фразеологизмдер.
- E. Полисемия

### 5. Сұрақ

**Вопрос:** Тілдегі сөздердің дұрыс жазылу ережесінің жиынтығы қалай аталады?

- A. Орфография
- B. Орфоэпия
- C. Лексика
- D. Фонетика
- E. Ықпал

### 6. Сұрақ

**Вопрос:** Сөйлем мүшелерінің орын тәртібін сақтамауды, қосымшаларды рет імен қолданбаудан, сөз тіркестерін дұрыс қолдана білмеуден қандай норма бұзылады?

- A. Грамматикалық норма
- B. Лексикалық норма
- C. Фонетикалық норма
- D. Әдеби норма
- E. Орфоэпиялық норма

### 7. Сұрақ

**Вопрос:** Дұрыс жазылған сөзді анықтаңдар.

- A. Кең-маңдай
- B. Кеңмаңдай
- C. Кен маңдай
- D. Кең маңлай
- E. Кең маңдай

### 8. Сұрақ

**Вопрос:** Орфоэпия нормасына сай жазылған сөзді табыңыз.

- A. Жарыайлану
- B. Жарыйды
- C. Жүктөу
- D. Мәңгү-бақый
- E. Қайбір

### 9. Сұрақ

**Вопрос:** Қармы-қатынас құралдары: тіл- дыбыстау құралдары және тілге көмекші құралдары болып екіге бөлінеді. Тіл – дыбыстау құралдарына нелер жатады?

- A. Ымдау, ишара
- B. Көзқарас
- C. Қол алысу
- D. Дене қимылдары
- E. Сөз, сөйлеу

### 10. Сұрақ

**Вопрос:** «Қазақтардың тілі жатық та, шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақ пен жауап беруге келгенде, таңғаларлықтай оралымды сөйлейді» деген орыс ғалымы.

- A. В.В.Радлов.
- B. М.Горький
- C. А.Диваев.

- D. А.С.Пушкин.
- E. С.Аманжолов.

### 11. Сұрақ

**Вопрос:** Мына сөздерден екпін түспейтін буынды көрсетіңіз.

- A. Барасың ба?
- B. Арланба
- C. Қойма
- D. Аула
- E. Жетекшілік

### 12. Сұрақ

**Вопрос:** «Жайдары жүзің жабылмай,

Жайдақтап қашып сабылмай,

Жан біткенге жалынбай,

Жақсы өліпсің, япырмай!» (Абай) Көркемдегіш құралдың қайсысы қолданылған?

- A. Ассонанс
- B. Аллитерация
- C. Сатира
- D. Литота
- E. Гипербола

### 13. Сұрақ

**Вопрос:** Сөйлеуші сөзін толық түсіну үшін қандай сұрақтар берген орынды?

- A. Не үшін? Неліктен?
- B. Қайсысы? Кім?
- C. «Иә, иә», «Солай ма?», «Айта беріңіз»
- D. Не себепті? Қашан?
- E. Не мақсатпен?

### 14. Сұрақ

**Вопрос:** Ерін мен езудің қатысына қарай қалай бөлінеді?

- A. Еріндік, езулік
- B. Еріндік, қысаң
- C. Езулік, қысаң
- D. Жуан, жіңішке
- E. Ашық, қысаң

### 15. Сұрақ

**Вопрос:** Шаруашылық, тұрмыстық, әдет-құрыпқа байланысты этнографизмдер:

- A. Қырқынан шығару
- B. Тасаттық беру
- C. Дәметіп ауру
- D. Есік көрсету
- E. Саба пісу

### 16. Сұрақ

**Вопрос:** Қайсысы мәтел?

- A. Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі.

- В. Талапты ерге нұр жауар.
- С. Ер айтпас, айтса қайтпас.
- Д. Таз ашуын тырнадан алады.
- Е. Нар тәуекел - ер ісі.

### 17. Сұрақ

**Вопрос:** Неологизмді табыңыз.

- А. Делдал
- В. Көзі ашық
- С. Мереке
- Д. Кебеже
- Е. Кәсе

### 18. Сұрақ

**Вопрос:** Термин дегеніміз не?

- А. Белгілі бір ғылым саласына тән сөздер.
- В. Жергілікті тұрғындардың сөйлеу тіліндегі сөздер.
- С. Қолданыстан шығып қалған сөздер.
- Д. Қарапайым сөздер.
- Е. Белгілі бір шаруашылық саласына байланысты сөздер тобы.

### 19. Сұрақ

**Вопрос:** «Манифест» терминінің қазақша баламасы.

- А. Келісім, шарт
- В. Көшірме
- С. Жарғы
- Д. Түсініктеме
- Е. Сауалнама

### 20. Сұрақ

**Вопрос:** «Өркім» тұлғасына қандай сөз?

- А. Негізгі
- В. Туынды
- С. Қос сөз
- Д. Дара
- Е. Күрделі

### 21. Сұрақ

**Вопрос:** Ауызша сөйлеу тілдің де, жазба тілдің де дамуына ортақ негізді көрсетіңіздер.

- А. Ғылыми терминдер
- В. Жалпыхалықтық тіл.
- С. Диалектілер
- Д. Афоризмдер
- Е. Ұлтаралық тіл

### 22. Сұрақ

**Вопрос:** Тілдің материалдық жағына не жатады?

- А. Тілдің сөз байлығы.
- В. Басқа тілден енген сөздер.
- С. Этнолингвистикалық атаулар.
- Д. Архаизмдер.

Е. Тіл дыбыстарының, сөздердің, грамматикалық формалардың жиынтығы.

### 23. Сұрақ

**Вопрос:** Географиялық терминді табыңыз.

- А. Антоним
- В. Бастауыш
- С. Түбек
- Д. Амон
- Е. Механика

### 24. Сұрақ

**Вопрос:** Сәлемдескенде айтылатын сөзді табыңыз.

- А. Сау болыңыз!
- В. Амансыз ба?
- С. Қош болыңыз!
- Д. Көріскенше!
- Е. Қош келдіңіз!

### 25. Сұрақ

**Вопрос:** Диалект сөзді табыңыз.

- А. Еңбек, арман
- В. Әйдік, пәс
- С. Барлық, күллі
- Д. Гүрс-гүрс
- Е. Сәмке, керуует

### 26. Сұрақ

**Вопрос:** Іскерлік ортада сөйлеу мәдениетіне байланысты фонетикалық дағдылар тек сөйлеу үшін емес тағы не үшін қажет?

- А. Сөздердің грамматикалық нормасын сақтау үшін.
- В. Басқаның сөзін тыңдап түсіну үшін.
- С. Мазмұнын жазу үшін.
- Д. Сөйлеушінің пікірін жақтау үшін.
- Е. Жылдам сөйлеу үшін.

### 27. Сұрақ

**Вопрос:** Аудармашы арқылы сөйлескенде қандай қағидаларды орындауға болмайды?

- А. Терминнің аударылуын талап етпейді.
- В. Екі сөйлемнен артық айтпауға дағдыланады.
- С. Ақырын және анық сөйлеуге назар аударылады.
- Д. Аудармашының пікірді қалай жеткізіп жатқанына мұқият көз салып отырады.
- Е. Мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестерді қолданады.

### 28. Сұрақ

**Вопрос:** «Зор денелі» сөзінің құрамы мен тұлғасы.  
есім

- А. Күрделі, туынды, қатыстық сын.
- В. Күрделі сын есім.
- С. Туынды сын есім.
- Д. Қатыстық сын есім.
- Е. Тіркескен сын есім.

## 29. Сұрақ

**Вопрос:** Мәнді сөйлеудің негізгі сапасын көрсетіңдер.

- A. Өз сөзіңді мойындата білу.
- B. Тыңдаушының ойынан шығу.
- C. Тіл тазалығын сақтау.
- D. Оқшау сөздерді қолданбау.
- E. Асығыс сөйлеу, сөздің соңын жұтып қою.

## 30. Сұрақ

**Вопрос:** Іскерлік әңгіме барысында сұрақтың қанша түрі қолданылады?

- A. 3
- B. 4
- C. 6
- D. 7
- E. 10



## 3 нұсқа

### 1. Сұрақ

**Вопрос:** Адамның жылдар бойы қалыптасқан өзіндік жақсы мінез-құлқы мен қасиеттерінің қоғамның басқа мүшелерімен қарым-қатынасында ккірініс табуы...?

- A. Әдеп.
- B. Келіссөз.
- C. Келісім-шарт.
- D. Тәрбие.
- E. Іскерлік хат.

### 2. Сұрақ

**Вопрос:** Әдеп терминін ең алғаш қолданған кім?

- A. Сократ.
- B. Әбу Насыр Әл-Фараби.
- C. Платон.
- D. Аристотель.
- E. Құтып.

### 3. Сұрақ

**Вопрос:** Әдепке байланысты ережелер жинағы қай жылдары жарық көрді?

- A. Б.з.д. 384-322 жж.
- B. Б.з.д. 551-479 жж.
- C. Б.з.д. 2350 жж
- D. Б.з.д. 2000 жж.

Е. Б.з.д. 2550 жж.

#### 4. Сұрақ

**Вопрос:** «Әдеп адамдар арасындағы үйлесімді қарым-қатынасын қлыптастырады және өмірдің әртүрлі жағдайларында адамның өзін дұрыс ұстай білуін жүйеге салып отырады» деген ойдың иесі кім?

- A. Сократ.
- B. Аристотель.
- C. Конфуций.
- D. Платон.
- E. Құтып.

#### 5. Сұрақ

**Вопрос:** Қанатты сөздің авторын табыңыз. «Досыңның дұшпан болғанынан сақтан»

- A. Ж.Баласағұн.
- B. Аристотель.
- C. Әл-Фараби.
- D. Квинтилиан.
- E. Құтып.

#### 6. Сұрақ

**Вопрос:** Искерлік ортада сөйлеу мәдениетіне орфоэпиялық дағдыларды қалыптастыруға қойылатын талаптар...?

- A. Сөздің соңын жұтып қою.
- B. Сөздегі дыбыстарды анық айтпау.
- C. Сөздердің, сөз тіркестерінің дауыс екпінін дұрыс қоя білуге дағдылану.
- D. Пауза жасауға дағдыланбау.
- E. Асығыс сөйлеу.

#### 7. Сұрақ

**Вопрос:** Тіл тазалығын және сөздерді дұрыс айту үшін қандай нормалар қажет?

- A. Әдеби нормалар.
- B. Фонетикалық норма.
- C. Грамматикалық норма.
- D. Орфоэпиялық норма.
- E. Орфографиялық норма.

#### 8. Сұрақ

**Вопрос:** «Өнерлі» сөзінің құрамы мен тұлғасы.

- A. Дара, туынды, қатыстық сын есім.
- B. Дара сын есім.
- C. Туынды сын есім.
- D. Қатыстық сын есім.
- E. Дара, қатыстық сын есім.

#### 9. Сұрақ

**Вопрос:** Сөйлеу сапасына ықпал ететін факторды атаңдар.

- A. Сөз байлығының молдығы.
- B. Дауыс ырғағын сақтау.
- C. Тыңдаушыны жалықтырмау.
- D. Сөз мағынасын түсіне алмау.
- E. Жағымсыз дауыс.



## 10. Сұрақ

**Вопрос:** Іскерлік әңгіме барысында сұрақтың қанша түрі қолданылады?

- A. 7
- B. 3
- C. 10
- D. 4
- E. 8

## 11. Сұрақ

**Вопрос:** Кіріспе сұрақ дегеніміз не?

- A. Әңгіме басталар алдында әріптесіңнің талқыланатын мәселеге қызығушылығын арттыру мақсатында қолданылады.
- B. Әріптесті сөзге тарту үшін қойылады.
- C. Әріптесіңе жауаптың бірін таңдауға мүмкіндік береді.
- D. Өзара түсіністікке қол жеткізу үшін қойылады.
- E. Іскерлік әңгімені аяқтау мақсатында қойылады.

## 12. Сұрақ

**Вопрос:** Өзара түсіністікке қол жеткізу үшін қойылатын сұрақ түрі.

- A. Кіріспе сұрақ.
- B. Балама сұрақ.
- C. Мақұлдау сұрағы.
- D. Қайрау сұрағы.
- E. Шешуші сұрақ.

## 13. Сұрақ

**Вопрос:** Іскерлік қатынастағы жазудың маңыздылығын арттыратын ойды жеткізуге қолданылатын әдістер.

- A. Мақала жазу.
- B. Төңкерілген пирамида.
- C. Кәдімгі пирамида және төңкерілген пирамида.
- D. Сұраққа жауап ал әдісі.
- E. Аннотация және эссе жазу әдісі.

## 14. Сұрақ

**Вопрос:** Іскерлік қарым-қатынаста лексиканың қай саласы маңызды рөлге ие?

- A. Диалектілер.
- B. Терминдер.
- C. Тұрақты тіркестер.
- D. Жаргондер.
- E. Көнерген сөздер.

## 15. Сұрақ

**Вопрос:** Адам бойындағы қандай қасиет іскерлік қарым-қатынастың тиімділігін төмендетеді?

- A. Ұялшақтық.
- B. Алғырлық.
- C. Шешендік.
- D. Қайшы пікірге келу.
- E. Әріптестерін сынау.

## 16. Сұрақ

**Вопрос:** Искерлік қарым-қатынас әдебіне тән белгі қайсысы?

- A. Ауызекі сөйлеу стиліне тән сөз орамдарын жиі қолдану.
- B. Астарлап сөйлеу.
- C. Тақырыптан ауытқымай жігерлі сөйлеу.
- D. Мысқылмен сөйлеу.
- E. Мақалдарды жиі қолдану.

## 17. Сұрақ

**Вопрос:** Искерлік әңгімеге дайындықтың бірінші қадамы неден басталады?

- A. Мекеменің жоспарымен танысудан.
- B. Достарыңмен кездесуден.
- C. Толық мағлұмат беруден.
- D. Кімге баратыныңды зерттеуден.
- E. Сұрақты дұрыс қоя білуден.

## 18. Сұрақ

**Вопрос:** Анкета дегеніміз не?

- A. Белгілі бір қызмет орнына жұмысқа тұрар алдында толтыратын жұмысқа тұрушы жайлы мәлімет беретін ең қажетті құжат.
- B. Жұмысқа тұрушы жөнінде қысқа әрі нақты мәлімет беретін құжат.
- C. Жұмысқа тұрушының өмірі туралы мәлімет беретін құжат.
- D. Жұмысқа тұрушының мінез-құлқын көрсететін құжат.
- E. Жұмысқа тұрушының құжаттарына уақытша иелік ететін құжат түрі.

## 19. Сұрақ

**Вопрос:** Искерлік қарым-қатынасқа кері ықпал ететін факторларды белгілеңдер?

- A. Құжаттар алмасу.
- B. Мәнсіз көпсөзділік.
- C. Ұлттық дәстүрді сақтау.
- D. Сөйлеу этикасын меңгеру.
- E. Сөзгәласты дамыту.

## 20. Сұрақ

**Вопрос:** Шығармада, мәтінде айтылатын басты ойлардың бір-екі сөйлемнен берілген қысқаша желісі, ойдың арқауы қалай аталады?

- A. Рецензия.
- B. Конспект.
- C. Тезис.
- D. Қорытынды.
- E. Кіріспе.

## 21. Сұрақ

**Вопрос:** «Термин» сөзі қай тілден енген сөз?

- A. Грек.
- B. Латын.
- C. Араб.
- D. Италия.
- E. Франция.

## 22. Сұрақ

**Вопрос:** Жеке адам өміріне қатысты іс-қағаздарына жататын құжаттар

- A. Өмірбаян, өтініш, арыз, сенімхат.
- B. Жеделхат, хат, хабарландыру.
- C. Мәжілісхат, қолхат, сенімхат.
- D. Бұйрық, келісім-шарт.
- E. Кепілдеме, түйіндеме, анықтама.

## 23. Сұрақ

**Вопрос:** Қанатты сөздің авторы кім? *«Қай істің болсын өнуіне үші түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тәртіп керек»*

- A. Сенека.
- B. Б.Вашингтон.
- C. М.Әуезов.
- D. Т.Джефферсон.
- E. В.О.Ключевский.

## 24. Сұрақ

**Вопрос:** «Сәлем беру дәстүрін жақсы меңгеру – алдағы істің табысты болуының кепілі» деп түсінетін қай ұлт?

- A. Қазақ.
- B. Орыс.
- C. Грек.
- D. Неміс.
- E. Араб.

## 25. Сұрақ

**Вопрос:** *«Өзің құрметтемеген нәрсеге өзгеден қайтіп құрмет күтесің» (Абай)* Сөйлемде қанша сөз тіркесі бар?

- A. 4
- B. 5
- C. 3
- D. 2
- E. 6

## 26. Сұрақ

**Вопрос:** «Фразеология, фонетика, идиома, стилистика, жұрнақ» сөздері ғылым саласына жатады?

- A. Лингвистика.
- B. Әдеби-өнер.
- C. Математика.
- D. Физика.
- E. География.

## 27. Сұрақ

**Вопрос:** Мекеме, ұйым жұмыстарына қатысты іс-қағаздарды белгілеңіздер.

- A. Өмірбаян, өтініш, түсініктеме.
- B. Қолхат, мәжілісхат, хат.
- C. Анықтама, кепілдеме.
- D. Жарнама, анықтама, келісім-шарт.
- E. Жеделхат, Қолхат, бұйрық.

### 28. Сұрақ

**Вопрос:** «Табысты адамның өмірде қолы жеткен жағдайымен емес, табысқа жетудегі жеңген кедергілерімен өлшеуіміз» Даналық ойдың авторы кім?

- A. Сенека.
- B. Т.Джефферсон.
- C. В.О.Ключевский.
- D. М.Әуезов.
- E. Б.Вашингтон.

### 29. Сұрақ

**Вопрос:** Іскерлік әңгіме кезінде ашықтықты, орынды әзілді ұнататын қай ұлт?

- A. Араб.
- B. Қазақ.
- C. Испан.
- D. Орыс.
- E. Грек.

### 30. Сұрақ

**Вопрос:** «Өзің құрметтемеген нәрсеге өзгеден қайтіп құрмет күтесің» (Абай) Сөйлем айтылу сазына, құрылысына қарай қайдай сөйлем?

- A. Хабарлы, жай.
- B. Сұраулы, жай.
- C. Лепті, құрмалас.
- D. Сұраулы, құрмалас.
- E. Хабарлы, құрмалас.

**Қазақ тілі пәні бойынша тесттердің жауаптары**

№	1-нұсқа	2-нұсқа	3-нұсқа
1.	B	A	A
2.	A	E	D
3.	A	B	C
4.	E	B	B
5.	B	A	E
6.	C	A	C
7.	C	E	A
8.	C	E	A
9.	C	E	A
10.	B	A	A
11.	B	A	A
12.	E	B	C
13.	A	C	C
14.	A	A	B
15.	D	E	A
16.	E	D	C
17.	B	A	D
18.	D	A	A
19.	A	C	B
20.	B	B	C
21.	D	B	A
22.	E	E	A
23.	C	C	C
24.	C	B	A
25.	B	B	A
26.	B	B	A
27.	B	E	D
28.	E	C	E
29.	A	C	C
30.	A	D	B